

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (61-шығарылым) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 102 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 наурызда № 20149 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (61-шығарылым) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (61-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 294-ө-м бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7883 тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы" жинағында 2012 жылғы 24 қазанда № 21 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

Б. Нурымбетов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (61-шығарылым)

1-тарау. Кіріспе

1. Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамалығы (61-шығарылым) (бұдан әрі – БТБА (61-шығарылым)):

ағаштан, капо-тамырдан және қабықтан көркем бұйым жасау өндірісі;

зергерлік-филигран өндірісі;

көркем бұйымдар жасау өндірісі (жалпы кәсіптері);

қырлау өндірісі;

металдан көркемөнер бұйымдарын өндіру;

миниатюралы кескінделген папье-машеден жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі;

мүсіндеу өндірісі;

сүйек және мүйізден жасалатын көркем бұйымдар жасау өндірісі;

тастан көркемөнер бұйымдарын өндіру;

тері және былғарыдан көркем бұйымдар жасау өндірісі;

халықтық қолөнер кәсіпшілігі бұйымдарын жасау өндірісі;

янтарьдан жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі бойынша жұмыстарды қамтиды.

2. БТБА (61-шығарылым) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген.

3. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар осы БТБА-да (61-шығарылым) көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде қолданылады.

2-тарау. Ағаштан, капо-тамырдан және қабықтан көркем бұйым жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Ағаш және ағаш қабығын кесуші, 2-разряд

4. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым сюжеттік-оюлық суреттерді ағаш қабығына қолмен кесу;

негізгі сызықтарды белгілеу, сурет және қарапайым композицияларға контур жасау.

5. Білуге тиіс:

ағаш қабығын көркемдеп кесу жолдары, қарапайым сурет контурларын жағу жолдары;

ағаш қабығының сапасы және түсі бойынша жарамдылығы;
жергілікті көркемөнер дәстүрлері.

6. Жұмыс үлгілері:

- 1) бурачоктар;
- 2) қораптар;
- 3) кузовкалар;
- 4) қобдишалар – кесу.

Параграф 2. Ағаш және ағаш қабығын кесуші, 3-разряд

7. Жұмыс сипаттамасы:

жергілікті қол өнер дәстүрін сипаттайтын орташа күрделіктегі сюжеттік-оюлық суреттерді кесу және оюлық композициялар жасау;

қарапайым суреттерді қолмен ағаш бойынша контурлық және көлемді түрде кесу;
түстерді аралау, грифельді кесу, булаккаларды жайластыру;
түстерді жөндеу.

8. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі суреттерді ағаш қабығына және қарапайым суреттерді ағашқа көркемдеп кесу жолдары;

көлемді тегіс рельефті кесу жолдары;

ою элементтері;

ағаш және ағаш қабығының қасиеттері мен жыныстары;

қолданылатын құрал-сайман.

9. Жұмыс үлгілері:

1) "Жаңғақ ұстаған тиін", "Ағаштағы тоқылдақ", "Шоқып тұрған тауықтар", "Жемсауыттың жанындағы құстар" - көркемдеп кесу;

2) түрлі формадағы қасықтар – кесу;

3) ағаш қабығынан солонкалар – көркемдеп кесу;

4) ашық түсті, ашық көгілдір, ашық сары раушан гүлдері – көркемдеп кесу және сырлау.

Параграф 3. Ағаш және ағаш қабығын кесуші, 4-разряд

10. Жұмыс сипаттамасы:

халық оюлары дәстүрінің элементтерін енгізе отырып күрделі сюжеттік-оюлық суреттерді қолмен ағаш қабығында кесу;

орташа күрделіктегі көлемді суреттерді ағашқа қолмен тереңдетіп ойып, бөренелі ойып кесу.

11. Білуге тиіс:

ағаш қабығы бойынша күрделі суреттерді және ағаш бойынша орташа күрделіктегі суреттерді көркемдеп кесу жолдары;

ағаш қабығына күрделі суреттердің контурларын салу жолдары;

ағаш қабығының көрінбейтін кемшіліктерін айқындау, түстерді жасауға арналған ағаш сұрыптары, суреттің мақсатына қарай түстерді кесу әдістері.

12. Жұмыс үлгілері:

кесу:

1) "Айға ұшу", "Биші аю" тәрізді скульптуралық бұйымдар;

2) тауықтар, көкектер, үкілер;

3) пианиноның беткі рамасы;

4) ағаш қабығынан жасалған туесоктар;

5) пико жиынтығынсыз түрік және вена суреттерінің түстері, қара көгілдір, қара сары, ашық түсті шөп.

Параграф 4. Ағаш және ағаш қабығын кесуші, 5-разряд

13. Жұмыс сипаттамасы:

адам, жануар, құс фигураларының бейнесін және түрлі сәулет мотивтерін енгізе отырып ерекше күрделі сюжеттік-оюлық композицияларды ағаш қабығында қолмен кесу;

күрделі суреттерді рельефте толық орындай отырып олардың дөңгелектелген және таңдамалы фонымен ағашта қолмен тереңдетіп, тегіс рельефті кесу;

элементтерін тондай отырып көлемді кесу;

фигураларды кесу, басылған суреті бар қалқан алу, түстерін кесу немесе аралау, фигураларды ескі түстерге қою немесе оларды жаңасымен ауыстыру.

14. Білуге тиіс:

ағаш қабығы бойынша ерекше күрделі суреттер мен ағаш бойынша күрделі суреттерді көркемдеп кесу жолдары;

үлттық оюларды салу негіздері;

тегіс рельефті және өтпелі кесіндіні орындау тәсілдері;

композициялық шешімдердің құрылуы;

инкрустация негіздері, ағаштан түрлі кесілген жоғары көркемдік бұйымдардың сапасына қойылатын талаптар.

15. Жұмыс үлгілері:

1) аптечкалар – ажурлы кесу;

- 2) "Арбада отырған аю", "Телефондағы аю", "Қолында бөшкесі бар аю", "Аю ағаш июде" тәрізді скульптуралық бұйымдар – көлемді көркемдеп ою;
- 3) кистяницалар – кудриндік кесу;
- 4) қуыршақтың жиһазы, пеналдар – рельефті кесу;
- 5) вена, украинның қара гүлдері, сымды пик жиынтығы бар түрік суреттерінің түстері – кесу;
- 6) кобдишалар – геометриялық кесу, тондау, жылтырату.

Параграф 5. Ағаш және ағаш қабығын кесуші, 6-разряд

16. Жұмыс сипаттамасы:

ағашта ерекше күрделі оюлық және тақырыптық композицияларды, толық скульптуралық, барельефті орындаумен таңдалған фонмен көлемді, тегіс рельефті және өтпелі қолмен кесу;

геометриялық ұсақ кесу, инкрустациямен кесудің үйлесуі;

ескі орыс оюы дәстүрінде кесу;

манераларды суреттен көшірілген жазық бет бойынша жайластыру.

17. Білуге тиіс:

ерекше күрделі суреттерді ағашта көркемдеп кесу жолдары;

сурет салу, скульптура және пластикалық анатомияның композициялық шешімдерінің негіздері;

күрделі инкрустациялау – интарсия негіздері.

18. Жұмыс үлгілері:

1) "Генерал Топтыгин", "Ит ерткен шаңғышы қыз", "Қайықтағы тасымалдаушы", "Қармағы бар балықшы", "Орыс үштігі" тәрізді скульптуралық бұйымдар – көркемдеп ою;

2) кобдишалар мен ларецтер – бұрынғы орыс оюы.

Параграф 6. Ағаш күйдіруші, 2-разряд

19. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған бұйымдардағы қарапайым суреттерді электрлі инемен, электросығымдағыштың қыздырылған штампсымен трафарет бойынша күйдіру;

трафарет жасау және суретті ұнтақтау тәсілімен бұйымның бетіне аудару.

20. Білуге тиіс:

қарапайым суреттерді ағаш бетіне күйдіру трафареттер жасау жолдары;

суретті бұйымның үстіне ұнтақтау арқылы аудару тәсілдері.

21. Жұмыс үлгілері:

күйдіру:

1) аралау материалдарынан бөрене;

2) "Әріптер" жинағы.

Параграф 7. Ағаш күйдіруші, 3-разряд

22. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған бұйымдарда орташа күрделіктегі суреттерді электрлі инемен, электросығымдағыштың қыздырылған штампсымен трафарет бойынша күйдіру; суретті даяр үлгіден калькаға аудару.

23. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі суреттерді ағаш бетіне күйдіру жолдары; күйдіру аппаратының, электросығымдағыштың жұмыс принципі; сурет күйдірілетін жартылай фабрикаттардың сапасына қойылатын талаптар.

24. Жұмыс үлгілері:

күйдіру:

- 1) табиғи ою салынатын токарлық бұйымдар;
- 2) геометриялық суреті бар қораптар;
- 3) балар кубиктері.

Параграф 8. Ағаш күйдіруші, 4-разряд

25. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдардағы күрделі суреттерді трафарет бойынша күйдіру; негізгі сызықтарды белгілеу, сурет контурларын бұйымдарға салу.

26. Білуге тиіс:

күрделі суреттерді ағаш бетіне күйдіру жолдары, күйдіру аппаратының құрылымы мен пайдалану қағидалары;

сурет композициясы негіздері мен оюлы композицияларды құру заңдылықтары.

27. Жұмыс үлгілері:

- 1) пейзаж бейнеленген ілінетін панно;
- 2) сәулет ескерткіштерінің суреті бар қобдишалар – күйдіру.

Параграф 9. Ағаш күйдіруші, 5-разряд

28. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдардағы ерекше күрделі суреттерді трафарет бойынша электр инемен күйдіру ;

күйдіру аппаратының жұмысын реттеу.

29. Білуге тиіс:

ерекше күрделі суреттерді ағаш бетіне күйдіру жолдары; ағаштың көрінбейтін кемшіліктері;

ағаштан жасалған бұйымдардың сапалы талаптары;
күйдіру аппаратын реттеу тәсілдері.

30. Жұмыс үлгілері:

- 1) пейзаж бейнеленген құмыралар;
- 2) портреттер бейнелеген панно – күйдіру.

Параграф 10. Ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 3-разряд

31. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар мен эскиздер бойынша ағаштан қарапайым көркемөнер бұйымдарын монтаждау үшін қарапайым жартылай фабрикаттар мен ұсақ бөлшектерді өңдеу;

түрлі ағаш жыныстарын жанып алуға дайындау:

қабығын аршу, дайындама қалыңдығын талап етілетін мөлшерге дейін жеткізу;

бағалы ағаш жыныстарынан жасалған көркемөнер бұйымдарды ағаш текстурасын сақтай және оған түрлі реңк бере отырып арнайы химиялық құраммен өңдеу;

станоктардың жұмысын реттеу.

32. Білуге тиіс:

станоктың қызметі, қолдану принципі мен реттеу қағидалары;

қарапайым жартылай фабрикаттар мен ұсақ бөлшектерді жанып алу және токарлық өңдеу үшін ағашты дайындау технологиясы, ағаш жыныстары мен қасиеттері;

бағалы ағаш жыныстарынан жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеу технологиясы

;

ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуде қолданылатын ерітінді құрамы.

33. Жұмыс үлгілері:

- 1) скульптура дайындамалары – токарлық өңдеу;
- 2) матрешкалар – токарлық өңдеу;
- 3) жіңішке таяқ, таяқ сабау – қолмен және станокта өңдеу.

Параграф 11. Ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 4-разряд

34. Жұмыс сипаттамасы:

үлгі және эскиздер бойынша ағаштан және папье-машеден жасалған орташа күрделіктегі жартылай фабрикаттарды, бөлшектер мен көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу;

токарлық станокта капотамырдан жасалған бұйымдарды жанап алу;

станоктарды баптау.

35. Білуге тиіс:

ағаш және папье-машеден жасалған жартылай фабрикаттар мен көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу технологиясы;
токарлық станоктың құрылымы мен пайдаланылуы;
ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарының техникалық шарттары.

36. Жұмыс үлгілері:

- 1) бөшкелер және жартылай бөшкелер, конусты және тік формадағы жбандар – токарлық өңдеу;
- 2) шағын мөлшердегі құмыралар, моншақтар – жанып алу;
- 3) түтіктер, мундштуктар – жанып алу;
- 4) үлкен қобдишалар – токарлық өңдеу.

Параграф 12. Ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 5-разряд

37. Жұмыс сипаттамасы:

үлгі және эскиздер бойынша ағаштан және папье-машеден жасалған күрделі жартылай фабрикаттарды, бөлшектер мен көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу;
көркемөнер бұйымдарын жасау үшін дайындамаларға мен болванкаларға ағаш таңдау, белгілеу, пішу;
саңылаулар тесу және бұйымды жинау.

38. Білуге тиіс:

токарлық станоктардың кинематикалық схемасы, кесетін аспапты орнату, бекіту және қайрау тәсілдері;
ағаштан және папье-машеден жасалған күрделі жартылай фабрикаттарды, бөлшектер мен көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу технологиясы.

39. Жұмыс үлгілері:

- 1) сувенирлік кадешкалар;
- 2) жануарлардың фигуралары;
- 3) қобдишалар – жонып алу.

Параграф 13. Ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 6-разряд

40. Жұмыс сипаттамасы:

жеке композициялар бойынша ағаштан және папье-машеден жасалған ерекше күрделі көрмелік және бірегей көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу;
сувенирлік мақсаттағы көркемөнер бұйымдарын анилин бояуымен және спиртті лакпен түрлі түстерге тондау және жылтырату.

41. Білуге тиіс:

ағаштан және папье-машеден жасалған бірегей көркемөнер бұйымдарын токарлық өңдеу технологиясы;

түрлі бағалы жыныстағы ағашты кептіру шектері;

ағаш кемшіліктері мен оларды жою, тондау және жылтырату жолдары;

бояулар мен лактарды қолдану және араластыру тәсілдері.

42. Жұмыс үлгілері:

1) ірі құмыралар – жонып алу;

2) декоративтік паннолар – жонып алу;

3) жонылған сувенирлер – тондау, жылтырату;

4) шыны аяқтар – жонып алу.

Параграф 14. Ағашқа көркем сурет салатын суретші, 3-разряд

43. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарына қарапайым хохлома суретінің түрлерін салу;

жиектерін жиектеу, түбі мен қақпағын бояу;

бояу жасау;

қарапайым табиғи ою суреті бойынша ағаштан Городецкий, полх-майдан суретін салу;

қарапайым оюдағы бұйымдарды күйдіре отырып Загорск суретін салу;

қарапайым токарлық фигураларды үлгілер бойынша салу және күйдіру.

44. Білуге тиіс:

күйдіріп хохлама, городецкий және полх-майдан оюын және загорск суретін салу жолдары мен ерекшеліктері;

бояу сапасы мен қасиеті;

бояу жасау тәсілдері;

сурет салуда қолданылатын еріткіштер мен лактардың қасиеті;

қылқалам нөмірлері мен олардың сапасы.

45. Жұмыс үлгілері:

1) қасықтар – сурет салу;

2) пеналдар – сурет салу, жиектеу;

3) солонкалар – жиектеу, түбін бояу.

Параграф 15. Ағашқа көркем сурет салатын суретші, 4-разряд

46. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарына орташа күрделіктегі хохлома суретінің барлық түрін жеке суреттер бойынша салу, алдын салынған суреттерді еркін қайталау;

кұс және жануарларды орташа күрделіктегі табиғи оюмен бұйымдардың Городецкий суреті;

ағаштан жасалған бұйымдарға полх-майдан суреті, гуашьпен, анилиин және май бояулармен көркем суреттеу;

орташа күрделіктегі табиғи және геометриялық ою суреттерінің үлгілері бойынша күйдіре отырып Загорск суретін салу.

47. Білуге тиіс:

күйдіріп хохлама, городецкий және полх-майдан оюын және загорск суретін салу жолдары мен ерекшеліктері;

гуашь, анилиин және май бояулармен сурет салу техникасы;

күйдіргеннен кейін сурет салу жолдары;

темпер және акварель бояуларды пайдалану қағидалары.

48. Жұмыс үлгілері:

1) турау тақтасы;

2) жерге қоятын ыдыстар;

3) нан салғыштар – сурет салу.

Параграф 16. Ағашқа көркем сурет салатын суретші, 5-разряд

49. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарына хохлома суретінің барлық түрін жеке суреттер және композициялар бойынша салу;

жаппай өнімге, аз сериямен шығарылатын жаңа бұйымдарға тікелей сурет салу кезеңінде оюларды шығармашылық байыту;

жаңа формалармен сурет салу;

күрделі оюды ағаштан жасалған городецкий, полх-майдан оюын және загорск бойынша сурет салу;

инкрустацияны аяқтау үшін гуашьпен және акварельмен сюжеттік миниатюралық инкрустациялауды жетілдіру.

50. Білуге тиіс:

хохлама, городецкий және полх-майдан оюын және загорск суретін салу жолдары мен ерекшеліктері;

композиция негіздері, күрделі токарлық формаларда бұйымдарды күйдіру және сурет салу жолдары;

түстерді үйлестіру жолдары.

51. Жұмыс үлгілері:

1) декоративтік құмыралар – сурет салу;

2) ұсақ бұйымдар жиынтықтары – сурет салу;

3) матрешкалар – сурет салу және күйдіру;

- 4) жиһаз – сурет салу;
- 5) қобдишалар – күйдіру және сурет салу.

Параграф 17. Ағашқа көркем сурет салатын суретші, 6-разряд

52. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі суреттің барлық түрін сурет салу кезінде тікелей оюларды байыту жөніндегі шығармашылық танытып жеке композициялар бойынша бірегей, тапсырыспен және сыйлыққа арналған бұйымдарға сурет салу.

53. Білуге тиіс:

хохлама, городецкий және полх-майдан оюын және загорск ерекше күрделі сурет салу жолдары;

сурет салу негіздері, ағаш текстурасын пейзаждарда қолдану, түс композициясын жасау жолдары.

54. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

55. Жұмыс үлгілері:

- 1) көрмелік және бірегей құмыралар – сурет салу;
- 2) декоративтік ілетін панно – сурет салу, күйдіру;
- 3) сәулет өнері ескерткіштері салынған қобдишалар – күйдіру, текстуралық сурет, тондау.

Параграф 18. Көркемөнер бұйымдарына арналған өсімдік материалдарын дайындаушы, 3-разряд

56. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан көркемөнер бұйымдарын жасауға арналған ағаш қабығын және бағалы жыныстарды дайындау;

қайың ағашының қабығын аршу, қабығынан, түктен, тамшылардан паразит өсімдіктерден тазарту;

ағаш қабығын сапасына, өлшеміне қарай сұрыптау және оны бумаларға түю;

қолмен және станокта унцукульды бұйымдар жасауға арналған бағалы жынысты ағашты аралау;

алдын ала қыздыру жолымен дайындамаларды түзету.

57. Білуге тиіс:

ағаш қабығын дайындау қағидалары, ағашты қолмен және машинамен аралау жолдары;

ағаш қабығын, сабанды дайындау, жинау, сақтау және пайдаланудың техникалық шарттары;

ағаштың жыныстары мен қасиеттері, сувенирлі бұйымдар жасауға жарамдылығы; қыздыру жолымен дайындамаларды түзету тәсілдері;

станоктар мен құрылғылардың құрылымы, оларды реттеу қағидалары.

Параграф 19. Көркемөнер бұйымдарына арналған өсімдік материалдарын дайындаушы, 4-разряд

58. Жұмыс сипаттамасы:

кряж және плашка дайындау;

сурет бойынша қажетті құрылымды және әдемі ағаш қабығы мен капо тамырды алу үшін берілген мөлшері бойынша қолмен немесе арнайы станокта плаха және дайындаманы бөлу;

станоктарды баптау.

59. Білуге тиіс:

кряж және плашкаларды дайындау қағидалары;

станоктарды таптау қағидалары;

бағалы жыныстардың және капо тамырдың құрылымы, оларды аралау қағидалары.

Параграф 20. Ағаштан көркемөнер бұйымдарын фанерлеуші, 4-разряд

60. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарының бетін қолмен және станоктарда ағаштың түрлі жыныстарын шпонымен фанерлеу;

жартылай фабрикаттар мен бұйымдардың бетін фанерлеуге дайындау;

аспапты дайындау және қайрау.

61. Білуге тиіс:

қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын фанерлеу жолдары; шпонның түрлі жыныстарының сапасы мен қасиеті;

қолданылатын жабдықтың қызметі мен қолдану принципі.

62. Жұмыс үлгілері:

1) қалқан бөлшектер;

2) корпустық бұйымдар – фанерлеу.

Параграф 21. Ағаштан көркемөнер бұйымдарын фанерлеуші, 5-разряд

63. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі көркемөнер бұйымдарының бетін қолмен және станоктарда ағаштың түрлі жыныстарын шпонымен фанерлеу;

түрлі құрылғыларды пайдалана отырып технологиялық кезектілікті сақтау;

декоративтік эффекті алу үшін түсі және текстурасына қарай түрлі жыныстағы шпонды іріктеу.

64. Білуге тиіс:

күрделі көркемөнер бұйымдарын фанерлеу жолдары;
шпон жасауда қолданылатын ағаштың жыныстары мен сұрыбы;
фанерлеудегі шпонның шекті ылғалдығы;
фанерлегеннен кейін бұйымдарды ұстау уақыты мен температуралық режимі, желім қасиеті мен жасау тәсілдері.

65. Жұмыс үлгілері:

- 1) ларецтер, қобдишалар;
- 2) мозаикалы панно – фанерлеу.

Параграф 22. Ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарын сырлаушы, 2-разряд

66. Жұмыс сипаттамасы:

олифа, алюминий ұнтақ жұқа жағылған ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарын қолмен немесе станокпен сырлау.

67. Білуге тиіс:

ағаштан көркемөнер бұйымдарына алюминий ұнтақ жағу жолдары;

бұйымдарға бекіту тәсілдері;

алюминий ұнтақ жағылған бұйымдарды кептіру жолдары мен кептіру мерзімі, бұйымдарды өңдеу технологиясы;

қолданылатын материалдардың химиялық қасиеті.

Параграф 23. Ағаш қабығынан жасалған бұйымдарды желімдеуші, 2-разряд

68. Жұмыс сипаттамасы:

ағаш қабығынан жасалған бұйымдарды қолмен желімдеу;

суреті бар ағаш қабығының сыртқы жағына желім жағу;

ағаш қабығын фольгаға және фольгалы ағаш қабығын көркемөнер бұйымына жапсыру.

69. Білуге тиіс:

ағаш қабығын фольгаға және фольгалы ағаш қабығын көркемөнер бұйымына желімдеу жолдары;

желімдердің қасиеті мен сапасы;

ағаш қабығынан жасалған бұйымдарды жасау технологиялық процесі мен олардың техникалық шарттары.

Параграф 24. Ағаш қабығын пішүші, 2-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

ағаш қабығының кедір-бұдырын зімпара қағазбен тазалап, көркемөнер бұйымдарына шаблон бойынша қолмен пішү;

жиегін үлгі және сурет бойынша сызу;
көркемөнер бұйымдарына суретті ағаш қабығын монтаждау;
берілген мөлшер бойынша фольга қию және оны бояу.

71. Білуге тиіс:

қалдығы аз ағаш қабығын қолмен пішу, сурет бойынша жиегін белгілеу жолдары;
зімпара терісі нөмірлері;
жасалатын көркемөнер бұйымдарының мөлшері;
ағаш қабығының сапасына қойылатын техникалық талаптар.

Параграф 25. Капо тамырды булаушы, 4-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

тиісті реңк бере отырып қоспаларды құрту мақсатында капо тамырды булау камерасында булау;

камерадағы булау процесін, бу қысымын қадағалау;
камераға салу және түсіру.

73. Білуге тиіс:

булау камерасының құрылымы мен оны күту қағидалары;
капо тамырды булау және кептіру технологиялық процесі;
капо тамырды белгілі бір реңкке дейін булау режимі, камерадағы қысымды реттеу жолдары;
кептіру камерасын толтыру қағидалары мен жолдары.

Параграф 26. Хохлома суретін салу бұйымдарын шындаушы, 4-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан жасалған хохлома суреті бар көркемөнер бұйымдарын электр пештерде шынықтыру;

көркемөнер бұйымдарын электр пештеріне оларды оңтайлы орналастыра отырып салу;

пештен өнімді түсіру;

электр пештерінде температура режимін және шынықтыру уақытын қадағалау.

75. Білуге тиіс:

электр пештерінің құрылымы;

бұйымдарды шындаудың технологиялық берілген режимі бойынша температурасын реттеу;

лак бояу материалдарын бұйымдарға жағылған қалыңдығына қарай шындау уақыты

;

жылтыр өлшегішті пайдалану қағидалары;

пленканың қаттылығын айқындау тәсілдері;

шығарылатын өнімнің техникалық шарттары;
электр техника негіздері;
лак, бояу, еріткіштердің химиялық қасиеті мен консистенциялары;
электр пештерінде шыңдауда температуралық төзімділігі.

Параграф 27. Декоративтік ағаш жынысын сұрыптаушы, 4-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

капо тамыр және түрлі декоративтік ағаш жыныстарын сұрыптау және қабылдау;
ағашты одан түрлі көркемөнер бұйымдарын жасауына байланысты жынысы,
сұрыбы және мөлшері бойынша бөлу;
фанераға бөлу үшін түрлі текстурадағы жоғары сапалы ағашты бөлу;
ағаш және капо тамыр кемшіліктерін және оларды көркемөнер бұйымдарына
пайдалану мүмкіндігін айқындау.

77. Білуге тиіс:

декоративтік ағаш жыныстарының сапасы, сұрыптылығы;
декоративтік ағаш жыныстары мен капо тамырды аралау, сұрыптау, қалау, сақтау
қағидалары мен жарамдылығын айқындау;
ағаш пен капо тамырдың түрлі декоративтік жыныстарынан жасалатын көркемөнер
бұйымдарының түр-түрі.

3-тарау. Зергерлік-филигран өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Білезік зергері, 1-разряд

78. Жұмыс сипаттамасы:

білезікті жасау алдын дайындық операцияларын орындау;
дәнекерлегеннен кейін сымды майсыздандыру, алу, бұйымдарды жинақталған
күйінде шаю;
ағарту құрамын әзірлеу.

79. Білуге тиіс:

даярлық операцияларын орындаудың технологиялық кезектілігі және тәсілдері;
майсыздандыру және шаю жолдары, ағартатын құрамды дайындау тәсілдері.

Параграф 2. Білезік зергері, 2-разряд

80. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдан қарапайым білезіктердің штампыланған бөлшектерінің тораптарын
құрастыру;

штампыланған бөлшектерді өңдеу;
дәнекерлеу бөлшектерін дайындау;
бөлшектер мен тораптарды дәнекерлеу;
бөлшектер мен тораптарды дәнекерлегеннен кейін ағарту, шаю және кептіру.

81. Білуге тиіс:

штампыланған бөлшектерді өңдеу және тораптарды құрастыру технологиясы;
ағарту қағидалары;

білезік бөлшектерін өңдеу және тораптарды құрастыруда қолданылатын аспап,
жабдық және құрылғылар;

түсті металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

Параграф 3. Білезік зергері, 3-разряд

82. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдан қарапайым білезіктерді құрастыру;
штампыланған бөлшектерді өңдеу және тораптарды дәнекерлеу;
гидерлік, звенолық және өзге де білезіктерді монтаждау;

штампыланған бөлшектен жасалған шнепперлі шарнирде үрленген тегіс білезік
жасау;

арнайы кесетін аспапты қайрау, түзету және термоөңдеу.

83. Білуге тиіс:

білезік құрастыру технологиясы;

қатты дәнекермен дәнекерлеу тәсілдері, қайрау геометриясы, кесетін аспапты
түзету және термоөңдеу, дәнекерлеу қызметі мен оларды сызбалардағы шартты
белгіленуі;

бағалы металдың барынша аз шығын болуын қамтамасыз ететін өңдеу жолдары мен
тәсілдері;

түрлі кесілген сымды созғылау тәсілдері.

84. Жұмыс үлгілері:

түсті металдан жасалған тоқылған, шарнирлі, эластикалық созылғыш білезіктер.

Параграф 4. Білезік зергері, 4-разряд

85. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі түсті және бағалы металдан қарапайым білезіктерді құрастыру;
звенолық білезіктерді, құлақты, тігін және шнепперлі бортты шынжырларды жасау.

86. Білуге тиіс:

білезік құрастыру технологиясы;

дәнекерлеуде жік сапасына дәнекердің әсері;

білезіктерді құрастыру кезінде қолданылатын фасонды бейіндердің түрлері;

бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

Параграф 5. Білезік зергері, 5-разряд

87. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі түсті металдан қарапайым білезіктерді құрастыру;

ерекше күрделі білезіктер үшін бағалы металдан жасалған штампаланған бөлшектерді өңдеу;

үлгі және сурет бойынша жекелеген бөлшектерді қолмен жетілдіріп штампаланған бөлшектен бағалы және жартылай бағалы тасы бар күрделі білезіктер жасау;

жекелеген тораптары мен бөлшектерін ауыстырып білезіктерді реставрациялау;

бағалы металдан звенолық дәнекерленген шынжырлы қолмен жасау.

88. Білуге тиіс:

құрастырмалы білезіктерді және күрделі фасондағы шынжырларды қолмен жасау технологиясы;

бағалы металдар үшін сынама бойынша легирлік ау есептеу әдістері;

білезіктің бетінде өңдеу жұмыстарының түрлері;

дәнекерлеудің барлық түрімен білезіктерді жөндеу және реставрациялау әдістері.

89. Жұмыс үлгілері:

ажурлы среднигі бар алтын білезіктер – құрастыру.

Параграф 6. Білезік зергері, 6-разряд

90. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі жоғары көркемөнер білезіктерін құрастыру;

жоғары көркемөнер білезіктеріне сурет салу және олар бойынша модель жасау;

бөлшектердің өлшемін өз бетінше анықтай отырып білезіктерді үлгі және сурет бойынша және бағалы және құрамалы металл жұмысын орындау технологиясын дербес орындау;

асыл тастары бар жоғары көркемдік білезіктер жасау.

91. Білуге тиіс:

жоғары көркемдік білезіктерді суреттер және сызбалар бойынша жасау ерекшеліктері;

сызбаны оқу қағидалары.

Параграф 7. Зергер, 1-разряд

92. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдарды құрастырудан алдын дайындық операцияларын орындау. дәнекерлегеннен кейін сымды майсыздандыру, алу, жинақталған күйде бұйымдарды шаю;

ағарту құрамын әзірлеу;

мөлшері 0,5 сантиметрден жоғары дөңгелек және сопақ формадағы шыныдан, өңдеу тасынан және корундыдан жасалған қондырғыларды кейіннен қылтанақтарын алып тастай отырып түсті металл және күміс зергерлік бұйымдардың штампыланған крапанды касталарға бекіту;

түсті металл және күмістен жасалған ыдыс зергерлік бұйымдарын егеулеу, қырналау және қолмен жылтырату.

93. Білуге тиіс:

даярлық операцияларын орындау технологиялық кезектілігі мен тәсілдері;

майсыздандыру және шаю жолдары;

ағарту құрамын әзірлеу тәсілдері;

крапанды қондырғыны бекіту жолдары;

аспапты бекітуде қолдану жолдары;

қондырғыларды қырлау түрлері;

корундының физикалық-химиялық қасиеті;

ыдыс тобы бұйымдарын және қолданылатын аспаптарды қолмен өңдеудің технологиялық процесі мен тәсілдері.

94. Жұмыс үлгілері:

жылтырату және қырналау:

1) шанышқылар;

2) десерт, асхана, шәй қасықтары.

Параграф 8. Зергер, 2-разряд

95. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған қарапайым зергерлік және көркемөнер бұйымдарды монтаждау, жасау, жөндеу, тегістеу, жылтырату, қырналау, егеулеу;

бөлшектерді түзету және іріктеу;

дәнекерлеуге арналған бұрғыны шыңдау;

бұрғылы дәнекер қоспасын құрастыру;

бұйымдарды, бөлшектер мен тораптарды дәнекерлеуге дайындау, дәнекерлеу, дәнекерлейтін жерге апару, дәнекерлегеннен кейін ию, түзету, ортасын дәлдеу, қиыстыру, күйдіру, ағарту, шаю және кептіру;

қарапайым құрылғыларды пайдаланып саңылауларды бұрғылау;

звеноларды құлақтарға біріктіру;

аспапты қайрау және толтыру;

бұйымдарды контактілі (нүктелі) пісіру;
мөлшері 0,5 сантиметрге дейінгі дөңгелек және сопақ формадағы шыны, өңдеу тасы және корунды қондырғыларын түсті метал және күмістен жасалған зергерлік бұйымдардың штампиланған және құйылған қрапан касталарына бекіту;

желімнің көмегімен ұсақ қондырғыларды бекіту.

96. Білуге тиіс:

дайындық жұмыстарын, бұйымдарды монтаждау технологиясы;

дәнекерлеу қоспасының құрамы;

монтаждау операцияларын, желім бекітпелерін орындау жолдары;

ағарту қағидалары;

күйдіру режимдері;

құрылғылар мен аспаптар, контактілі пісіру аппаратының, жылтырату және тегістеу станоктарын пайдалану қағидалары мен құрылымы;

қолданылатын материалдардың негізгі қасиеті;

бағалы және түсті металдарды маркалары және сынау;

аспапты қайрау және түзету тәсілдері;

түсті және бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

97. Жұмыс үлгілері:

1) белгілер, медальдар, ордендер – бөлшектерін бекіте отырып монтаждау;

2) үш бөлшекке дейін және бір қондырғылы сақиналар, брошьятар, сырғалар, рюмкалар, солонкалар – жасау, монтаждау.

Параграф 9. Зергер, 3-разряд

98. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған орташа күрделіктегі зергер және көркемөнер бұйымдарын монтаждау, жасау, жөндеу, тегістеу;

мыс-мырыш құймалар мен сымдардан, күміс және алтын дәнекерден дайындамалар;

зергерлік бұйымдардың бөлшектері мен қондырғыларын, байланған бұрышы бар, екіжақты фаскалы және "кабошон" формалы тастарды тегістеу, жылтырату және жетілдіру;

түрлі құрылғыларды пайдалана отырып саңылау тесу және бұрғылау;

даяр үлгі бойынша суретті салу үшін қарапайым формадағы бөлшектерді жасау;

қарапайым фасондағы ширатылған бауларды өру;

звено, винт және шайбалардың негізін егеулеу;

ранттарды, шарнирлер мен пластиналарды дәнекерлеу;

ажурлы ширатпа бұйымына қағаздан немесе модельден сурет бойынша даяр бөлшектерді дәнекерлеу;

50 шаршы сантиметрге дейінгі филиграньды ойылатын бұйымдарға жапсырмалы филиграньды дәнекерлеу;

металды химиялық өңдеу және патиндеу;

композициялардың ойылмаған суреті бар түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайту;

арнайы кесетін аспапты қайрау, түзету және термоөңдеу;

шыныдан, өңделген тастан жасалған қондырғыларды, тік бұрышты, төрт бұрышты, сопақша формадағы корундыны крапанды және бос кастаға бекіту;

желім арқылы ірі қондырғыны бекіту;

диаметрі 0,25 миллиметрден асатын сымнан якорь және панцирь тәрізді өрілген шынжырды өруге арналған шынжыр өретін автоматтарға қызмет көрсету;

күрделі емес формадағы бұйымдар мен бөлшектердегі күрделі емес табиғи және геометриялық оюлар ою;

бағалы металл сүйменін балқыту.

99. Білуге тиіс:

қатты дәнекерлермен дәнекерлеу тәсілдері;

дәнекерлердің қызметі және олардың сызбадағы шарты белгілері;

кесетін аспапты қайрау, түзету және термоөңдеу геометриясы;

бағалы металдың барынша аз шығынын қамтамасыз ететін өңдеу жолдары мен тәсілдері;

түрлі кесілген сымдарды созғылау тәсілдері;

оправаны пассовкалау және қиыстыру жолдары;

бекіту кезінде ақау түрлері мен себептері, оның алдын алу және түзету әдістері;

саңылауларды бұрғылау және тесуде түрлі құрылғыларды қолдану тәсілдері;

түсті және бағалы металдардан жасалған бұйымдарды термиялық өңдеу қағидалары

;

муфта пештерінің құрылымы;

ширатпа және филигрань дәнекерлеу технологиясы;

бөлшектерді балқыту жолдары;

өңдеу әдістері;

сурет негіздері;

шынжыр жасау технологиясы;

шынжырмен байланатын автоматтардың құрылымы, оларды жұмыс процесінде баптау әдістері;

тез тозатын бөлшектерді ауыстыру тәсілі мен шынжыр тізбегін жіберу және формалау, шынжыр төсемін өру және тізбектердің қиысу сапасын бақылау әдістері;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарының қызметі мен қолдану шарттары;

тез тозатын бөлшектердің материалы мен негізгі қасиеттері, бағалы металдармен жұмыс істеуде – бағалы металдарды есептеу, сақтау, өңдеу және тапсыру жөніндегі нұсқаулықтар.

100. Жұмыс үлгілері:

монтаждау, жасау және жөндеу:

1) өрілген, шарнирлі, эластикалық-созғыланған білезіктер;

2) запонкалар;

3) филиграньды сақиналар;

4) бөлшектері бес және бірнеше қондырғылы асыл тастан тұратын сақиналар, брошьтар;

5) фасонды звено, глидер, розеткамен біріктірілген бір үлгілі дөңгелек, сопақша, фасондық құлақшалардан жасалған шынжырлар.

Параграф 10. Зергер, 4-разряд

101. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы метадан күрделі зергерлік және көркемөнер бұйымдарын монтаждау, жасау, жөндеу, тегістеу, жылтырату және қырналау;

іші бос бұйымдар жасау;

берілген химиялық құрамды сақтай отырып ломды балқыту;

металды білікпен, кескін біліктермен өңдеу;

бормашинаның көмегімен бұйымдарды өңдеу;

калибрмен жинақтау сапасын тексеру;

күміс бұйымдарды реставрациялау;

орташа күрделіктегі ширатпалы бөлшектер мен ажурлы филиграньды бұйымдар мен шаблондар жасау және жинақтау;

ажурлы филиграньды жинақтарды дәнекерлеу;

зернді балқыту;

бұйымның формасы бойынша бұйымға модельден сурет аудару;

ойылған суреті бар түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайту;

бұйымдарды гальваникалық қаптау;

бұйымдарды эмальмен қаптау;

бұйымдарды нақыштау;

бағалы металдан жасалған зергерлік бұйым касталарын тегіс өңдей отырып крапанды және бос өңдей отырып бағалы және жартылай бағалы тас қондырғыларын бекіту;

оюлы бөлшектер мен қондырғылардан монтаждалған бұйымдарда құрама касталармен оправаларға бекіту;

диаметрі 0,25 миллиметрден кем сымнан "якорь", "панцирь" "екі жақты спираль", "бостон", "кордлы", "ирекше", "француз өрмесі", "екі жақты панцирлы", "шырша" тәрізді етіп шынжыр өретін автоматтарда өру;

автоматтарды баптау, бөлшектеу және құрастыру.

102. Білуге тиіс:

жартылай бағалы және бағалы тастардың физикалық-механикалық қасиеті;

құнды және жартылай құнды тастарды қырау түрлері:

сырғалық жұп тастарды іріктеуге қойылатын талаптар;

қондырғыларды бекіту мастикаларының құрамы мен әзірлеу тәсілдері;

зергерлік бұйымдардың күрделі бөлшектері мен тораптарын қиыстыру тәсілдері;

бекітудің түрлі үлгісіне арналған қондырғыларға ілдірік қиыстыру тәсілдері;

бор машинамен бұйымдарды өңдеу жолдары;

жинақтауда калибрлерді қолдану қағидалары;

кедір-бұдырлық квалитеттері мен параметрлері;

бөлшектерді арасында монтаждай отырып филиграньды бұйымдарды дәнекерлеу жолдары;

түйірді балқыту тәсілдері;

дәнекер сапасын сыртқы түріне қарай айқындау әдістері;

фигураларды құрастыру есептерін орындау қағидалары;

қарайтылған күмісті қырналау және тегістеу жолдары;

күміс бұйымдарды жаңарту тәсілдері;

қызмет көрсетілетін жабдықтың кинематикалық тәсілдері;

звено тораптары мен формалау бөлшектерін позициялау дәлдігіне шынжыр байлайтын автоматтардың жұмысын тексеру тәсілдері.

103. Жұмыс үлгілері:

құрастыру, жасау және жөндеу:

1) жапсырмалы филиграньды розеткалы ажурлы филиграньды вазалар, брошьтар, құмыралар;

2) бос бөлшектер мен бұйымдар;

3) сырға және брошь құлыптары;

4) бос ілінетін жартылай асыл тастардан жапсырмалары бар алтын сақиналар – оправаны жапсырмаларға қиыстыру;

5) "жіп" корнерлер;

6) түрлі үлгідегі дөңгелек құлақтары бар шынжырлар (лента тәрізді шынжыр) спираль формалы құлақшалар мен жұптап дәнекерленген шынжырлар.

Параграф 11. Зергер, 5-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

жеке, ұсақ және орта сериялы өндірілетін суретшінің макеті, мүсіні, суреті және эскизі бойынша жоғары көркемдік зергерлік бұйым үлгілерін әзірлеу және жөндеу;

асыл тасты бағалы металдан қолмен жасалған ерекше күрделі зергерлік бұйымдарын монтаждау және жөндеу;

бұйым элементтері мөлшерін айқындау және оны әзірлеу жұмыстарын орындау технологиясы;

монтаждау, бекіту, жылтырату жұмыстарын орындау мақсатында үлгі дайындамаларын құрылымдық, технологиялық талаптарды ескере отырып белгілеу;

құрылымдық элементтердің дәлдік деңгейі техникалық құжаттамасына сәйкес құю моделін әзірлеу;

7 бірліктегі төзімдіктегі материалдан "Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша қолмен тас кесетін бұйымдар жасау;

қарапайым және орташа күрделіктегі мозаикалы панно жасау;

50 шаршы сантиметрден асатын филиграньды ойылған бұйымдарға жапсырмалы филиграньды дәнекерлеу;

мөлдір эмальға қарапайым және орташа күрделіктегі оюларды таңдау;

күрделі формадағы ширатпалы бөлшектер мен ажурлы филиграньды бұйымдарды немесе шаблондарды әзірлеу және таңдау;

түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бетіне сызба бойынша түрлі фасонда ойылған оюлар салу;

қарайтылғаннан кейін және дейін нақыштау;

жартылай асыл және асыл тастарды гризантипен бос кастаға бекіту;

бағалы металдан жасалған жоғары көркемдік антиквар бұйымдарды реставрациялау

;

үш жақты кордылы, құрама зәкір, құрама панцирь, шарик, үш жақты панцирь, венециандық тәрізді шынжырларды шынжыр өретін автоматтарда өру;

бағалы металдан жасалған зергерлік бұйым касталарын тегіс өңдей отырып клапанды және бос өңдей отырып бағалы және жартылай бағалы тас қондырғыларын бекіту;

химиялық құрамды есептеу;

техникалық талаптарға сәйкес бағалы метал Ломын балқыту.

105. Білуге тиіс:

бағалы және түсті металдар мен тастарды көркемдеп өндеудің барлық түрі;

декоративті қолданбалы өнердің негізгі стильдік ерекшеліктері;

құю, филигранды, нақыштау, эмальдау, тас кесу ісінің, сүйектен жасалған бұйымдарды инкрустацияланған металмен нақыштаудың ерекшеліктері;

сызбаларды оқу қағидалары;

нақыштау жұмысы құрал-саймандарын жасау әдістері;

карат өлшегішті, карат және талдама таразыларын пайдалану қағидалары.

106. Жұмыс үлгілері:

- 1) күрделі ширатпалы оюы және эмаль звенолық декоративтік білезіктер;
- 2) ортасы ажурланған алтын білезіктер;
- 3) екі жақты розеткалы ажурлы филиграньды ілмек – жасау және жөндеу;
- 4) ажурлы жиекпен және ажурлап дәнекерлеген жартылай асыл тастардан жасалған жапсырмалары бар күміс брошьтар;
- 5) гауһары бар алтын сақиналар – монтаждау және жөндеу;
- 6) пластинка және финифтянды көркем суреттелген декоративтік ыдыстар;
- 7) екі жақты розеткалы ажурлы филиграньды брошьтар;
- 8) ұсақ бөлшектерден тұратын ширатпалы оюлы коникалық түбі бар сферикалық формадағы құмыралар – жинақтау және дәнекерлеу.

Параграф 12. Зергер, 6-разряд

107. Жұмыс сипаттамасы:

суретшілердің жобалары және жеке композициялар бойынша бірегей зергерлік бұйымдарды әзірлеу және жөндеу;

күрделі егелген суреті бар бұйымдарды орындау;

күрделі формадағы және конфигурациялы үлгілер мен модельдермен жұмыс істеу үшін арнайы аспаптарды, құрылғылар мен керек-жарақтарды әзірлеу;

"Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша 7 бірліктен асатын төзімділіктегі материалдан тас кесетін бұйымдарды қолмен жасау;

күрделі мозаикалы панно жасау;

жеке сызбалары, суретті мен композициялары бойынша нақыштау және ою;

күрделі көркемдік композициялы оюлы штампалар жасау;

арнайы құрылғылар арқылы түрлі үлгідегі касталарға жартылай бағалы және бағалы тастарды бекіту;

бағалы тастан жасалған жоғары көркемдік бұйымдардағы жапсырмалар мен асыл тастарды бекіту;

асыл тастарды іріктей отырып бос касталарға бекіту;

түрлі декоративтік бөлшектерді механикалық түрде бекіте отырып ажурлы суреттерді егеулеу, штифтiлеу, тегiстеу, сығымдау;

эмальмен оюлау;

рельефті жапсырмалы және оюлы көлемді ажурлық филиграньды бұйымдар жасау;

мөлдір эмальмен сурет салу және күрделі ширатпалы оюлар жасау;

ажурлы филиграньды жекелеген бөлшектерді модельге дәл сәйкестеп қиыстыру;

арасындағы операцияларды жүзеге асыра отырып жоғары рельефті бірегей көркемөнер бұйымдарын, алтын филиграньды бұйымдарды дәнекерлеу;

эмаль жіберу;

жоғары көркемдік және бірегей бұйымдарды реставрациялау;
оюлы суреттерді қалпына келтіру;

шынжыр төсемін қызыл, сары, жасыл, ақ түстермен алтын балқымаларын өру,
шпрингельді құлып корпусын бір уақытта автоматта дәнекерлей отырып жасау;
лазерлі пісіру құрылғыларында зергерлік бұйымдарды пісіру.

108. Білуге тиіс:

ерекше күрделі ажурлы, фигуралы, фаденді, кармезинді оправаларды жасау
жолдары, мастикалық мүсіндеу тәсілдері;

флорентиялық және орыс мозаикасын жасау ерекшеліктері;

көркем сурет, графика, сұңғат өнері негіздері;

классикалық және заманауи зергерлік өнер және зергерлік сәннің негізгі үрдістері;

шпрингельді автоматта дәнекерлеу режимдері мен тәсілдері;

зергер шынжырларын лазермен дәнекерлеу құрылғыларының жұмысын баптау
әдістері мен режимдері.

109. Жұмыс үлгілері:

1) ажурлы жиектелген және ажурлы дәнекерленген асыл тасты ұсақ жапсырмалары
бар асыл немесе жартылай асыл тастардан жасалған ірі жапсырмалы брошьтар;

2) ширатпалы оюлы тәрелке тәрізді қабырғаға ілетін әшекейлер;

3) тақырыптық сипаттағы бейнелі ерекше күрделі формадағы күмістен жасалған
туалет аспаптары – жасау және жөндеу;

4) эмаль жағу үшін суретті күміс құмыралар;

5) асыл тастары бар алтын колье – таңбалау;

6) ұсақ зернді және ұсақ эмаль жапсырмалары бар филиграньды брошьтар;

7) жанжақты жапсырмалы бөлшектері бар ажурлы филиграньды ларецтер;

8) ширатпалы көлемді декоративтік жануарлар мен адамдардың фигуралары.

110. Ескертпе:

ұлттық дәстүрді, классикалық және заманауи зергерлік өнер мен зергерлік сән
үрдістерін ескере отырып ерекше күрделі және бірегей зергерлік бұйымдарды жасаған
және көркемдік кеңесте мақұлданған жеке шығармашылық әзірлемелер болған кезде
кәсіп "Зергер-модельер" деп аталуы керек – 7-разряд.

Параграф 13. Зергер бекітуші, 1-разряд

111. Жұмыс сипаттамасы:

мөлшері 0,5 сантиметрден асатын дөңгелек және сопақ формалы корунддан
жасалған қондырғыларды кейіннен қылтанақтарын тазалай отырып түсті металдан
жасалған зергерлік бұйымдардың штампиланған крапанды касталарға бекіту.

112. Білуге тиіс:

қондырғыларды крапанды бекіту жолдары, аспапты бекітуде қолданылатын бекіту қағидалары;

қондырғыларды қырлау түрлері, корунды және түсті металдардың физикалық-механикалық қасиеті.

Параграф 14. Зергер бекітуші, 2-разряд

113. Жұмыс сипаттамасы:

мөлшері 0,2-0,5 сантиметр дөңгелек және сопақ формалы корундыдан, өңдеу тасынан, шыны қондырғыдан жасалған қондырғыларды түсті металдан және күмістен жасалған зергерлік бұйымдардың штампиланған крапанды касталарға бекіту;

желім арқылы ұсақ қондырғыларды бекіту.

114. Білуге тиіс:

желіммен бекіту жолдары, бекіту жөніндегі құрылғыларды ұсақ жөндеу қағидалары ;

әйнектің, өңдеу тасы мен күмістің физикалық-механикалық қасиеті;

бекіту дұрыстығын және сапасын айқындау әдістері.

Параграф 15. Зергер бекітуші, 3-разряд

115. Жұмыс сипаттамасы:

тік бұрышты, төрт бұрышты және сопақша формадағы шыныдан, өңдеу тасынан және корундыдан жасалған қондырғыларды крапандау және бос касталарға бекіту;

желім арқылы ірі қондырғыларды бекіту.

116. Білуге тиіс:

оправаны пассалау және қондырғыға ұяшықты қиыстыру жолдары;

ақау түрлері мен себептері және олардың алдын алу және түзету шаралары.

Параграф 16. Зергер бекітуші, 4-разряд

117. Жұмыс сипаттамасы:

бағалы металдан жасалған зергерлік бұйымдардың тегіс өңделген кастасына жартылай бағалы және асыл тастан жасалған қондырғыларды крапандау және касталарға бекіту;

жөнделген жекелеген ою бөлшектері мен қондырғылардағы құрамалы касталы оправаларға қондырғыларды бекіту;

күмістен және алтыннан реставрацияланатын бұйымдарға қондырғыларды бекіту.

118. Білуге тиіс:

жартылай бағалы, асыл тастардың, бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті;

жартылай бағалы және асыл тастарды қырлау түрлері;
ас тастарын таңдау талаптары, бекіту аспаптары мен құрылғыларын жасауда қолданылатын болатты термиялық өңдеудің қарапайым мәліметтері;
қондырғыларды бекіту мастикаларының құрамы мен жасау тәсілдері.

Параграф 17. Зергер бекітуші, 5-разряд

119. Жұмыс сипаттамасы:
жартылай бағалы және асыл тастарды гризантты бос кастаға бекіту;
бағалы металдан жеке жасалған бұйымдардағы корнер қондырғыларын кейіннен тегіс фасканы және гризантты оюмен өңдеп бекіту;
асыл тастан жасалған реставрацияланатын бұйымдардағы тастарды бекіту.
120. Білуге тиіс:
ұсақ тастарды қиыстыру және оларды кейіннен корнермен оюлы өңдей отырып бекіту жолдары;
арнайы бекіту аспабын толтыру тәсілдері;
карат өлшегіш, карат және талдамалық таразыны пайдалану қағидалары.

Параграф 18. Зергер бекітуші, 6-разряд

121. Жұмыс сипаттамасы:
жартылай бағалы және бағалы тастарды түрлі үлгідегі бос кастаға арнайы құрылғылардың көмегімен бекіту;
күрделі өңделетін бағалы металдардан жасалған көркемдігі жоғары бұйымдарға қойындылардың барлық түрін бекіту;
эмаль, қарайтылған күміс, ширатпа, оймалы фигуралы және ажурлы кастылар мен оправаларды жеке қиыстырып және жоғары көркемдеп өңдей отырып дұрыс емес формадағы асыл тастарды және түрлі көркем қойындыларды бекіту;
асыл тастарды іріктеп бос касталарға бекіту;
асыл тас корнерлерін жеке шығарылған бұйымдарға кейіннен өңдей отырып бекіту, тегіс фаскалау, гризантты ою, оюлау, кастаны қаптау.
122. Білуге тиіс:
жартылай бағалы және бағалы тастарды арнайы құрылғыларды бекіту әдістері;
бұйымдардың күрделі суреттері бойынша түрлі комбинациядағы тастарды мөлшері және түсі бойынша іріктей отырып бекіту жолдары;
піл сүйегінен, көркем суретті эмальды қондырғыларды бекіту тәсілдері;
асыл металдан жасалған бұйымдарды көркем өңдеу әдістері;
жартылай асыл тастан асыл тасқа қырлау технологиялық процесінің негіздері;
асыл тастардың сапасын айқындау әдістері;
түстерді үйлестіру заңдылықтары мен сурет негіздері.

Параграф 19. Зергер монтаждаушы, 1-разряд

123. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдан және күмістен жасалған ыдыс тобындағы қарапайым зергерлік бұйымдарды егеулеу, қырналау және қолмен жылтырату.

124. Білуге тиіс:

ыдыс тобы бұйымдары мен қолданылатын аспапты өңдеу технологиялық процесі мен қолмен өңдеу тәсілдері;

түсті және бағалы металдардың физикалық-механикалық қасиеті.

125. Жұмыс үлгілері:

десерт, асхана, шәй шанышқылары, қасықтары – егеулеу және қолмен жылтырату.

Параграф 20. Зергер монтаждаушы, 2-разряд

126. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдан және күмістен жасалған қарапайым зергерлік бұйымдарды монтаждау;

қарапайым құрылғыларды пайдалана отырып саңылау тесу;

бұйымдарды, бөлшектер мен тораптарды дәнекерлеуге дайындау, дәнекерлеу, дәнекерленетін жерлерді толтыру, ию, түзету, ортасын дәлдеу, қиыстыру, ағарту, звеноларды "құлақтармен" біріктіру;

аспапты қайрау және салу;

контактілі дәнекерлеуді қолдану;

орден, медальдарды, белгілерді бекіте отырып құрастыру.

127. Білуге тиіс:

бұйымдарды құрастыру технологиясы мен монтаждау операцияларын орындау жолдары;

аспаптарды қайрау және тиеу тәсілдері;

ағарту қағидалары;

контактілі дәнекерлеу аппаратының құрылғысы мен пайдалану қағидалары;

түсті және бағалы металдардың негізгі қасиеттері.

128. Жұмыс үлгілері:

1) белгілер, медаль, ордендер – түйрегіштерін қою және сығымдау, гайкаларын винттерге бұрау, аралық звенодағы негіздерді түйреу, муар таспа колодкаларын қаптау және орау;

2) бір қондырғылы күміс сақиналар, рюмкалар, солонкалар – монтаждау.

Параграф 21. Зергер монтаждаушы, 3-разряд

129. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған орташа күрделіктегі зергерлік бұйымдарды монтаждау;

түрлі құрылғыларды пайдаланып саңылауларды түйреу және тесу;
звено негіздерін, винттерді, шайбаларды егеулеу;
ранттарды, гарнирлер ең құлып пластиналарын дәнекерлеу.

130. Білуге тиіс:

саңылауларды бұрғылау және тесуге арналған түрлі құрылғыларды пайдалану тәсілдері;

күрделендірілген тораптар мен бөлшектерді егеулеу және дәнекерлеу жолдары;
түсті және бағалы металдан жасалған бұйымдарды термиялық өңдеу қағидалары;
муфталық пештердің құрылымы мен пайдалану қағидалары.

131. Жұмыс үлгілері:

жартылай бағалы тастан жасалған үш-бес бірнеше қондырғысы бар түсті және бағалы металдан жасалған брошьтар, сақина, сырғалар – монтаждау.

Параграф 22. Зергер монтаждаушы, 4-разряд

132. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған күрделі зергерлік бұйымдарды монтаждау;
жіп корнерлер, құлыптар, сырға корнерлерін, шомпольды брошь құлыптарын, бос бөлшектер мен бұйымдар жасау;

бормашина арқылы бұйымды өңдеу;
күрделі калибрмен жинақтау сапасын тексеру;
күміс бұйымдарды реставрациялау.

133. Білуге тиіс:

зергерлік бұйымдарының күрделі бөлшектер мен тораптар жасау әдістері;
түрлі үлгідегі бекіту оправкаларын қиыстыру тәсілдері;

күрделі калибрлерді пайдалану қағидалары мен жинақтауда берілетін шектеу көлемі, күміс бұйымдарды реставрациялау тәсілдері.

134. Жұмыс үлгілері:

- 1) түсті металдан жасалған білезіктер – монтаждау;
- 2) бос бекітілген жартылай бағалы тастан жасалған қондырғылы алтын сақиналар – оправасын қондырғыға қиыстыру.

Параграф 23. Зергер монтаждаушы, 5-разряд

135. Жұмыс сипаттамасы:

асыл тасты бағалы металдан қолмен жасалған ерекше күрделі зергерлік бұйымдарды монтаждау. өңдеу және жартылай асыл тастарды бекітуге алдын ала

белгілей отырып үлгі, құйма және сурет бойынша қарапайым және орташа күрделіктегі ажурлы зергерлік және көркемөнер бұйымдарын жасау;

ерекше күрделі бұйымдарды монтаждауда сурет бойынша қарапайым ою жасау;

бағалы металдан жасалған көркем антиквар бұйымдарды реставрациялау;

дәнекерлеу түтіктері арқылы дәнекерлеу.

136. Білуге тиіс:

ажурлы оюларды егеулеу жолдары;

қондырғыларды бекітетін жерлерді белгілеу тәсілдері;

ою жолдары.

137. Жұмыс үлгілері:

1) ажурлы жиекті және ажурлы дәнекерленген жартылай асыл тастан жасалған күміс қондырғысы бар брошьтар;

2) гауһар тасты алтын сақиналар – монтаждау.

Параграф 24. Зергер монтаждаушы, 6-разряд

138. Жұмыс сипаттамасы:

үлгі, мүсін және сурет бойынша жоғары көркемдік бұйымдарды қолмен монтаждау және жасау;

жартылай асыл және асыл тастарды бекіту үшін күрделі ажурлы оюларды белгілеу және егеулеу;

түрлі декоративтік бөлшектерді механикалық түрде бекіткіштері бар күрделі ажурлы суреттерді егеулеу:

штифтеу, тегістеу, сығымдау;

эмальды шамалау.

139. Білуге тиіс:

түсті және бағалы металдарды көркем өңдеу түрлері;

нақыштау, эмальдау және филигрань өндіру технологиясының негіздері;

асыл тастардың сипаттамалары мен прејскурантқа сәйкес олардың сапасына, формасына және мөлшеріне қойылатын талаптар;

тас бекіту тәсілдері;

суреттен мастикалық мүсіндеу жолдары;

декоративтік және қолданбалы өнердің негізгі стильдік ерекшеліктері.

140. Жұмыс үлгілері:

1) эмаль жағу үшін суреті бар күміс құмыралар;

2) асыл тасты алтын сақиналар – монтаждау.

Параграф 25. Зергер оюшы, 5-разряд

141. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бетіне сызба бойынша түрлі үлгідегі ойылған оюларды басу;

қарайтылғаннан кейін және дейін ою.

142. Білуге тиіс:

ою жұмыстары технологиясы, ою түрлері;

"ТУТТА", "МАРХАРА", "МОСКОВ" және өзге де үлгідегі ою салу қағидалары;

металмен инкрустирленген сүйектен жасалған ойылған бұйымдардың ерекшеліктері;

өлшеу және кесетін аспаптарды пайдалану қағидалары;

ою жұмыстарына арналған құралдарды жасау әдістері;

түсті және бағалы металдардың физикалық-механикалық қасиеті.

Параграф 26. Зергер оюшы, 6-разряд

143. Жұмыс сипаттамасы:

жеке сызбалар, суреттер, композициялар бойынша бұйымдарды тереңдетіп ою;

күрделі көркемөнер композиция оюлары бар штампалар жасау.

144. Білуге тиіс:

терең ою тәсілдері, қырту жолдары.

Параграф 27. Зергер филиграньшы, 2-разряд

145. Жұмыс сипаттамасы:

дайындық жұмыстарын орындау:

ірі филиграньды және кескінді контур бөлшектерін түзету және жинақтау;

филиграньды дәнекерлеу қоспасын жасау;

филиграньды жиынтықты дәнекерлеуге дайындау.

146. Білуге тиіс:

дайындық жұмыстары технологиясы;

филиграньды дәнекерлеу қоспасының құрамы;

филиграньды бұйымдар жасалатын металдардың негізгі қасиеті;

бағалы және түсті металл сынамалары мен маркалары;

қолданылатын материалдардың сым, дәнекер, желімдеу заттарының негізгі қасиеттері;

филиграньды бұйымдарды жасауда қолданылатын құрылғылар мен аспаптар.

Параграф 28. Зергер филиграньшы, 3-разряд

147. Жұмыс сипаттамасы:

даяр үлгі бойынша сурет толтыруға арналған қарапайым формадағы бөлшектердің ширатпаларын жасау;

үш-төрт жолақты қарапайым фасондағы ширатылған бауды, струнцалды өру;

қағаздағы немесе бұйымдағы немесе қағаздағы модельдегі сурет бойынша даяр бөлшектерді балқыту;

жапсырмалы филиграньды 50 шаршы сантиметрге дейінгі филиграньды оюлы бұйымдарға дәнекерлеу;

бұйымдарды өңдеу.

148. Білуге тиіс:

филиграньды ширатпа және дәнекерлеу технологиясы;

бөлшектерді балқыту жолдары;

өңдеу әдістері;

түсті және бағалы металдардың физикалық-механикалық қасиеті;

филмграньды және ширатпаны дәнекерлеу құрамы мен қасиеті;

сурет негіздері.

Параграф 29. Зергер филиграньшы, 4-разряд

149. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі ширатпалы бөлшектер мен ажурлы филиграньды бұйымдарды немесе шаблонға жиынтық жасау;

филиграньды жиынтық ажурларын дәнекерлеу;

зернді балқыту;

бұйым формасы бойынша бұйымға модель суретін аудару.

150. Білуге тиіс:

аралық бөлшектерді монтаждау арқылы филиграньды бұйымдарды дәнекерлеу жолдары;

зернді балқыту тәсілдері;

филиграньды және ширатпаны дәнекерлеуге арналған дәнекердің сапасын сыртқы белгілері бойынша айқындау әдістері;

фигуралары мен ұңғыларды жасау есептерін орындау қағидалары.

151. Жұмыс үлгілері:

жапсырмалы филиграньды розеткалы ажурлы филиграньды брошьтар, құмыралар – филиграньды ою жиынтығы мен дәнекерлеу.

Параграф 30. Зергер филиграньшы, 5-разряд

152. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі формадағы ширатпалы бөлшектер мен ажурлы филигрань бұйымдары мен шаблондар жасау және жиынтықтау;

мөлдір эмальді орташа күрделіктегі ширатпалы оюлар жиынтығы;

50 шаршы сантиметрден асатын филиграньды оюлы бұйымдардың жапсырмалы филиграньды дәнекерлеу.

153. Білуге тиіс:

күрделі жанжақты ширатпалы филиграньды бұйымдар жасау жөніндегі операцияларды орындау жолдары;

мөлдір эмаль толтырылған ширатпалы ою бұйымдарын жасау ерекшеліктері.

154. Жұмыс үлгілері:

1) финифтянды көркем суретті пластинкадан жасалған ажурлы филиграньды қондырғылы декоративтік табақтар;

2) екі жақты розеткаларды дәнекерлей отырып ажурлы филиграньды брошьтар;

3) ұсақ бөлшектерден тұратын ширатпалы оюды коникалық формадағы сферикалық құмыралар – ширатпалы филиграньды оюларды жинау және дәнекерлеу.

Параграф 31. Зергер филиграньшы, 6-разряд

155. Жұмыс сипаттамасы:

рельефті бөлшектермен нақышталған жапсырмалы ерекше күрделі жоғары көркемдік және бірегей бұйымдар жасау;

рельефті жапсырмалы, оюлы, өрнек-филиграньды көлемді бұйымдар жасау;

филиграньды касталарды дайындау;

нақышталған рельеф бойынша ширатпа жинау;

мөлдір эмальды күрделі оюларды жинау және сурет салу;

модельге сәйкес күрделі ажурлы филиграньды жекелеген бөліктерді қиыстыру;

ажурлы жоғары рельефті бірегей көркемөнер бұйымдарын, алтын филиграньды бұйымдарды аралық операцияларын жүзеге асыра отырып дәнекерлеу;

эмаль жіберу;

жоғары көркемдік бұйымдарды реставрациялау;

жетіспейтін бөлшектерді жасай отырып үлгі формалары бойынша бұйымдардың жекелеген филиграньды бұйымдар мен бөлшектерін нақыштау.

156. Білуге тиіс:

ширатпа жұмыстардың барлық түрлері және ширатпалы жартылай фабрикаттардың фасондары;

эмальдың термиялық қасиеті;

металл балқыту температурасы және түсі бойынша филиграньды бұйымдарды дәнекерлеуді таңдау қағидалары;

реставрациялық жұмыс негіздері.

157. Жұмыс үлгілері:

1) ұсақ зернді және ұсақ эмаль жапсырмалары бар филиграньды брошьтар;

2) жанжақты жапсырмалы бөлшектері бар ажурлы филиграньды ларецтер;

3) жануарлар мен адамдардың көлемді фигуралары – дәнекерлеу.

Параграф 32. Зергер шынжыршы, 3-разряд

158. Жұмыс сипаттамасы:

фасондық звеньямен, глдермен, розеткамен сәйкестендіріп бір үлгілі дөңгелек, сопақ және фасондық құлақтан жасалған түсті металдан қарапайым шынжыр жасау.

159. Білуге тиіс:

қарапайым шынжыр жасау технологиясы;

түсті металдың физикалық-механикалық қасиеті;

аспапты жұмысқа дайындау және қолдану қағидалары.

Параграф 33. Зергер шынжыршы, 4-разряд

160. Жұмыс сипаттамасы:

спиральды, сондай-ақ спираль тәрізді ("цеп-ленточка") формадағы және жұптап дәнекерленген құлақтарды біліктей отырып бірнеше түрлі үлгідегі құлақтан тұратын орташа күрделіктегі түсті және бағалы металл шынжырлар жасау.

161. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі шынжыр әзірлеу технологиясы;

біліктеу әдістері;

бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

Параграф 34. Зергер шынжыршы, 5-разряд

162. Жұмыс сипаттамасы:

ажыратылған және иілген дөңгелек құлақтан тұратын ("жіп") күрделі түсті және бағалы металл ("шынжыр-лента") шынжырлар жасау.

163. Білуге тиіс:

ажыратылған және иілген дөңгелек құлақтан күрделі шынжыр жасау технологиясы.

Параграф 35. Зергер шынжыршы, 6-разряд

164. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан түрлі кескіндегі фасонды құлақтан ерекше күрделі шынжыр жасау.

165. Білуге тиіс:

ерекше күрделі шынжыр, карабин және шпрингель жасау технологиясы.

Параграф 36. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайтушы, 3-разряд

166. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым композициядағы ойылған суретті түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын алдын ала күйдіріп және күкірт қышқылы ерітіндісінде ағартып қарайтылған күміс балқытпасымен қабаттау арқылы қарайту.

167. Білуге тиіс:

қарайту тәсілдері;

қарайтылатын бұйымдарды дайындау жолдары;

қарайтылған күміс балқымасын бұйымға жағу операцияларының кезектілігі;

флюс рецептурасы;

қарайтылған күміс балқымасын балқытудың температуралық режимі.

168. Жұмыс үлгілері:

1) запонкалар, жүзіктер;

2) салфеткалық сақиналар, ас және шәй қасықтары.

Параграф 37. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайтушы, 4-разряд

169. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі және күрделі композициядағы ойылған суретті түсті және бағалы металдан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайту.

170. Білуге тиіс:

қарайтылған күмісті қырналау және тегістеу жолдары, түсті және бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

171. Жұмыс үлгілері:

1) десерт жиынтықтары;

2) ұстаған асты, кофе ішетін шыныаяқтарды қарайту.

Параграф 38. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайтушы, 5-разряд

172. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі композициядағы ойылған суретті түсті және бағалы металдан жасалған бірегей және көрмелік зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайту; антиквар зергерлік бұйымдарды реставрациялау.

173. Білуге тиіс:

бірегей бұйымдарды қарайту жолдары;

қарайтылған күміс балқымасы ингредиенттерінің физикалық-химиялық қасиеті.

174. Жұмыс үлгілері:

1) фигуралы құмыралар;

2) қобдишаларды қарайту.

Параграф 39. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бөлшектері мен материалдарын дайындаушы, 2-разряд

175. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдар мен күмістен жасалған шынжырдың сақинасын кесетін арнайы станоктарда спираль дайындау, ширатпаны ширату және шырмауын тарату, сымды катушкаға орау;

бағалы және түсті металдан жасалған тегіс немесе дөңгелек сыммен тығыздалған және біліктелген таспаны арнайы өру станогында өру;

сымды күйдіру және бояу.

176. Білуге тиіс:

сымды ширатуға дайындау тәсілдері, ширату, өру жолдары, ағартатын құрамдардың рецептурасын;

өретін және ширататын станоктардың құрылымы, оларды пайдалану және реттеу қағидалары;

түсті металдар мен күмістің физикалық қасиеті.

Параграф 40. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бөлшектері мен материалдарын дайындаушы, 3-разряд

177. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы станокта, сығымдағыштар мен диірмендерде мыс-мырыш, күміс және алтын дәнекер жолақтар мен сымнан жасалған құймаларды дайындау;

уатылған дәнекерді елеу;

сымды созғылау;

түсті металдан жасалған білезіктер төсемін өру;

арнайы станокта таспаны кесу, тығыздау, біліктеу;

түсті және бағалы металдан жасалған білезіктердің өрілген таспасына сурет салу;

сығымдағыштарды, станоктар мен диірмендерді баптау.

178. Білуге тиіс:

түрлі дәнекерлерді дайындау, уату және ұсақтау жолдары, сым, төсем және таспа жасау технологиясы;

таспаға сурет салу тәсілдері;

түсті және бағалы металдардан жасалған бұйымдар жасауда қолданылатын дәнекерлердің маркалары мен құрамы;

дәнекерлерді ұсақтау деңгейі және күйдіру температурасы, төсем өруге арналған сым және таспаны кесу, созбалау және біліктеу станоктарын пайдалану және баптау қағидалары.

179. Жұмыс үлгілері:

1) алтын шынжыр – сымды созғылау, сақинасын кесу;

2) сақина шинкалары – қолмен жасау.

Параграф 41. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бөлшектері мен материалдарын дайындаушы, 4-разряд

180. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған бөлшектерді дайындау;

бағалы металл білезіктердің төсемдерін өру;

ширатпаларды ширату, өру, біліктеу, тарату.

181. Білуге тиіс:

ширатпа дайындамалары мен бөлшектерін штампылау технологиясы;

ширатпа спиралі, штампылау сығымдағыштарын және ширатпа дайындамасы жабдықтарының құрылымы мен пайдалану қағидалары.

Параграф 42. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын жапсырушы, 1-разряд

182. Жұмыс сипаттамасы:

кичке түсті әйнектен жасалған қарапайым формадағы қондырғыны желімдеу және қайта желімдеу;

кичтердегі қондырғылардың ортасын дәлдеу және ауытқуын болдырмау.

183. Білуге тиіс:

әйнек қондырғыларды жапсыру және қайта жапсыру жолдары;

желім және мастика рецептурасын, оларды әзірлеу тәсілдері;

әйнек, желім және мастикаға қыздырудың әсері, электр қыздырғыш және газ аспаптарын пайдалану қағидалары.

Параграф 43. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын жапсырушы, 2-разряд

184. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай асыл және асыл тас қондырғыларын, сондай-ақ түсті әйнектен жасалған күрделі формадағы қондырғыларды кичке, кассета шпилькаларына және гуттаперчті құрылғыларға жапсыру және қайта жапсыру;

түрлі алмастарды оправкаларға орнату және жапсыру;

алмастарды өлшеу.

185. Білуге тиіс:

тастан жасалған қондырғыларды жапсыру және қайта жапсыру технологиясы;

қырлы станок жартылай автоматтың құрылымы;

алмастарды оправкаларға орнату және жапсыру құралдары;
жартылай асыл және асыл тастардың физикалық-химиялық қасиеті;
оларды қыздыру режимі, жартылай асыл және асыл тастарды қырлау формалары.

Параграф 44. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 1-разряд

186. Жұмыс сипаттамасы:

түсті әйнектен жасалған қарапайым формадағы қондырғыларды қырлау станоктарында және қолмен қырлау;

абразивтік дөңгелек және сумен салқындатуды пайдаланып шыныдан жасалған қарапайым формадағы қондырғылардың дайындамаларын қайрау.

187. Білуге тиіс:

түсті әйнектен жасалған дайындамаларды қырлау технологиясы мен қайрау, қырланған бір шпиндельді станоктың құрылымы мен пайдалану қағидалары;

абразивтік дөңгелекті және сумен салқындатуды пайдалану қағидалары;

қарапайым өлшеу аспаптарын пайдалану қағидалары;

түсті шынының физикалық-механикалық қасиеті.

Параграф 45. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 2-разряд

188. Жұмыс сипаттамасы:

түсті әйнектен жасалған қарапайым формадағы қондырғыларды бір шпиндельді қырлау станоктарында және қолмен коронкалардың сыналарын және павильонды бөле отырып қырлау;

абразивтік дөңгелек және сумен салқындатуды пайдаланып шыныдан жасалған күрделі формадағы қондырғылардың дайындамаларын қайрау.

189. Білуге тиіс:

жартылай асыл тастардан жасалған қондырғылардың дайындамаларын қайрау технологиясы;

жартылай асыл тастардың физикалық-механикалық қасиеті.

Параграф 46. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 3-разряд

190. Жұмыс сипаттамасы:

түсті әйнектен жасалған орташа күрделіктегі формадағы қондырғыларды абразивтік материалдарды пайдалана отырып қалайы дөңгелектегі коронка сыналарын бөле отырып қырлау;

алмас құралдарды пайдаланып жартылай асыл тастан жасалған түрлі формадағы қондырғылардың дайындамаларын қайрау;

бұрғылау станоктарында түсті әйнектен және жартылай асыл тастан жасалған көлемді зергерлік және көркемөнер бұйымдарындағы саңылауларды белгілеу және бұрғылау.

191. Білуге тиіс:

абразивтік паста және ұнтақты пайдаланып қалайы дөңгелектердегі әйнек қондырғыларды қырлау технологиясы;

түсті әйнек және тастан жасалған бұйымдардағы саңылауларды бұрғылау жолдары;

барлық үлгідегі механикалық және қолмен істейтін қайрау және бұрғылау станоктарын пайдалану қағидалары;

квадранттың құрылымы мен пайдалану қағидалары;

алмас планшайбаларын, абразивтік пасталар мен ұнтақтарды пайдалану жолдары;

абразивті үнемді пайдалану тәсілдері;

жартылай асыл тастардың сапасын бағалау негіздері.

Параграф 47. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 4-разряд

192. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы құрылғыларды пайдалана отырып қырлау бір шпиндельді станоктарда түсті әйнектен жасалған күрделі формадағы және жартылай бағалы тастардан және табиғи әрі синтетикалық асыл тастардан жасалған қарапайым және орташа күрделіктегі формадағы қондырмаларды қырлау;

жартылай бағалы тастардан жасалған қондырғылардың дайындамаларындағы рундистіні және конусты қайрау;

жартылай бағалы тастан жасалған қарапайым формадағы қондырғыларды реставрациялау.

193. Білуге тиіс:

жартылай бағалы тастан жасалған қондырғыларды қырлау технологиясы;

жартылай бағалы тастардың оптикалық қасиеті;

оларға түсті дақтардың орналасу қағидалары;

барынша жалтырату үшін жартылай бағалы тастан жасалған дайындамаларға қырды орналастыруын есептеу әдістері және қағидалары;

жартылай бағалы тастарды қырлаудағы шығын нормалары;

түйіршек абразивтерді жасау қағидалары және қасиеті;

даяр тастардың техникалық шарттары мен нормалары.

Параграф 48. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 5-разряд

194. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай бағалы және табиғи әрі синтетикалық асыл тастардан жасалған күрделі формадағы қондырмаларды қырлау;

жартылай бағалы және асыл тастардан жасалған күрделі формадағы қондырғыларды реставрациялау.

195. Білуге тиіс:

жартылай және асыл тастан жасалған күрделі формадағы қондырғыларды қырлау технологиясы;

бағалы тастардың оптикалық қасиеті, жартылай бағалы және асыл тастардың түс ерекшеліктері мен кемшіліктері.

Параграф 49. Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, 6-разряд

196. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай бағалы және табиғи әрі синтетикалық асыл тастардан жасалған күрделі ғажайып формадағы қондырмаларды қырлау;

зергерлік бұйымдардың сызбалары немесе үлгілері бойынша қырлаудың күрделі түрлері;

жартылай бағалы және асыл тастардан жасалған күрделі формадағы қондырғыларды реставрациялау.

197. Білуге тиіс:

жартылай және асыл тастан жасалған күрделі формадағы қондырғыларды қырлау технологиясы, оптикалық қасиеттер;

жартылай бағалы және асыл тастардың түс ерекшеліктері мен кемшіліктері.

Параграф 50. Қарайтылған күміс дайындаушы, 5-разряд

198. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдан жасалған ойылған суреті бар зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бетіне жағу үшін күмісті қарайтуға дайындау;

күмісті және балқытуға қажетті компоненттерді дайындау және қарайтылған күмісті электр пештерінде немесе ашық пештерде арнайы шамдармен тиглдарда балқыту;

қалыпқа құйманы құю;

қарайтылған күмісті арнайы станок диірмендерде уату.

199. Білуге тиіс:

қарайтылған күмісті дайындау және балқыту қағидалары;
уату станоктарына салу режимі, қарайтылған күмістің құрамына кіретін ингредиенттердің температурасы мен физикалық-химиялық қасиеті;
қарайтылған күмістің даярлығын және сапасын айқындау әдістері;
қарайтылған күмісті дайындау және балқытуда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары.

Параграф 51. Қарайтылған күмісті егеулеуші, 3-разряд

200. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және табиғи әрі синтетикалық асыл тастардан жасалған қарапайым конфигурациялы зергерлік және көркемөнер бұйымдарындағы қарайтылған күміс балқымасы қабатын егеулеу;

ойылған суреттің контуры шыққанға дейін қарайтылған күміс балқымасының қатты қабатын рашпиль, шиферлік брусоктар мен ағаш көмірді қолдана отырып алу.

201. Білуге тиіс:

қарапайым конфигурациялы қарайтылған күмістен жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын егеулеу жолдары;

бұйымдарды қарайту технологиясы, түсті және бағалы металдардың физикалық-химиялық қасиеті.

202. Жұмыс үлгілері:

1) десерт, шәй қасықтар;

2) стопкалардың қарайтылған қабатын егеулеу.

Параграф 52. Қарайтылған күмісті егеулеуші, 4-разряд

203. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және асыл тастардан жасалған орташа күрделіктегі конфигурациялы зергерлік және көркемөнер бұйымдарындағы қарайтылған күміс балқымасы қабатын егеулеу.

204. Білуге тиіс:

орташа конфигурациялы қарайтылған күмістен жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын егеулеу жолдары.

205. Жұмыс үлгілері:

1) брошьтар, запонкалар;

2) ұстағанның астындағы қарайтылған қабатын егеулеу.

Параграф 53. Қарайтылған күмісті егеулеуші, 5-разряд

206. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және асыл тастардан жасалған күрделі конфигурациялы зергерлік және көркемөнер бұйымдарындағы қарайтылған күміс балқымасы қабатын егеулеу.

207. Білуге тиіс:

күрделі конфигурациялы қарайтылған күмістен жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын егеулеу жолдары.

208. Жұмыс үлгілері:

құмыралар, кубоктардың қарайтылған қабатын егеулеу.

Параграф 54. Тас іріктеуші, 3-разряд

209. Жұмыс сипаттамасы:

өңделетін, жартылай бағалы және асыл тастарды егеулеуден алдын сурет, түсі; физикалық-химиялық қасиеттері бойынша іріктеу;

тастан жасалған зергерлік және көркемөнер бұйымдарын жасауға арналған пластиналарды іріктеу;

егеулеуден алдын пластиналарды белгілеу;

зергерлік және көркемөнер бұйымдарының даяр қондырғыларын мөлшері және салмағы бойынша жұптап іріктеу.

210. Білуге тиіс:

тастар мен пластиналарды іріктеу қағидалары;

пластиналарды белгілеу жолдары, түрлі тастарға қойылатын техникалық талаптар, тастардың физикалық-механикалық және құрылымдық қасиеттері;

минерал кесектерін егеулеу және қондырғыларды қырлау процесі;

тастың табиғи суретін және барынша аз қалдық қалдыра отырып егеулеу қағидалары;

тас өңдеу шектері.

Параграф 55. Тас іріктеуші, 4-разряд

211. Жұмыс сипаттамасы:

тастарды бетінің сапасына, көлеміне, түсі мен суретіне қарай оларды егейтін жерге апару үшін қазылған жерінде немесе дайындау орнында іріктеу;

жеткізушіден тастарды қабылдау алдын іріктеу және сұрыптау;

табиғи суреті мен түс гаммасын анықтау;

бұйымның формасына сәйкес берілген мөлшер бойынша қондырғыларға тегістелген пластиналарды белгілеу;

зергерлік және көркемөнер бұйымдарының даяр қондырғыларын тастың түсіне және суретіне қарай іріктеу.

212. Білуге тиіс:

жартылай бағалы және асыл тастардың түрлері, оларды айқындау тәсілдері;

табиғи тастарды синтетикалық тастардың айыру, тастың оптикалық қасиеті;
қырлау теориясы негіздері.

Параграф 56. Филигранды негіз жасаушы, 3-разряд

213. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдардан көлемі 0,2 сантиметрден асатын филигрань негізі мен элементтерін суреті, сызбасы және шаблонды бойынша қолмен жасау;

зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бетіндегі филигрань элементтерін жинақтау, дайындау және желімдеу.

214. Білуге тиіс:

көлемі 0,2 сантиметрден асатын филигрань негіздері мен элементтерін жасау жолдары;

ширатылған және филиграньды сым кескіндері, түсті және бағалы металдардың физикалық-механикалық қасиеті.

Параграф 57. Филигранды негіз жасаушы, 4-разряд

215. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және бағалы металдардан көлемі 0,2 сантиметрге дейінгі ажурлы филигрань негізі мен элементтерін суреті, сызбасы және шаблонды бойынша қолмен жасау;

көп қабатты филиграньды барельефті дәнекерлей отырып түрлі формадағы ширатылған бөлшек бұйымдарын жинақтау.

216. Білуге тиіс:

көлемі 0,2 сантиметрге дейінгі филигрань негіздері мен элементтерін жасау ерекшеліктері, композиция және сурет жасау негіздері.

Параграф 58. Эмаль бойынша көркем суретші, 3-разряд

217. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы аспаптар мен материалдарды пайдаланып 3-5 түстегі қарапайым фото дайындамалар мен графикалық суреттердің эмаль бетіне үлгі бойынша көркем сурет салу;

қарапайым контурлы суреттердің ағарған пластинкалы эмаль бетіне даяр үлгіні салу

218. Білуге тиіс:

қағаздан эмаль бетке контурлы суреттерді аудару және қылқаламмен финифтянды бояу жағу әдістері;

3-5 түске бояу техникасы, бояуды кетіру тәсілдері, финифтянды бояудың құрамы және химиялық қасиеті;

салынған суреті бар пластиналарды муфта пештерінде күйдіру режимі;
карапайым трафареттерді әзірлеу жолдары мен оларды қолдану тәсілдері.

Параграф 59. Эмаль бойынша көркем суретші, 4-разряд

219. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы аспаптар мен материалдарды пайдаланып 6-8 түстегі фото дайындамалар мен графикалық суреттердің эмаль бетіне үлгі бойынша көркем сурет салу.

220. Білуге тиіс:

6-8 түске бояу техникасы;

түс гаммасы мен түс үйлестірудің негізгі заңдылықтары;

балқыту температурасына байланысты бояу жағу кезектілігі;

финифтянды бояудың түсін және балқыту температурасын нөмірлері бойынша айқындау, табиғи формадағы элементтердің құрылуы және оюлы композициялардың түзілу заңдары;

жануарлар мен адамдардың пластикалық анатомия негіздері;

перспективасы негізгі заңдары мен көлеңкелеу;

финифтянды суреті бар бұйымдарды күйдіру қағидалары.

221. Жұмыс үлгілері:

1) силуэтті сәулет ескерткіштерінің бейнесін;

2) жануарлардың, құс, табиғи формадағы бейнелерді үлгіден эмаль пластинкаға салу.

Параграф 60. Эмаль бойынша көркем суретші, 5-разряд

222. Жұмыс сипаттамасы:

6-8 түстегі финифтянды бояумен күрделі фотодайындамалар мен графикалық суреттердің эмаль бетіне үлгі бойынша көркем сурет салу;

күрделі композициядағы эмальға үлгі бойынша көркемдеп сурет салу.

223. Білуге тиіс:

сегізден жоғары түске бояу техникасы;

жартылай тондай отырып түстерді үйлестіру заңдары;

күрделі тематикалық композицияларды, көлемді формаларды сурет салу құралдарымен салу қағидалары.

224. Жұмыс үлгілері:

1) күрделі сәулет имараттары мен пейзаждардың бейнесін;

2) жануарлардың және адамдардың күрделі композицияларын үлгіден эмаль пластинкаға салу.

Параграф 61. Эмаль бойынша көркем суретші, 6-разряд

225. Жұмыс сипаттамасы:

суретті өз бетінше варьирлей отырып, жоғары көркемөнер, көрмелік бұйымдарға ерекше күрделіктегі суреттерді үлгілер, модельдер және эмаль бетін эскиздары бойынша салу.

226. Білуге тиіс:

көркем сурет салу заңдылықтары мен көп фигуралы композицияларды әзірлеу жолдары.

227. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

Параграф 62. Эмаль бойынша фотобаспашы, 1-разряд

228. Жұмыс сипаттамасы:

зергерлік және көркемөнер бұйымдары мен қондырғылардың эмаль бетіне контактілі әдіспен кейіннен муфта пештерінде күйдіре отырып жарық сезгіш эмульсия мен керамикалық бояуды пайдалана отырып графикалық бір тонды сурет салу.

229. Білуге тиіс:

сурет салу жолдары;

жарық сезгіш эмульсияның құрамы мен химиялық қасиеті, оны әзірлеу қағидалары; муфта пешінде күйдіру режимі, оның құрылымы мен пайдалану қағидалары.

Параграф 63. Эмаль бойынша фотобаспашы, 2-разряд

230. Жұмыс сипаттамасы:

зергерлік және көркемөнер бұйымдары мен қондырғылардың эмаль бетіне контактілі әдіспен кейіннен муфта пештерінде күйдіре отырып жарық сезгіш эмульсия мен керамикалық бояуды пайдалана отырып графикалық көп тонды сурет салу; миниатюралар әзірлеу.

231. Білуге тиіс:

жарық көзінде экспонирлеу және сурет салу процестерін реттеу режимдері; керамикалық бояулардың құрамы, химиялық қасиеті;

оларды эмальмен араластыру, күйдіру ерекшеліктері мен күйдіргеннен кейін олардың өзгеру сипаты, көп тонды сурет эмалын күйдіруде муфта пешінің жұмысын реттеу қағидалары.

Параграф 64. Эмальдаушы, 2-разряд

232. Жұмыс сипаттамасы:

0,3 сантиметрден асатын ішкі мөлшердегі оюы бар штампаланған бұйымдарға бір түсті эмаль жағу;

эмаль жағылған бұйымдарды ыстықтай кептіруге дайындау;

бір түсті финифтянды бояумен күйдіргеннен кейін оюды көркемдеу.

233. Білуге тиіс:

бір түсті эмальды жағу, кептіру, ысқылау жолдары:

эмальдың жарамдылығын және эмал жағатын метал бетті дайындау сапасын айқындау әдістері;

эмальдың термиялық қасиеті;

бояу қырнауыш және араластырғышты пайдалану қағидалары.

Параграф 65. Эмальдаушы, 3-разряд

234. Жұмыс сипаттамасы:

0,2-0,3 сантиметр ішкі мөлшердегі оюы бар штампаланған және ширатылған бұйымдарға бір-екі түсті эмаль жағу;

қалғалағыш және қалқанды эмальды бұйымға үш ретке дейін арасында кептіру және күйдіруді ескере отырып бірнеше қабат эмаль жағу;

үш түске дейін финифтянды бояумен күйдіргеннен кейін оюды көркемдеп салу.

235. Білуге тиіс:

көп түсті эмальды жағу жолдары, эмальды оларды балқыту температурасын және тотық пленкасының пайда болу шарттарын ескере отырып жағу кезектілігі.

Параграф 66. Эмальдаушы, 4-разряд

236. Жұмыс сипаттамасы:

0,2 сантиметрге дейінгі ішкі мөлшердегі оюы бар штампаланған, ширатылған, басылған және филиграньды бұйымдарға төрт-бес түсті эмаль жағу;

кептіру және күйдіру режимін бақылау;

төрт түске дейін финифтянды бояумен күйдіргеннен кейін оюды көркемдеп салу;

балқыту температурасы әртүрлі үш түстегі, оның ішінде екеуі мөлдір түстегі эмаль жағу.

237. Білуге тиіс:

түрлі балқыту температурасындағы эмальды жағу жолдары;

эмальданған бұйымдарды кептіру және күйдіру қағидалары;

температураға байланысты эмаль түстерінің өзгеру заңдылықтары.

Параграф 67. Эмальдаушы, 5-разряд

238. Жұмыс сипаттамасы:

алты-жеті жартылай тонды эмаль жағу;

эмаль жағылған бұйымдарды күйдіру және төрт түстен асатын финифтянды бояумен одан әрі бояу;

эмаль тонға балқытылатын металл қосымшалары бар бұйымдарды орындау;
үш түсті балқытудың түрлі температурасында және мөлдір болып келетін эмальданатын учаскемен қатар рельеф бұйымдарға бес түске дейін эмаль жағу.

239. Білуге тиіс:

түсті үйлестіру және оюлы графикалық құру заңдылықтары;
дәнекерлеу және ажурлы ширатпа орындау әдістері;
кептіру және ыстықтай күйдіруде эмальдың қасиеті.

Параграф 68. Эмальдаушы, 6-разряд

240. Жұмыс сипаттамасы:

лессирлеу арқылы түспен және жарық көлеңкесімен рельефті бейне беретін ширатпалы бөлгішпен ойылған оюға жоғары көркемдік бұйымдарға эмаль жағу;
күрделі тақырыптық сурет немесе ойылған, рельефті және контррельефті бейнелер бойынша көп қабатты мөлдір эмаль жағу;
мөлдір эмальды бұйымдарды орындау. күрделі филиграньды оюларды жан-жақты рельефті бөлшектермен дәнекерлеу.

241. Білуге тиіс:

лессирлеу жолдары, графикалық және барельефті скульптуралық бейнелерді, жануарлар мен адамдардың пластикалық анатомиясын жасау негіздері;
портреттік бейнелеу жөніндегі эмаль жағу заңдылықтары.

4-тарау. Көркем бұйымдар жасау өндірісі (жалпы кәсіптер) жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Бағалы металдарды регенераторлаушы, 2-разряд

242. Жұмыс сипаттамасы:

бұлаулардағы қышқыл арқылы шаятын суды сүзгілеу;
берілген рецептура бойынша жылтырату пастасының қоспа компоненттерін өлшеу және түрлі құрылымдағы плиталарда пісіру;
қосалқы материалдардың қалдықтарын-құрамында бағалы және түсті метал бар қоқыс және шлифті жинау;
шлиф және кризді күйдіру және уату.

243. Білуге тиіс:

бұлаулардағы шаятын суды өңдеу және сүзгілеу және құрамында бағалы тастары бар қалдықтарды жинау;
араластыру нұсқаулықтары, кризді шлифтен айыру, уату тазалығы.

Параграф 2. Бағалы металдарды регенераторлаушы, 3-разряд

244. Жұмыс сипаттамасы:

ион алмастыру құрылғысында, бағалы металдардан тұратын шаю суын және өңдеу ерітіндісін сүзгілеу;

желдеткіш құбырлары мен тұндырғыштарды тазалау;

құрамында бағалы металы бар ион алмастыру шайырларын өңдеу;

тұнған су және шайырды булау, кептіру;

өңделетін материалдардан бағалы металдарды шығару;

ерекше улы заттары бар ерітінділерді бейтараптандыру және оларды ион алмастыру құрылғыларында өңдеу;

өңделген шлифтерді барботирлеу, сүзгілеу, кептіру, елеу, бағалы металдарды шығару мақсатында егеулеулерді өңдеу.

245. Білуге тиіс:

құрамында бағалы тастары бар шаю ерітіндісін ион алмастыру құрылғысында өңдеу және сүзгілеу нұсқаулығы;

шаю және крацтау суларын және шайырды бейтараптандырудың технологиялық процесі;

желдеткіш және тұндыру жүйесінің тәсімдері мен жұмыс принципі;

ион алмастыру құрылғысы мен механикалық елек құрылғысы және пайдалану қағидалары;

қолданылатын қышқыл және сілтілердің қасиеті және оларды бейтараптандыру қағидалары;

ерекше улы заттармен, қышқыл және сілтілермен жұмыс істегенде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары;

ерітінділерден алтынды қалпына келтіру және күмісті тұндыру әдістері;

қышқыл және тұнбаларды тұндырылған металдың сыртқы түріне қарай айыру.

Параграф 3. Дайындамалар мен көркемөнер бұйымдарын кептіруші, 2-разряд

246. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштың түрлі жыныстарынан, папье-машеден, металдан жасалған жартылай фабрикаттардан жасалған кесетін материалдарды, бөлшек дайындамаларын электр кептіргіш камераларда көркемдеп жазба жасау үшін бетін кезең-кезеңімен дайындай отырып кептіру;

кептіру процесін қадағалау, белгіленген режимді сақтау;

камераларға салу және босату.

247. Білуге тиіс:

электр кептіргіш камералардың қызметі мен қолдану принципі;

стеллаждардағы бұйымдарды орналастыру және оларды түсіру жолдары;
оларды пайдалану және күту қағидалары;
бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану қағидалары.

Параграф 4. Дайындамалар мен көркемөнер бұйымдарын кептіруші, 3-разряд

248. Жұмыс сипаттамасы:

көркем суретті лакталған эмаль жағылған көркемөнер бұйымдарының бөлшектерін,
жартылай фабрикаттарын электр кептіргіш камераларда кептіру;
камералардағы бұйымдарды орналастыру;
температуралық режимдер кестесіне сәйкес режимді ұстау;
температурасын өлшеу;
синтетикалық эмальдарды кептірудегі барлық қосалқы жұмыстарды орындау;
бұйымдардың кебуін кезең-кезеңмен тексеру.

249. Білуге тиіс:

кептіру жабдықтарының және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен
пайдалану қағидалары;
көркем суретті түрлі лакталған бұйымдарды кептірудің температуралық режимдері;
эмаль түрлері;
физикалық-химиялық қасиеттері;
кептірудің сапасына қойылатын талаптар.

Параграф 5. Инкрустатор, 3-разряд

250. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым суреттер бойынша ағаштан, металдан, сүйектен жасалған бұйымдарды
ағаштың құнды жыныстарымен, сабанмен, перламутрмен, металмен, сүйекпен,
мүйізбен, пластмассамен инкрустациялау;

даяр үлгі және сурет бойынша инкрустациялау материалын таңдау;
кесетін аспапты қайрау және түзеу.

251. Білуге тиіс:

қарапайым суреттер бойынша түсті фанерамен, сабанмен, перламутрмен, янтарьмен,
металмен, сүйекпен, мүйізбен, пластмассамен инкрустациялау тәсілдері;
түсті және қымбат металлдармен ою жолдары;
инкрустациялауда қолданылатын материалдардың қасиеті мен сапасы;
кесетін аспаппен ағашты өңдеу технологиясы;
түсті және желілік перспектива заңдылықтары.

252. Жұмыс үлгілері:

музыкалық аспаптардың дектері – панцирьді инкрустациялау және кесу.

Параграф 6. Инкрустатор, 4-разряд

253. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі суреттер бойынша ағаштан, металдан, сүйектен жасалған бұйымдарды ағаштың құнды жыныстарымен, сабанмен, перламутрмен, металмен, сүйекпен, мүйізбен, пластмассамен инкрустациялау;

орташа күрделіктегі геометриялық және өсімдік оюларын қолмен кесу және олардың сыртына сурет бойынша жабыстыру;

шаблон жасау.

254. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі суреттер бойынша түрлі материалдармен инкрустациялау тәсілдері;

түсті және қымбат металлдармен ою жолдары;

ағаш жыныстары, қасиеті және кемшіліктері;

аспаптар мен оларды қолдану шарттары;

қайрау қағидалары, арнайы желіммен жұмыс істеу қағидалары.

255. Жұмыс үлгілері:

1) ағаштан жасалған панноны;

2) базарлықты инкрустациялау.

Параграф 7. Инкрустатор, 5-разряд

256. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі суреттер бойынша ағаштан, металдан, сүйектен – ағаштың құнды жыныстарымен жасалған бұйымдарды, сабанмен, перламутрмен, металмен, сүйекпен, мүйізбен, пластмассамен инкрустациялау;

бұйымдардағы суреттерді белгілеу, сурет бойынша янтарь, пластмасса, сабан, ағаш, сүйек, мүйіз, қалайыдан сымды, күміс және алтынды арнайы құрылғыларда созылау тәсілімен дайындау;

бұйымдарды жылтырату және түпкілікті өңдеу.

257. Білуге тиіс:

күрделі суреттер бойынша түрлі материалдармен инкрустациялау тәсілдері;

суреттерді белгілеу тәсілдері мен трафареттер мен шаблондар жасау, инкрустациялау техникасында көркемөнер композициясын жасау тәсілдері;

инкрустациялау материалдарын дайындау және олардың физикалық қасиеттері мен сапасы.

258. Жұмыс үлгілері:

1) түсті панноның беткі рамалары;

2) әшекей бұйымдарды инкрустациялау.

Параграф 8. Инкрустатор, 6-разряд

259. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі суреттер бойынша ағаштан, металдан, сүйектен – ағаштан жасалған жоғары көркемөнер және бірегей құнды жыныстарымен, сабанмен, перламутрмен, металмен, сүйекпен, мүйізбен, пластмассамен инкрустациялау, сондай-ақ құнды және түсті металдармен қалайы, күміс және алтынмен ою;

жоғары дәлдікте және таза өңдеп барлық ықтимал стильді шрифтерді каллиграфиялық орындау;

түрлі тереңдікте қазып металл және сүйек бұйымдарға арнайы құрылғылармен сурет салу, ағашқа кесінділер жасау;

қалайы, күміс, алтын сым дайындау.

260. Білуге тиіс:

ерекше күрделі суреттер бойынша алтынмен, күміспен және қалайымен ағаш, қара металл, сүйектен жасалған көркемөнер бұйымдарға инкрустациялау тәсілдері;

сымды созғылау тәсілдері;

сүйек және мүйізді ою және тегістеу қағидалары;

бұйымдардағы суретті белгілеу және аудару жолдары;

қазба өрнегін жасау тәсілдері;

сұңғат өнері негіздері;

оюдың түр-түрі, түс білу және пластикалық анатомия негіздері.

261. Жұмыс үлгілері:

1) көркемөнер және зергерлік бұйымдар – янтармен инкрустациялау, мозаика жасау ;

2) бірегей сыналар – сурет салу;

3) сүйек және металл қораптар – күміс және алтынмен сурет салу.

Параграф 9. Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы, 1-разряд

262. Жұмыс сипаттамасы:

кенеп пен картонды сылау алдында дайындық жұмыстарын жүргізу;

ыдыс пен керек-жарақты дайындау;

шикізат пен материалды жеткізу;

кенепті жазу;

этикеткаларды жабыстыру және оларды таңбалау.

263. Білуге тиіс:

кенепті жазу, этикеткаларды жабыстыру және оларды таңбалау тәсілдері, ыдыс пен керек-жарақтың мақсаты.

Параграф 10. Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы, 2-разряд

264. Жұмыс сипаттамасы:

картонды сылақ қабатын жағуға дайындау;
картонды ілгіштерге ілу және эмульсиялық картонды құндақтарға орналастыру;
дайын картонды алу және қабаттарды түзету және толық кептіру үшін қатарлап жазу;

кенептегі жіптің бос ұшын кесу және торапты теріс сығып шығару;
пемза мен пеноқыш қол арамен аралау;
пемза мен пеноқышты зімпара шеңбермен қайрау;
картонды орау қағазына орау.

265. Білуге тиіс:

эмульсиялық картонды құндақтарға орналастыру және май картонды ілгіштерге ілу тәсілдері;

пемза мен пеноқышты аралау және қайрау кезіндегі жұмыстың тәсілдері;
жіпті кесу кезінде құралды пайдалану қағидалары;
картонның кебу дәрежесі мен оның орауын анықтау тәсілдері.

Параграф 11. Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы, 3-разряд

266. Жұмыс сипаттамасы:

кенепті сылақ қабатын жағуға дайындау;
кенепті пемзамен және пеноқышпен өңдеу;
кенептің шаңын, костриктері мен пемзаның қалдықтарын шаңсорғышпен сору;
кенептің артикуліне байланысты түктің көтерілу дәрежесін анықтау;
дайын сыланған кенебін алу, оны өзекке илеу;
бір бетін ғана эмульсиямен қаптай отырып, қағаздың екінші бетін желімдей отырып картон жасау;

электр бұрғының көмегімен картоннан саңылау бұрғылау.

267. Білуге тиіс:

эмульсиялы құрамның рецептурасы мен оны дайындау технологиясы;
сылақ қабатының кезектілігі мен жағу температурасы;
кенепті пемзалау және оның бетіндегі шаңды тазалау, оны кебу және оралу дәрежесін айқындау тәсілдері;
картонның екінші бетіне қағаз жабыстыру тәсілдері;
картонның сапасына қойылатын талаптар.

Параграф 12. Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы, 4-разряд

268. Жұмыс сипаттамасы:

сылақты кенеп пен картонға жағудың кезектілігі;

кенепті рамаға және кергішке керу, кенепті өлшем бойынша кесу және картонға жабыстыру үшін қолмен жазу;

кенепті картонға жабыстыру;

кенепті бобинаға немесе түптеу картонына орамаға орау.

269. Білуге тиіс:

жартылай майлы, казеин, құмды-желімді сылаққа арналған сылақ құрамының рецептурасы мен дайындау технологиясы;

сылау қабатын қолмен жағу технологиясы;

кенепті біркелкі керу тәсілдері, қолданылатын құралдарды пайдалану қағидалары;

кенептің артикулі, кенепті картонға жазу және жабыстыру қағидалары.

Параграф 13. Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы, 5-разряд

270. Жұмыс сипаттамасы:

сылақты кенеп пен картонға механикаландырылған желіде жағудың кезектілігі;

кенепті панорама мен диорамаларға арналған кергіштерде сылау;

торға кенеппен шекара қою;

картонды май сылақпен мелкография тәсілімен сылау;

271. Білуге тиіс:

сылақты кенеп пен картонға механикаландырылған желіде жағу технологиясы;

илем машинасы рамасының құрылысы және май сылақты жағуға арналған машиналар, мелкография тәсілімен сылау тәсілдері;

мелкографияға арналған станоктың құрылысы мен оны пайдалану қағидалары;

сылақтың, кенеп пен картонның сапасын анықтау бойынша техникалық шарттар;

кенепті кептіру және ұстау режимі.

Параграф 14. Көркемөнер бұйымдарын бақылаушы, 2-разряд

272. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдардан, пластмассадан, ағаш, тас, сүйек, папье-маше, шыны және өзге де материалдардан жасалған қарапайым көркемөнер бұйымдары мен бөлшектердің сапасын сыртына қарай және қарапайым бақылау-өлшеу аспаптарын (шаблондарды, калибрлерді, қапсырғыштарды) пайдаланып бақылау;

жай дайындамаларды немесе бөлшектерді жекелеген операцияларда, сондай-ақ шикізат және материалдарды қабылдау;

жай бөлшектерді металмен қаптағаннан кейін бақылау;

нұсқаулық бойынша іріктеу нәтижелерін есепке алу және жазу.

273. Білуге тиіс:

жай көркемөнер бұйымдарын, бөлшектерді, дайындамаларды қабылдау қағидалары мен сапасын бақылау тәсілдері;

кабылданатын бұйымдар мен бақылау объектілерінің нұсқаулықтары мен техникалық талаптары;
жарамды және іріктелген бақылау объектілерін таңбалау қағидалары;
жаппай өнімді қабылдауға арналған қажетті арнайы бақылау-өлшеу аспабының және құрылғыларының құрылымы мен қолданылуы;
ақау түрлері;
іріктеу нәтижелерін жазудың негізгі түрлері.

274. Жұмыс үлгілері:

- 1) папье-машеден жасалған домино бөшкелері, қораптары – сапасын тексеру, лакпен қаптау;
- 2) төс белгілер, плакеткалар – метал жағу сапасын бақылау;
- 3) янтарь және пластмассадан жасалған тегіс, көлемді бұйымдар – бұйымдардың жарығын, дақтарын, күйген жерлерін, тегіс жылтырамаған жерлерін тексеру;
- 4) тастан жасалған күлсалғыштар, лоткалар, қораптар – өңдеу сапасын бақылау;
- 5) тегіс шпилькалар, сүйек және мүйізден жасалған түймелер – сапасын бақылау.

Параграф 15. Көркемөнер бұйымдарын бақылаушы, 3-разряд

275. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарының, жекелеген тораптар мен бөлшектердің сапасын бақылау-өлшеу аспаптармен бақылау;
біркелкі және қорғау қабатын жағуды бақылау;
жылтырату технологиялық процесінің орындалуын жаққанға дейін және кейін бақылау;
гауһар тас өндірісіндегі қосалқы материалдардың сапасын бақылау.

276. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарының сапасын бақылау тәсілдері;
қолданылатын бөлшектер мен бұйымдардың техникалық шарттары;
технологиялық процесс негіздері;
бөлшектер мен бұйымдарды өңдеудегі шектеулер жүйесі;
сызбалар жасау мен техникалық шарттар бойынша дәлдігін тексеру.

277. Жұмыс үлгілері:

- 1) сүйек және мүйізден жасалған брошьтар, моншақтар, запонкалар, инесалғыштар, ілмектер – бұйымдардың геометриялық параметрлерін, өңдеу сапасын бақылау;
- 2) бұрышы байланған, екіжақты фаскалы, "кабюшон" формалы тастан жасалған зергерлік бұйым қосымшалары – өңдеу сапасын бақылау;
- 3) геометриялық бұрандалы ағаштан жасалған сөрелер, скамейкалар, қобдишалар – геометриялық параметрлерін, бұранда сапасын, үндестілігін, лактың тегіс жағылуын, қоқыстың болмауын бақылау;

4) көркем жазбалы металдан және папье-машеден жасалған қобдишалар – геометриялық параметрлерін, лак қабатының, жазба сапасын, корпус бойынша мөлшері, түс гаммасы бойынша сәйкестігін бақылау.

Параграф 16. Көркемөнер бұйымдарын бақылаушы, 4-разряд

278. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі көркемөнер бұйымдарының, бөлшектердің, тораптардың, құймалардың сапасын бақылау;

күрделі және жауапты бөлшектер мен тораптарды термиялық өңдеу түрлерін бақылау;

кондиционды емес өнімнің жарнамалық актілерін ресімдеу;

операциядан кейін жартылай фабрикаттардың сапасын үлкейту лупалары, штангенциркуль, индикатор, сағат проекторы арқылы көзбен бақылау;

карат таразыларында өлшеу;

аралау операциясында жартылай фабрикаттардың сапасын бақылау.

279. Білуге тиіс:

күрделі көркемөнер бұйымдарының сапасын бақылау тәсілдері;

қабылданатын бөлшектер, бұйымдар мен жинақтау жұмыстарының техникалық шарттары;

бақылау объектілерін техникалық қабылдау және сынау, бақылау-өлшеу аспаптары, құрылғылары мен аспаптарын пайдаланып техникалық шарттар, сызбалар және нұсқаулықтар бойынша құжаттарды ресімдеу қағидалары;

бақылау-өлшеу аспаптарын, сынау аппаратурасын теңшеу қағидалары;

жинақтау және бөлшектеу сызбаларын оқу, кристаллография негіздері;

алмасты физикалық-химиялық және механикалық қасиеті;

алмастан жасалған жартылай фабрикаттардың техникалық шарттары;

алмас және гауһар тастардың көтерме баға прейскуранттары;

алмастан жасалған жартылай фабрикаттардың технологиялық процесі мен технологиялық карталары;

алмастан жасалған жартылай фабрикаттар жасауда қолданылатын құралдар мен технологиялық керек-жарақтар.

280. Жұмыс үлгілері:

1) рельеф бұрандалы табақтар, құмыралар, панно, шөміштер – бұранда, лак қабатының сапасын бақылау;

2) декоративтік құмыралар, қораптар, көркемделген жиһаз жинақтары, ағаштан жасалған түрлі мөлшердегі матрешкалар, күрделі және папье-машедан жасалған қобдишалар – геометриялық мөлшерлерді, көркемдеген ою, тораптардың және өңдеу сапасын тексеру;

3) күрделі конфигурациялы кубиктер мен құмыралар – жекелеген тораптарды құрастыру және қиыстыру сапасын, жалпы бұйымдардың суретшінің эскизі бойынша сәйкестігін бақылау;

4) күрделі көркем бұрандалы опа салғыштар, пышақтар, мундштуктар, сүйек, мүйіз және металдан жасалған құрамалы бұйымдар – өңдеу сапасын, құрамалы бұйымдардың сапасын бақылау.

Параграф 17. Көркемөнер бұйымдарын бақылаушы, 5-разряд

281. Жұмыс сипаттамасы:

суретшінің эскизіне, эталонға немесе даяр үлгіге сәйкес бұйымдарды құю үшін ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарының, бөлшектердің, штампылардың, нығыздауыш формалардың, модельдердің, кокильдердің сапасын бақылау;

жұмыс орындарындағы технологиялық шарттар мен операциялардың дұрыс орындалуын тексеру;

арнайы бақылау-өлшеу аспабы мен күрделі құралдарды пайдаланып мемлекеттік стандарт бойынша дәлдік және өңдеу түлеріне сәйкес өңдеу тазалығын айқындау;

үлкейту лупасының көмегімен жартылай фабрикаттарды алмастан үлкен формалардағы гауһарға өңдеу сапасын тексеру;

бұрыш өлшегіштердің, өлшеу лупаларының, штангенциркульдің көмегімен жартылай фабрикаттардың алмастан гауһарға геометриялық параметрлерін өлшеу;

282. Білуге тиіс:

бақылау объектісіне қойылатын техникалық шарттар мен талаптар;

қабылданатын бұйымдарды жасау және құрастыру технологиялық процесі;

түрлі күрделіктегі сызбаларды оқу, технологиялық карталарды, анықтамалықтарды, кестелерді пайдалану қағидалары;

бақылау объектілерін техникалық қабылдау және сынау жөніндегі құжаттаманы жасау және ресімдеу;

крат, талдамалық таразылардың құрылымы.

283. Жұмыс үлгілері:

1) декоративтік табақтар – өңдеу сапасын бақылау;

2) тастан жасалған фигуралық құмыралар, кубоктар, қатты тастан жасалған мозаикалық қабырғаға ілетін панно – өңдеу сапасын бақылау;

3) көрме матрешкалары, ағаштан жасалған қобдишалар – геометриялық параметрлерін, ою, өңдеу сапасын бақылау;

4) сүйек және мүйізден жасалған скульптуралар – өңдеу сапасын бақылау.

Параграф 18. Көркемөнер бұйымдарын жылтыратушы, 1-разряд

284. Жұмыс сипаттамасы:

жұмсақ жынысты тастардан, металдан жасалған қарапайым көркемөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарын қолмен және жылтырату және тегістеу машиналарында жылтырату және тегістеу;

жылтыратылған бұйымдарды шаю және кептіру;

өңдеу тастарынан жасалған бөлшектер мен дайындамаларды таңдау, оларды желімнен және мастикадан тазарту және желімдеу;

жылтырату пасталары мен мастикаларын даяр рецептілер бойынша құрастыру және жасау.

285. Білуге тиіс:

қарапайым көркемөнер бұйымдарын қолмен және станоктарда тегістеу және жылтырату жолдары;

тастың жұмсақ жыныстарының қасиеті;

жылтырату материалы мен оның қасиеті.

286. Жұмыс үлгілері:

белгілер, сақиналар, портсигаралар, стопкалар – тегістеу, жылтырату.

Параграф 19. Көркемөнер бұйымдарын жылтыратушы, 2-разряд

287. Жұмыс сипаттамасы:

тастан, ағаштан, папье-машеден жасалған орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарын және түсті және асыл металдан жасалған ыдыс тобындағы бұйымдарды қолмен және жылтырату және тегістеу машиналарында абразивті қолмен және автоматты түрде жіберіп түрлі пасталарды пайдалана отырып жылтырату және тегістеу;

технологиялық карта бойынша өңдеудің технологиялық кезектілігін бекіту.

288. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын қолмен және станоктарда тегістеу және жылтырату жолдары;

түрлі үлгідегі жылтырату және тегістеу станоктарының құрылымы;

тегістеу және жылтыратуда қолданылатын құрылғылар мен аспаптардың қызметі және қолданылуы.

289. Жұмыс үлгілері:

1) папье-машеден жасалған бочаталар, опа салғыштар;

2) тегіс брошьтар, сақиналар;

3) өңдеу тасынан жасалған қоспалар;

4) ағаштан жасалған қобдишалар – тегістеу және жылтырату.

Параграф 20. Көркемөнер бұйымдарын жылтыратушы, 3-разряд

290. Жұмыс сипаттамасы:

тастан, ағаштан, папье-машеден, сүйектен және мүйізден жасалған күрделі көркемөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарын және түсті және асыл металдан жасалған ыдыс тобындағы бұйымдарды қолмен және жылтырату және тегістеу машиналарында жылтырату және тегістеу;

бөлшектер мен қосымшаларды зергерлік бұйымдарға, бұрыштары байланған, екіжақты фаскалы және "кабошон" формалы тастарды қолмен тегістеу, жылтырату және жетілдіру;

станокты баптау.

291. Білуге тиіс:

күрделі көркемөнер бұйымдарын тегістеу және жылтырату жолдары;

жылтырату және тегістеу станоктарының жұмыс істеу принциптері мен баптау қағидалары;

өңделетін материалдардың қасиеті.

292. Жұмыс үлгілері:

1) папье-машеден жасалған баулдар, қобдишалар;

2) жартылай асыл тастардан жасалған брошьтар, сақиналар, сырғалар;

3) сүйектен жасалған түймелер;

4) күрделі суреті бар табақтар

5) тарақ тәрізді мүйізді пластиналар;

6) мрамордан жасалған жазба құралдар;

7) контурлы және тегіс рельефті кесілген ағаштан жасалған шкафтар, аптечкалар, тәрелкелер – тегістеу және жылтырату.

Параграф 21. Көркемөнер бұйымдарын жылтыратушы, 4-разряд

293. Жұмыс сипаттамасы:

тастан, ағаштан, папье-машеден, сүйектен және мүйізден жасалған ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарын және түсті және асыл металдан жасалған ыдыс тобындағы бұйымдарды қолмен және жылтырату және тегістеу машиналарында түрлі құрылғылар мен материалдарды пайдаланып жылтырату және тегістеу;

жекелеген бөлшектерді талап етілетін мөлшерге дейін, материалдардың декоративтік сапасын барынша анықтай отырып бұрыштар мен суреттерді тегістеу, жылтырату және жетілдіру.

294. Білуге тиіс:

ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарын тегістеу және жылтырату жолдары;

әмбебап және арнайы құрылғылардың құрылымы;

бұйымдардың жылтыратылған бетінің сапасына қойылатын техникалық талаптар;

шектеулер мен жетілдіру.

295. Жұмыс үлгілері:

- 1) білезіктер, кулондар, сырғалар – тегістеу, жылтырату;
- 2) күрделі кескінді және қырлы қораптар мен қобдишалар – жылтырату;
- 3) сүйектен жасалған кубиктер – тегістеу, жылтырату;
- 4) панно, табақтар, құмыралар, шөміштер – жылтырату;
- 5) сүйектен жасалған скульптуралар – тегістеу және жылтырату.

Параграф 22. Көркемөнер бұйымдарын құюшы, 2-разряд

296. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдардан жасалған қарапайым және орташа күрделіктегі бөлшектер мен көркемөнер бұйымдарын және олардың қорытпаларын, шойын және болатты кокильге немесе формаларға құю;

балқыту барысын қадағалау;

тигльдер мен пештерді балқытуға дайындау;

шикіқұрамды дайындау және оны салу;

машинадан формаларды немесе құймаларды алу;

формаларды металл құюға дайындау;

сыртын қарап құю арқылы сапасын айқындау.

297. Білуге тиіс:

түсті металдарды, болат және шойынды балқыту және құю технологиялық процесі; құю пештері мен құрылғыларының қолдану принципі мен пайдалану қағидалары;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары, кокильдің қызметі, оны дайындау және құю қағидалары;

даяр құймаларға қойылатын талаптар.

298. Жұмыс үлгілері:

1) құмыралар;

2) көркемөнер композициялары мен скульптураларының құрама бөлшектері;

3) аң фигураларын құю.

Параграф 23. Көркемөнер бұйымдарын құюшы, 3-разряд

299. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдардан жасалған күрделі бөлшектер мен көркемөнер бұйымдарын және олардың қорытпаларын, шойын және болатты кокильге немесе формаларға құю;

балқытылған модельдер бойынша күміс және алтыннан жасалған күрделі конфигурациялы көркемөнер бұйымдарын құю;

арнайы режим бойынша блоктарды бояу және кептіру;

бояуларды дайындау;

модельді құрамды күйдіру;

магний қорытпасын балқыту.

300. Білуге тиіс:

күрделі көркемөнер, скульптуралық және зергерлік бұйымдарға арналған құнды металдарды балқыту технологиялық процесі;

шикіқұрам материалдарының қасиеті, қызметі және құрамы, олардың металдың қасиетіне және сапасына әсері;

түрлі лигатураларды әзірлеу тәсілдері;

қышқылдағыштар мен флюстар, олардың қасиеті мен металдың сапасына әсері;

құю кезіндегі металл мен балқымалардың температурасы.

301. Жұмыс үлгілері:

1) зергерлік бұйымдарды;

2) статуялар мен бюсттер, скульптура блоктарын құю.

Параграф 24. Көркемөнер бұйымдарын құюшы, 4-разряд

302. Жұмыс сипаттамасы:

құнды металдардан жасалған балқытылған модельдер бойынша ерекше күрделі конфигурациядағы зергерлік және көркемөнер бұйымдарын құю;

түрлі әдістермен түсті және қара металдар мен балқымалардың бетіндегі жұқа және фигуралы шықпалары бар ерекше күрделі және маңызды, қабырғалары жұқа және іші металл бөлшектерді құю;

арнайы режим бойынша аммиакта және хлорлы аммонийде өңдеу, құю және кептіру;

арнайы құрылғыларға қызмет көрсету;

вакуумдағы металды балқыту және құю.

303. Білуге тиіс:

вакуумдағы металды балқыту және құю технологиялық процесі;

бақылау-өлшеу аппаратураны пайдалану қағидалары;

зергер бұйымдардың блоктарын бояу және оларды арнайы режим бойынша кептіру.

304. Жұмыс үлгілері:

1) барельефтер;

2) жұқа суреті бар зергерлік бұйымдар;

3) көп фигуралы композицияларды құю.

Параграф 25. Көркемөнер бұйымдарын лактаушы, 1-разряд

305. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым көркемөнер бұйымдарын лактау;

лак жағудан алдын бұйымдарды кептіру.

306. Білуге тиіс:

қарапайым бұйымдардың бетіне лакты біркелкі етіп жағу жолдары, лак жағудан алдын бұйымды кептіру қағидалары мен режимі.

307. Жұмыс үлгілері:

- 1) лотоктар, күл салғыштарды;
- 2) тастан жасалған қобдишаларды лактау.

Параграф 26. Көркемөнер бұйымдарын лактаушы, 2-разряд

308. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын лактау;
арнайы кептіру құрылғыларында кептіру;
түрлі бөлшектерге маржан түс лакты жағу;
эталон бойынша акрелатқа жағу үшін түрлі маржан түстегі лак әзірлеу;
маржан патты оның түсіне қарай мөлшерлеу;

температуралық жағдайларға байланысты еріткіштердің үйлесуі мен мөлшерін өзгертіп отыру.

309. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі бұйымдардың бетіне лак жағу технологиясы;

белгілі бір материал бойынша жағу үшін лак қоспасын әзірлеу, лак әзірлеуде қолданылатын заттардың негізгі қасиеті;

ареометрді ұстау қағидалары.

310. Жұмыс үлгілері:

- 1) төс белгілерді, белгілерді, медальдар, ордендерді;
- 2) алқа шариктері жиынтығын;
- 3) тастан жасалған скульптураларды лактау.

Параграф 27. Көркемөнер бұйымдарын лактаушы, 3-разряд

311. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі конфигурациядағы көркемөнер бұйымдарын лактау;

ішкі бетін миниатюралық суретпен және қызыл бояумен безендіруге дейін папье-машеден жасалған бұйымдардың сыртқы бетін қара лак жағуға, гальваникалық қабат жағуға жатпайтын бұйымдардың бетін ішінара әдісімен лактау;

томпақтан жасалған бұйымдарды бояу, лактау, сырлау, қабаттау;

пультверизатордың көмегімен өзекше формальдегидті эмаль, "УВЛ" лак жағу;

лақтың сапасын айқындау;

бояғыштар, лак еріткіштерін әзірлеу.

312. Білуге тиіс:

лактауда қолданылатын күрделі конфигурациядағы бұйымдарды;

құрылғыларды лактау технологиясы;

лакталатын бетке қойылатын талаптар;
қолданылатын бояулар мен еріткіштердің қасиеті;
лак қоспасын әзірлеу және түзету тәсілдері;
кептіргіш шкафтарда кептіру режимдері мен температурасын реттеу қағидалары.

313. Жұмыс үлгілері:

- 1) томпақ білезіктер;
- 2) папье-машеден жасалған қораптар, панноларды лактау.

Параграф 28. Көркемөнер бұйымдарын лактаушы, 4-разряд

314. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарын қолмен және пульверизатор көмегімен жазылған көркемөнер бұйымдарының бетінде жылтыр пленка пайда болғанға дейін лактау;

бояуды бекіту және түс гаммасын сақтау мақсатында ағаштан жасалған бұйымдарға олифа және лакты бірнеше рет жағу;

лактың сапасын айқындау.

315. Білуге тиіс:

ерекше күрделі бұйымдарды лактау технологиясы;

лактау бұйымдарының бетін дайындаудың техникалық талаптары.

316. Жұмыс үлгілері:

- 1) декоративтік құмыралар;
- 2) папье-машеден жасалған бұйымдар;
- 3) опа салғыштар, қобдишалар;
- 4) ағаштан жасалған сыяпаттар.

Параграф 29. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы 1-разряд

317. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым нақыштау аспабын қолданып алюминийден құйылған бөлшектерге қарапайым ою нақыштау;

нақышталатын бұйымдардың: рама, жәшік, қорап, шыны аяқ, обручниктердің астына қоятын ыдыстарды жасау;

жаймалық түсті металдан жасалған сұңғат өнері шығармасының бөлшектерінде дәнекерлеуден қалған жапсарларды тазалау, өңдеуден алдын құйманы тазалау;

дайындамаларды ағарту, өңдеу және шаю, нақыштау үшін дайындамаларды шайырлау, нақышталатын ыдыстарға шайыр құю;

көлемді бұйымдардың астына шайырланған ұяшықтарды дайындау;

пісірілген ақаулы жерлерді өңдеу;

нақышталған жартылай фабрикаттарды оны арасында күйдіріп және ағартып қайта шайырлау.

318. Білуге тиіс:

қарапайым оюлы бөлшектерге нақыштау жолдары;
нақышталатын дайындамаларды дайындау қағидалары;
жапсарларын өңдеу қағидалары;

металдың атаулары, таңбалау және негізгі механикалық қасиеті;

металдардың механикалық қасиетіне байланысты бөлшектерді шайырлау үшін шайырды әзірлеу рецептурасы;

қарапайым нақыштау аспабын әзірлеу жолдары;

құрылғылар мен аспаптардың қызметі;

қолдану қағидалары мен шарттары;

бұйымдарды шайырлау және қайта шайырлау тәсілдері.

Параграф 30. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы, 2-разряд

319. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым көркемөнер бұйымдарында және сәулет құймасындағы ірі табиғи оюларды нақыштау және ою;

түрлі фасондар мен мөлшердегі расходниктердің контурын нақыштау;

канфарниктермен фонды өңдеу;

нақыштау тістерімен фонды тарау;

канфарник арқылы металға сурет контурын салу;

құрастыруда бөлшектерді бекіту орнына нақыштау;

нақышталатын металл немесе құймаларды дайындау, бетін тегістеу және тазалау;

баббит және шайыр құю үшін гипсті формаларды дайындау;

механикалық құралдармен жіктерді тазарту;

жайма мысын күйдіру;

суретті дайындау, оны металға белгілеу және аудару.

320. Білуге тиіс:

қарапайым көркемөнер бұйымдарын, көлемді заттарды нақыштау әдісімен нақыштау жолдары;

жаймалық металдан бөлшектерді ою тәсілдері;

түсті металдар мен балқымалардың бағалы сыналары мен маркалары, оларды негізгі механикалық қасиеттері;

жайма мысын күйдіру технологиясы;

түрлі металдан жасалған бұйымдарды нақыштауда қолданылатын шайырдың құрамы.

321. Жұмыс үлгілері:

- 1) скульптуралық шығармалардың бөлшектері – ою;
- 2) ұстаған астына қоятын ыдыстар, стопкалар – түрлі формада және суретпен нақыштау.

Параграф 31. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы, 3-разряд

322. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарында және сәулет құймасындағы орташа күрделіктегі геометриялық және табиғи оюларды нақыштау және ою;

барельефтердің, тұратын скульптуралардың күрделі емес жерлерін нақыштау;

жаймалық металдан жасалған орташа күрделіктегі бөлшектерді белгілеу, ою;

ойылған бөлшектерді дәнекерлеуге дайындау;

даяр мөлшерлер бойынша каркас бөлшектерін дайындау.

323. Білуге тиіс:

сәулет құймасы көркемөнер бұйымдарында орташа күрделіктегі нақыштау жолдары

;

ою технологиясы, механизмдердің, әмбебап және арнайы құрылғылардың, аспаптардың құрылымы, пайдалану шарттары мен қағидалары;

бұйымдарды күйдіру технологиясы, өңделетін металдар мен балқымалардың атауы, таңбалануы және механикалық қасиеті.

324. Жұмыс үлгілері:

1) шеті жабық білезіктер, брошьтар – нақыштау;

2) дөңгелек құмыралар – нақыштау;

3) панно, тәрелкелер – нақыштау.

Параграф 32. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы, 4-разряд

325. Жұмыс сипаттамасы:

жаймалық металл және үлгіні өз бетінше пішіп, отырғызып және созғылап күрделі көркемөнер бұйымдарында нақыштау және ою;

жазықтықта және күрделі конфигурациялы көлемді заттарда рельеф жазықтығын айқастырып жан-жақты рельефті және горельефті скульптуралық суреттерді, геометриялық және табиғи формаларды нақыштау;

сурет көлемі 1-ден 3 сантиметрге дейінгі жан жақты табиғи және геометриялық оюлар мен шрифтілерді, көлемді скульптуралық горельефтер мен барельефтерді нақыштау;

рельефті ою бөлшектерін ойып дайындамалардың сыртқы бетіндегі контурды нақыштау;

ұсақ рельефті бұйымдарға нақыштау;

модель фактурасына сәйкес дәнекер жіктерін өңдеу және нақыштау.

326. Білуге тиіс:

күрделі көркемөнер бұйымдарын нақыштау жолдары;

күрделі конфигурациялы бұйымдарды нақыштау жолдары;

фактуралық өңдеу түрлері;

әмбебап, арнайы нақыштау аспаптары мен құрылғылар жасау тәсілдері, құрылымы, оларды термоөңдеу қағидалары;

барельефтік, горельефтік және көлемді скульптуралық суреттерді, табиғи, геометриялық формалар мен шрифтiлердi құю жөнiндегi нақыштау жолдары;

табиғи және геометриялық ою және шрифтiлердiң суретiн құрастырудың негiзгi заңдары;

бабиттен жасалған күрделі бөлшектерді құю технологиясы;

нақыштаудан алдын шайыр құю және шайыр пісіру технологиясы.

327. Жұмыс үлгілері:

1) сәулет нақыштарының бөлшектері – ою, нақыштау;

2) қант салғыштар – ою және нақыштау.

Параграф 33. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы, 5-разряд

328. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарында жан-жақты, табиғи және геометриялық оюлар мен шрифтiлердi, көлемдi скульптура бөлшектерiн, күрделi фактурадағы күрделi композициялық позадағы портрет фигураларының бөлiктерiн, скульптуралық бейнелер салынған горельефтер мен барельефтердi нақыштау;

суретiн 3 сантиметрден 5 сантиметрге дейiн және ерекше күрделi портреттер мен декоративтi фигураларын көтерiп ерекше күрделi скульптуралық шығармалары мен архитектуралық ойылған бөлшектердi (одақ республикалар елтаңбалары, орден белгiлерi, табиғи және геометриялық оюлар) ою, кесу, нақыштау.

329. Білуге тиіс:

бағалы, түсті, қара металдар мен олардың қорытпаларына ерекше күрделі көркемөнер нақыштау жолдары;

скульптуралық-барельефті бейнелерді салу және тегіс, рельефті, көлемді бейнелерді қысқартудың негізгі заңдары;

скульптуралық мүсіндеу жолдары;

құю және пісіру технологиясы негіздері;

пісіруден кейін түзету тәсілдері;

гипс формадағы бабиттен жасалған бөлшектерді құю тәсілдері;

бабит құюға формаларды дайындау;

нақыштау үшін шайырды пісіру рецептурасын дайындау қағидалары.

330. Жұмыс үлгілері:

- 1) кубиктер – ою, нақыштау;
- 2) ларецтер – сәулет имараты миниатюралық бейнелі фризді нақыштау (миниатюралық горельеф).

Параграф 34. Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы, 6-разряд

331. Жұмыс сипаттамасы:

бірегей және көрмелік бұйымдарды және сәулет мүсіндеу бөлшектерін жекелеген блоктармен: портреттік, барельефтік, горельефтік және контррельефтік бейнелерді нақыштау, ою және монтаждау;

ою және фигураларды бейнелеп горельефтерді, барельефтерді, көркем-декоративтік құйма және кокильдерді нақыштау;

портреттік бейнелерді дифтілеу, ерекше күрделі табиғи және геометриялық оюлардың суретін 5 сантиметрге көтеріп және фактураны өңдеп кесу және нақыштау.

332. Білуге тиіс:

сұңғат, сурет, мүсіндеу, композиция элементтері, жануар және адамдардың пластикалық анатомиясы;

металдардың физикалық және механикалық қасиеттері;

қолданылатын аспаптың барлық түрлері және оны жасау тәсілдері, кокиль жасау және оларды нақыштау жолдары;

жарық көлеңкесінің мәні және оған жету тәсілдері;

тондау құрамды пайдалану қағидалары.

333. Жұмыс үлгілері:

1) медаль және белгілердің модельдері – нақыштау;

2) скульптура – жекелеген бөліктерін ою, монтаждау.

Параграф 35. Көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 1-разряд

334. Жұмыс сипаттамасы:

рельефті үлгі бойынша тазалап қылқаламмен немесе арнайы қарындашпен нитро немесе офсетті бояу жағу арқылы түрлі материалдардан жасалған қарапайым көркемөнер бұйымдарын өңдеу;

оксидирлеу үшін суреттеу жұмыстарын орындау;

сіндіргіш жағу, қылқаламмен балауыздау, бояу;

бұйымдардың бетін бояуға дайындау;

бояғыштарды дайындау.

335. Білуге тиіс:

қарапайым формадағы көркемөнер ұйымдарын өңдеу тәсілдері;

бояу үшін бұйымдардың бетін дайындау қағидалары;

нитро және офсетті бояулар мен еріткіштердің қасиеті;

белгілі бір жұмысқа арналған қылқаламның қасиеті;
балауыздау, сіндіру және бояу жолдары;
рельефтерді еріткіштер және арнайы құралмен тазалау тәсілдері.

336. Жұмыс үлгілері:

- 1) құмыралар;
- 2) белгілер;
- 3) ұстағанның асты;
- 4) плакеткаларды бояу.

Параграф 36. Көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 2-разряд

337. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі конфигурациялы түрлі материалдардан жасалған орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарды қылқаламмен және арнайы қарындашпен, пульверизатормен және бояу бұлауларында аунату әдісімен өңдеу;

скульптуралар мен миниатюраларды тондау, балауыздау, қылқаламмен бояу;
бояуларды құрастыру, бояу бұлауларына бояғыштар мен химикаттар салу.

338. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын өңдеу тәсілдері мен технологиясы,
бояғыштар әзірлеу рецептурасы.

339. Жұмыс үлгілері:

- 1) конв шайқағыштар;
- 2) ағаштан жасалған матрешкалар, ойыншықтар;
- 3) опа салғыш, сандық, қобдишалар;
- 4) шаңын формадағы ағаштан жасалған скульптураларды – бояу.

Параграф 37. Көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 3-разряд

340. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі материалдардан жасалған күрделі көркемөнер бұйымдарды қолмен және пульверизатормен және бояумен олардың бетін алдын ала бояп және тегістеп өңдеу;

тік сызықты формадағы ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарына бояу сіндіру;
үлгі эталон және суретшінің эскизі бойынша сіндіргіштер мен бояуларды әзірлеу және таңдау.

341. Білуге тиіс:

пульверизаторлар мен бояу камераларының құрылымы;

бояу, тегістеу жолдары, бояу, лак және еріткіштер, бұйымдарды бояудың техникалық талаптары;

боялған бұйымдарды кептіру режимі.

342. Жұмыс үлгілері:

- 1) брошьятар, сөрелер, үстелдер, орындықтар – бояу;
- 2) скульптуралық композициялар – бояу;
- 3) беті тегіс қораптар мен қобдишалар – сіндіру;
- 4) ларецтер, ілетін паннолар – бояу.

Параграф 38. Көркемөнер бұйымдарын өңдеуші, 4-разряд

343. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі материалдардан жасалған ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарды қолмен және пульверизатормен өңдеу;

геометриялық және тегіс рельефті кесілген ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарына тампон, щетка және пульверизатордың көмегімен қолмен фонды таңдап бояу сіндіру;

сіндіру бояуын өз бетінше әзірлеу;

щетканы, пульверизаторды тазалау және шаю.

344. Білуге тиіс:

геометриялық және тегіс рельефті кесілген бұйымдарға бояу сіндіру жолдары;

кесу техникасының ерекшеліктері;

сіндіру бояуының құрамы, түс құрастыру негіздері;

даяр бұйымдардағы лактың әсерінен сіндіру бояуы түсінің өзгеруі.

345. Жұмыс үлгілері:

1) декоративтік паннолар, липадан жасалған тегіс кесілген табақтар жаңғақ, қызыл ағаш түсіне бояу;

2) фонды таңдап кесілген қобдишалар, құмыралар, шөміштер – бояу сіндіру.

Параграф 39. Көркемөнер бұйымдарын парафиндеуші, 2-разряд

346. Жұмыс сипаттамасы:

бұлауларда және құрылғылардағы көркемөнер бұйымдарына қолмен парафин жағу және сіндіру;

талап етілетін сападағы парафин ерітіндісін құрастыру;

парафиндеуге бұйымдарды дайындау;

бұйымдардағы жарықтар мен раковиналарды бекіту;

парафин жағу алдында талап етілетін температураға дейін бұйымдарды қыздыру;

бұйымдарды ысқылау және кептіру;

парафин қабаты сапасын сыртқы түріне қарай айқындау.

347. Білуге тиіс:

көркемөнер бұйымдарына парафин жағу және сіндіру технологиялық процесі мен жолдары;

бұйымдарды қыздыру және кептіру температуралық режимі;

парафин және оның еріткіштерінің сұрыптары, маркалары мен қасиеті;
парафиндегеннен кейін бұйымдарды сынау әдістері мен тапсыру техникалық шарттары.

Параграф 40. Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы, 2-разряд

348. Жұмыс сипаттамасы:

алтын жалату және реставрациялау кезіндегі қосымша жұмыстарды орындау;
әзірленген құраммен алтын жалатылған бұйымды шаю;
өңдеу жібере отырып ағаштан, гипстен, тас және металдан ескі алтынның қалдықтарын алу;
алтын жалатылған затты реставрациялау кезінде левкас және бояудың бетін тазалау ;

анағұрлым жоғары білікті алтын жалатушының басшылығымен көркемөнер бұйымдарына алтын жалату жөніндегі қарапайым жұмыстарды орындау.

349. Білуге тиіс:

алтын жалататын заттарды даяр құраммен шаюдың негізгі тәсілдері;
ескі алтын қалдықтарын гипстен, ағаштан, тас және металдан алу тәсілдері;
левкас және бояудан тазарту құрамы;
негізгі құрал, онымен жұмыс істеу және күту қағидалары;
алтын жалататын бетін даярлауда қолданылатын материалдар.

Параграф 41. Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы, 3-разряд

350. Жұмыс сипаттамасы:

көркемөнер бұйымдарына алтын жалату жөніндегі қарапайым жұмыстарды орындау;

алтын жалатылатын бетін тазалау, олифа жағу, желімдеу, тегістеу, левкастау, колер бояуын жағу, лак жағу, гипстен, ағаштан, металдан жасалған көркемөнер бұйымдарының тегіс бетіне сусальды алтын жағу;

даяр рецептілер бойынша тегістеуге, левкастауға, бояуға әзірлеу;
полимент және желіммен орындалған алтын жалатылған затты шаю.

351. Білуге тиіс:

алтын жалату жөніндегі қарапайым жұмыстарды орындау жолдары;
тегістеуге, левкастауға, бояуға әзірлей отырып ағаштан, гипстен, металдан жасалған көркемөнер бұйымдарының бетін "мордан" лагын және гульфабру жағу үшін дайындаудың технологиялық процесі;

алтын жалатуда қолданылатын негізгі материалдар, олардың түрлері;

ағаш, металл, гипс, папье-маше және мастиканың физикалық-химиялық қасиеті мен технологиялық сипаттамалары;

алтын жалататын бетті дайындау тәсілдері.

Параграф 42. Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы, 4-разряд

352. Жұмыс сипаттамасы:

көркемөнер бұйымдарына алтын жалату жөніндегі орташа күрделіктегі жұмыстарды орындау;

алтын жалатудың жеңіл левкасын бекіту, бетіндегі кірді химиялық тәсілмен (еріткіштермен) және механикалық тәсілмен (скальпельмен және өзге де аспаптармен) кетіру;

бетін тегістеп және жылтыратып "мордан" және гульфабру лагымен алтын жалату үшін левкас жағу;

қорғасындау жұмыстарын орындау.

353. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі жұмыстарды орындау жолдары;

алтын жалату және оны реставрациялау материалдарының қасиеті және қойылатын талаптар;

алтын жалатуда консервациялау және реставрациялауда қолданылатын табиғи және жасанды пигменттердің, шайыр, лактардың физикалық-химиялық қасиеттері.

Параграф 43. Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы, 5-разряд

354. Жұмыс сипаттамасы:

көркемөнер бұйымдарына алтын жалату жөніндегі күрделі жұмыстарды орындау;

қалыңдатып алтын жалату, көп қабатты және қорғау декоративтік қабат;

қатты бүлінген левкас және алтын жалатылған бетін бекіту, полиментке алтын жалатуда тегістеп және жылтыратып левкастау;

көлемді және тұтас рельефті кесілген көркемөнер бұйымдарының бетіне сусальды алтын жағу, ескі алтын және қоламен тотықтыру;

төмендеу білікті алтын жалатушының жұмысын басқару.

355. Білуге тиіс:

көркемөнер бұйымдарына алтын жағу жөніндегі күрделі жұмыстарды орындау жолдары;

полиментке алтын жалату бетін дайындаудың технологиялық процесі мен бояу, левкас жағу, полимент әзірлеу әдістемесі;

"мордан" лагын жағу және сусальды алтын жағу технологиясы;

кесетін бетіндегі суретті кесу, бликтеу жолдары.

Параграф 44. Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы, 6-разряд

356. Жұмыс сипаттамасы:

көркемөнер бұйымдарына алтын жалату жөніндегі ерекше күрделі жұмыстарды орындау;

түрлі материалдардан жасалған бірегей шығармаларға алтын жалату, тазалау және бекіту;

агат тістермен жылтырату, алтынмен алтындау, суретпен байланысты құрама алтындау, жасанды алтын жалату, жеңіл алтын жалату;

өз бетінше бояу, левкас, полимент, "мордан" лагын және түрлі реңктегі қола әзірлеу

357. Білуге тиіс:

көркемөнер бұйымдарына алтын жағу жөніндегі ерекше күрделі жұмыстарды орындау жолдары;

агат тістермен жылтырату;

алтынмен алтындау;

суретпен байланысты құрама алтындау;

жеңіл алтын жалату технологиясы;

суретпен және көркемдеп өңдеудің өзге де түрлерімен байланысты бликтеу, алтын жалату әдістемесі;

жасанды алтын әзірлеу тәсілдері.

Параграф 45. Күйдіруші, 2-разряд

358. Жұмыс сипаттамасы:

көркемдеп өңдеу мақсатында түсті металдан жасалған түрлі дайындамаларды, бөлшектерді муфта және электр пештеріндегі белгіленген технологиялық процесс бойынша күйдіру және жіберу;

процестерді жүргізу, күйдіру үшін пештер мен құрылғыларды дайындау;

берілген температураға термореттегішті орнату және аспаптар бойынша пештердің жұмыс режимін қадағалау.

359. Білуге тиіс:

муфта және электр пештердің құрылымы мен пайдалану қағидалары;

күйдіру қызметі, оның өңделетін материалға әсері.

360. Жұмыс үлгілері:

1) көркемөнер бұйымдарына қосымшалар;

2) ілгектер;

3) белдік тоғаларын күйдіру және жіберу.

Параграф 46. Күйдіруші, 3-разряд

361. Жұмыс сипаттамасы:

түсті және құнды металдан жасалған қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер және зергерлік бұйымдарындағы эмальды күйдіру және балқыту;
өз бетінше таңдалған жұмыс режимі бойынша суреті бар үш түске дейін томпақ және мыстан жасалған жартылай фабрикаттар мен бұйымдардағы эмальды балқыту;
эмаль зергер бұйымдарын дайындау және оларды муфталы және электр пештерінде түпкілікті күйдіру.

362. Білуге тиіс:

қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын эмаль жағып күйдірудің технологиялық процесі;
түрлі металдарды күйдіру режимі;
қасиеті мен сапасы, эмальды балқыту температуралық режимі;
жартылай фабрикаттар мен бұйымдарды күйдіргеннен кейін сапасына қойылатын талаптар;
фондон жағылған бөлшектерді күйдіру мысалдары, бөлетін эмальді бұйымдарды қыздыру температуралық режимі, күйдірудің аяқталу белгілері.

363. Жұмыс үлгілері:

- 1) бөлетін эмальды плакеткалар;
- 2) ыстық эмальды плакеткалар, сандықтар, қобдишаларды күйдіру.

Параграф 47. Күйдіруші, 4-разряд

364. Жұмыс сипаттамасы:

муфталы және электр пештерде үш және бес түске дейінгі эмаль жағылған түсті металдан жасалған күрделі конфигурациялы көркемөнер және зергерлік бұйымдарды күйдіру;

күйдіру процесінде эмаль қабаттың сапасын және аспаптар бойынша күйдіру режимін бақылау.

365. Білуге тиіс:

күрделі конфигурациялы көркемөнер және зергерлік бұйымдарын оларға эмаль жағып күйдірудің технологиялық процесі;

эмаль түрлері;

эмаль күйдіру жүргізілетін металдарды балқыту температурасы;

дәнекерлерді балқыту температурасы, температурасына қарай эмальдардың түсі және финифтянды бояудың өзгергіштігі;

сырттан қосылған қышқыл ерітінділерінің эмаль қабаттың сапасына әсері;

фондонның негізгі қасиеті;

финифти бойынша суретті бұйымдарды күйдіру жолдары.

366. Жұмыс үлгілері:

- 1) эмальды брошьтар, кулондар, сырғалар;

2) ілетін панноларды күйдіру.

Параграф 48. Күйдіруші, 5-разряд

367. Жұмыс сипаттамасы:

бес түстен асатын эмаль жағылған түсті және асыл металдан жасалған ерекше күрделі жоғары көркемдік бұйымдардың эмалін күйдіру және балқыту.

368. Білуге тиіс:

күміс және алтыннан жасалған ерекше күрделі конфигурациялы сурет және зергерлік бұйымдарды бірнеше рет күйдіру тәсілдері және термометр арқылы практикалық тәжірибе бойынша көп түсті эмальді күйдіру температурасы;

ақау түрлері мен оны жою тәсілдері.

369. Жұмыс үлгілері:

1) білезкітер, алқа, әшекейлерді;

2) жоғары көркемдік, көрмеге қойылатын сыйапаттарды күйдіру.

Параграф 49. Монета-орден өндірісінің бақылаушысы, 3-разряд

370. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық шарттарға және бекітілген үлгілерге сәйкес ақау үстеліндегі немесе конвейерлердің бетінде, гуртты жазба бойынша күрделі емес жартылай фабрикаттардың сапасын ішінара және тұтас бақылау;

ақау түрлері бойынша ақауға шыққан өнімнің сыныптауышы;

конвейер жұмысындағы елеусіз кемшіліктерді жою және реттеу.

371. Білуге тиіс:

жартылай фабрикаттарды жасау және бақылау технологиялық процесі;

шикізат пен жартылай фабрикаттардың негізгі түрлерінің техникалық шарттары мен бекітілген үлгілері;

ақау конвейерлерінің құрылымы мен пайдалану қағидалары;

негізгі өлшеу аспабы: штангенциркуль, микрометр және калибрлер.

372. Жұмыс үлгілері:

1) монеталарға арналған дөңгелек тегіс дайындамаларды;

2) орден және медальдарға арналған тегіс дайындамаларды бақылау.

Параграф 50. Монета-орден өндірісінің бақылаушысы, 4-разряд

373. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі жартылай фабрикаттар мен күрделі емес даяр бұйымдарды операциялық бақылау;

бұйымдарды жасауға арналған күрделі емес аспаптардың, керек-жарақтардың сапасын техникалық шарттарға және бекітілген үлгілерге сәйкес арнайы калибрлермен, әмбебап өлшеу құралдарымен және оптикалық аспаптармен бақылау;

монеталарды, ордендерді техникалық шарттарға және сызбаларға сәйкес өлшеу; жартылай автоматтар мен автоматтарда есеп жүргізу және монеталарды орау; ақау түрлері бойынша сұрыптау, ақау өнімге актілер жасау;

жартылай автоматтар мен автоматтардың жұмысындағы елеусіз ақаулықтарды реттеу және жою.

374. Білуге тиіс:

бұйымдарды жасау және бақылау технологиялық процесі, күрделі емес сызбалар, шектеулер, шикізат, материалдар, даяр өнімдердің ақау түрлері;

қара, түсті және асыл металдардың, жартылай автоматтар мен автоматтардың, қаттылықты өлшегіштің қасиеті мен құрамы;

әмбебап өлшеу құралдары мен аспаптары:

рычагты микрометр, индикатор, аспапты микроскоп.

375. Жұмыс үлгілері:

1) орден, медаль және кеуде белгілерінің жартылай фабрикаттарын;

2) күнтізбелерді;

3) түрлі құндылықтағы ұсақ монеталар;

4) штемпель, контрштемпельді бақылау.

Параграф 51. Монета-орден өндірісінің бақылаушысы, 5-разряд

376. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі даяр бұйымдардың сапасын көзбен байқау, өлшеу әдістерімен бақылау, механикалық және физикалық қасиеттерін аспаптар арқылы айқындау;

химиялық құрамды айқындау үшін сынама алу;

техникалық жағдайда қарастырылған монета жасауға көзделген әрбір партиядан ұсақ монеталарды ішінара қайталама бақылау;

бұйымдарды жасауда қолданылатын күрделі аспаптың сапасын бақылау;

іріктелген бұйымдарды қайталама бақылау және ақау түрлері бойынша сыныптау;

өндірістік операцияларда технологиялық процестің сақталуын бақылау;

ақау құжаттамасын ресімдеу;

есеп құжаттамасын жасау;

операциялық қабылдауды жүзеге асыратын төмендеу білікті бақылаушының жұмысын басқару.

377. Білуге тиіс:

мемлекеттік стандарттар;

негізгі материалдарға, шикізатқа, даяр өнімге қойылатын техникалық шарттар;

өнім сапасын айқындайтын параметрлер, эскиздер, күрделі сызбалар, шектеулер; бұйым жасаудың технологиялық процесі;

арнайы және әмбебап өлшеу құралдары мен аспаптарының құрылысы (беттің жиілігін айқындауға арналған оптикалық - механикалық аспаптар) және оларды пайдалану қағидалары;

негізгі материалдардың, түсті және құнды металдар мен балқымалардың қасиеті.

378. Жұмыс үлгілері:

1) орден, медаль және кеуде белгілері;

2) монета-орден және белгі өндірісінің штамптары бақылау.

Параграф 52. Пластикалық кейіпті көрсетуші, 2-разряд

379. Жұмыс сипаттамасы:

сұңғат, мүсін өнерінің, графикаларды және өзге де бейнелеу өнерінің туындыларын жасау үшін шығармашылық және оқу шеберханаларында, сыныптарында, ателье, студияларда және пленэрде белгіленген уақыт ішінде әртүрлі күйде пластикалық кейіп көрсету;

адамның келбеті мен кейіпінде сезімін және көңіл-күйін білдіру;

кеудеге дейінгі, белге дейінгі (қолмен) портрет үшін кейіп көрсету, әр түрлі киімдерде бейнелер (қарапайым және күрделі кейіпте) көрсету;

статикалық және динамикалық кейіптерді жүзеге асыру;

белгіленген уақыт ішінде әртүрлі күйде кейіптерді сақтау мақсатында төзімділіктің пайда болуы үшін жеке жаттығулардың көмегімен дене қозғалысын және бет бұлшықеттерін жетілдіру.

380. Білуге тиіс:

адамның келбеті мен денесіндегі пластикалық және мимикалық мәнерінің негізгі принциптері;

кейіптің сипатына қарай оның бейнесін ашу амалдары;

киімде пластикалық кейіпті көрсетудің қағидалары мен шарттары;

жаттығуларды жүргізу әдістері, киімді өлшеп көру қағидалары.

Параграф 53. Пластикалық кейіпті көрсетуші, 3-разряд

381. Жұмыс сипаттамасы:

сұңғат, мүсін өнерінің, графикаларды және өзге де бейнелеу өнерінің туындыларын жасау үшін белгіленген уақыт ішінде әртүрлі күйде (қарапайым және күрделі кейіпте) киімсіз пластикалық кейіп көрсету:

айналымдары бар күрделі қойылымды кейіптерді жүзеге асыру;

жеке жаттығулардың көмегімен дене қозғалысын және бет бұлшық еттерін жетілдіру.

382. Білуге тиіс:

мимика және икемді қозғалыстың көмегімен адамның жан дүниесін және оның мінезін білдіру тәсілдері;

киімсіз пластикалық кейіпті көрсету қағидалары мен шарттары;

жаттығулар жүргізу әдістері.

Параграф 54. Салттық қызмет көрсету жұмысшысы, 2-разряд

383. Жұмыс сипаттамасы:

қайтыс болған адамды санитариялық өңдеу, киіндіріп және табытқа салу;

шаштараз және косметикалық жұмыстарды орындау;

салттық заттарды тағайындаған жерге жеткізу;

автокатафалкадан тағанын беру, табытты автокатафалкаға орнату, оны бекіту және жерлейтін жерде автокатафалкадан шешу;

мола төбешігін әзірлеу, оны шыммен жабу және жерлеуге байланысты өзге де жұмыстарын жүргізу.

384. Білуі тиіс:

қайтыс болған адамды санитариялық өңдеу, шаштараз және косметикалық жұмыстардың орындалуы;

қолданылатын медикаменттердің және материалдардың тағайындалуы;

жерлердің түрлері мен негізгі қасиеттері;

оларды өңдеу тәсілдері және қолмен нығыздауды;

шымды дайындау және салу тәсілдері;

жерлеу салтының тәртібі;

автокатафалканы ұстау бойынша санитариялық қағидалары.

Параграф 55. Сурет салатын көмірді күйдіруші, 3-разряд

385. Жұмыс сипаттамасы:

алдын ала шыбықтар мен құмды сұрыптап, шыбықтарды тығыз байлап, бумаларды реторттарға салып ағаш шыбықтарды күйдіру;

реторттарды электр пешіне салу;

күйдірудің белгіленген режиміне сәйкес пештің температуралық режимін қадағалау

;

электр пештегі реторттарды мен реторттардағы көмірді салқындағаннан кейін алу;

реторттарды тазалау.

386. Білуге тиіс:

күйдіруге жарамды ағаш шыбықтардың сапасы;

ағаш шыбықтарды темір реторттарға (цилиндрлерге) салу тәсілі;

реторттарды құммен көму және реторт қақпақтарына балшық жағу;

температуралық режим және күйдіру уақыты;
күйдірудің аяқталу уақытының көрсеткіші;
реторт және электр пештерінің құрылымы;
көмір сапасын айқындау тәсілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ "Ультра жоғары жиілік – құрылғылар" өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары.

Параграф 56. Сылақ құрамын дайындаушы, 3-разряд

387. Жұмыс сипаттамасы:

қолданыстағы рецептура мен технологияға сәйкес желім ерітіндісін дайындау;
шикізатты өлшеу және оны бактарға салу;
желім ерітіндісін түсіру және сүзу;

бу қазандықтарын дайындау және сылақ құрамына арналған материалдарды жеткізу

388. Білуге тиіс:

желім ерітіндісін дайындаудың технологиялық процесі және температуралық режимі;

сылау кезінде қолданылатын шикізаттың ассортименті мен түрлері, оларды сыртқы түрі бойынша анықтау тәсілдері.

Параграф 57. Сылақ құрамын дайындаушы, 4-разряд

389. Жұмыс сипаттамасы:

қолданыстағы рецептура мен технологияға сәйкес сылақ құрамы мен әр түрлі құрылымды эмульсияны электр эмульсаторларда дайындау;

құрғақ мырыш және этюдтік-май ақ сырды бояу ысқыш машинада ысқылау;
балық желімін электр ет тартқыштан өткізу.

390. Білуге тиіс:

желім ерітіндісін дайындаудың технологиялық процесі және температуралық режимі;

кенеп пен картонды сылау кезінде қолданылатын этюдтік-май ақ сыр сылақ құрамының сапасы;

бояу ысқыш машинаның мақсаты мен жұмыс қағидаты.

Параграф 58. Трафаретші, 2-разряд

391. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан, металдан, папье-машеден жасалған көркемсурет бұйымдарын инкрустациялау;

ағаш қабығы, ағаш, тас, сүйек, мүйізді ою үшін берілген суреттер, эскиздер, сызбалар бойынша калькадан, картоннан және фанерадан қарапайым және орташа күрделіктегі шаблондар мен трафареттер жасау;

геометриялық және табиғи оюлардың, бір фигуралы композициялардың шаблондары мен трафареттерін жасау.

392. Білуге тиіс:

трафарет жасауға арналған материалдардың қасиеті және дайындау тәсілдері;
қарапайым және орташа күрделіктегі шаблондар мен трафареттер жасау тәсілдері.

Параграф 59. Трафаретші, 3-разряд

393. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан, металдан, папье-машеден жасалған көркем сурет бұйымдарын инкрустациялау;

ағаш қабығы, ағаш, тас, сүйек, мүйізді ою, эмаль бойынша сурет, күрделі сюжеттік-оюлы композицияларға адамның, аң және құстардың фигураларын жасап, миниатюралық сурет, пейзаж жасау үшін берілген суреттер, эскиздер, сызбалар бойынша калькадан, картоннан және фанерадан күрделі шаблондар мен трафареттер жасау;

бұйымдарға ұнтақтау және инемен сурет сызығын ою әдісімен трафарет бойынша сурет салу.

394. Білуге тиіс:

күрделі шаблондар мен трафареттер жасау тәсілдері;
бұйымдарға суретті трафареттің көмегімен салу тәсілдері.

Параграф 60. Тұрмыстық қызмет көрсету бюросының жұмысшысы, 1-разряд

395. Жұмыс сипаттамасы:

халықтың тапсырысы бойынша әртүрлі тұрмыстық қызметтерді орындау: азық - түлік, өнеркәсіп тауарларын, дәрі - дәрмек және тағы өзге сатып алу және оларды үйге жеткізу;

хабарламаларды, жарнамаларды, газеттерді, жер - жерге афиша жапсыру;

адамның табиғи деректерін өлшеу: медициналық таразыларда салмақтау, бойын өлшеу, клиенттің сұрауы бойынша силомермен қолының күшін өлшеу;

көрсетілген қызметтері үшін клиенттерден ақша алу;

өлшеу аспаптарын реттеу;

іске асырылған талондар бойынша есеп жүргізу.

396. Білуі тиіс:

тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдарды мен дүкендердің жұмыс істеу кестесі мен мекенжайы;

қызмет көрсететін учаскедегі анықтамалық және жарнамалық стендтерің орналасуы , хабарламалар мен жарнамаларды жапсыру қағидалары;

адамның табиғи деректерін өлшеу үшін белгіленген аспаптарды пайдалану қағидалары және құрылғысын және оларды реттеу қағидалары;

тапсырыс берушінің тапсырмасын орындау үшін қала бойынша тиімді маршруттарды.

Параграф 61. Тығыздаушы, 2-разряд

397. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан, папье-машеден жасалған қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдары формаларының бетін тығыздау;

тығыздалған бұйымдарды кептіру;

тығыздалатын бұйымдардың бетін дайындау;

даяр рецептілер бойынша тығыздау материалын әзірлеу.

398. Білуге тиіс:

қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдары формаларының бетін тығыздау жолдары;

қолданылатын аспап, тығыздау материалының құрамы мен әзірлеу тәсілдері;

тығыздалатын бұйымдарды кептіру режимдері.

399. Жұмыс үлгілері:

папье-маше қораптары – тығыздау.

Параграф 62. Тығыздаушы, 3-разряд

400. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан кесіп, бояп, инкрустациялап жасалған күрделі формадағы көркемөнер бұйымдарын;

папье-машеден жасалған түрлі конфигурациядағы бұйымдар мен металл табақтарды қолмен бетін тегістеу;

бұйымдардағы жарылған, майысқан жерлерін, саңылауларды жою және олардың беттерін боялған мастикамен одан әрі бұйымды көркемдеп өңдеу үшін тегістеу.

401. Білуге тиіс:

ағаштан және папье-машеден жасалған күрделі көркемөнер бұйымдарын тегістеу жолдары;

тегістеу қасиеті;

ағаштың құрылымы және физикалық қасиеті.

402. Жұмыс үлгілері:

1) портсигарлар, капо тамырдан жасалған опа салғыштар;

2) папье-маше қораптары - тығыздау.

5-тарау. Қырлау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Алмас аралаушы, 3-разряд

403. Жұмыс сипаттамасы:

көп секциялы аралау станогында массасы 0,25-тен 0,75 каратқа дейінгі I және II сапалы шағын топ алмас шикізатын, II топтағы белгіленген алмастарды механикалық түрде аралау;

кесу және аралау дискілерін таңдау, оларды бекіту және ауыстыру. алмас пастамен дискі бетін кезеңімен шаржылау;

оправкаға және аралау станогының шанышқысына жапсырылған алмасты орнату, бекіту және бағдарлау;

алты есе және он есе үлкейтетін лупамен кесілетін араны тексеру;

карат немесе талдамалық таразыларда өлшей отырып алмастарды алу және тапсыру

404. Білуге тиіс:

аралау станогының құрылымы, пайдалану және оны күту қағидалары;

аралауда қолданылатын және дискілерді шаржылауда қолданылатын технологиялық жарақтар, кесетін және өлшейтін аспап;

алмасты жапсыратын заттар мен жапсыру қағидалары;

көп секциялы аралау станогында алмасты аралау технологиясы;

алмасты кристалдау негіздері мен физикалық қасиеті;

аралау жартылай фабрикаттарының техникалық шарттары;

карат және талдама таразыларын пайдалану қағидалары.

Параграф 2. Алмас аралаушы, 4-разряд

405. Жұмыс сипаттамасы:

көп секциялы аралау станогында массасы 0,25-тен 0,75 каратқа дейінгі I және II сапалы шағын топ алмас шикізатын, II топтағы белгіленген алмастарды, массасы 0,16-дан 0,24 каратқа дейінгі, 0,76-дан 0,99 каратқа дейінгі I және III сапалы II топтағы алмас шикізатын, массасы 1,0 карат және одан жоғары I және II сападағы III топтағы алмас тобы, массасы 1,0 караттан басталатын I сапалы "в" кіші топ шикізаттарын көп секциялық аралау станогында механикалық түрде аралау;

аралайтын дискілерді кесуге қайрау және алмастың араланатын массасына байланысты аралау;

аралау станогы секциясында аралау дискілі шпиндельді реттеу.

406. Білуге тиіс:

аралау станогын баптау, аралау дискілерін шаржылау кезеңділігі, кесетін аспапты дайындау, көп секциялы аралау станогындағы сыртқы ақаулықтары бар алмасты аралау технологиясы;

алмастың кристаллографиялық формалары мен оларды аралау, аралауда қолданылатын алмас ұнтақтардың маркалары, алмас шикізаттың техникалық шарттары

Параграф 3. Алмас аралаушы, 5-разряд

407. Жұмыс сипаттамасы:

көп секциялы аралау станогында массасы 0,15 каратқа дейінгі I сапалы шағын топ алмас шикізатын, II топтағы белгіленген алмастарды, массасы 0,16-дан 0,99 каратқа дейінгі, 0,16-дан 0,99 каратқа дейінгі I және III сапалы II топтағы алмас шикізатын, массасы 1,0 карат және одан жоғары I және II сападағы III топтағы алмас тобы, массасы 1,0 караттан басталатын I сапалы "в" кіші топ шикізаттарын көп секциялық аралау станогында механикалық түрде аралау, аралайтын дискілерді кесуге қайрау және алмастың араланатын массасына байланысты аралау;

аралайтын дискілерді тегістеу және кесу;

аралаудағы оңтайлы режимді белгілеу;

ақаулы кристалдарды аралау бағытын өз бетінше нақтылау және өзгерту.

408. Білуге тиіс:

аралау станогын баптау, аралау режимдері, аралау процесіне алмастың қаттылығына анизотропияның әсері;

ақаулы алмастарды аралау технологиясы.

Параграф 4. Алмас аршушы, 3-разряд

409. Жұмыс сипаттамасы:

массасы 0,11-ден 0,49 каратқа дейін өңдегеннен кейін гауһардың дөңгелек формаларына диаметрін өлшеу жерінде тегіс қырланған және елеусіз қырланған скульптуралы жартылай фабрикаттарды аршу станогында аршу және жетілдіру;

сағаттық үлгідегі индикатормен өңделген жартылай фабрикаттардың сопақтығын тексеру;

алты есе және он есе үлкейтетін лупамен өңдеу сапасын тексеру;

дөңгелек формадағы гауһар тасты жартылай фабрикатын механикалық және желіммен бекіту үшін оправаларды таңдау және ұстағышқа алмасты бекіту;

карат немесе талдама таразыларында өлшей отырып жартылай фабрикаттарды алу және тапсыру.

410. Білуге тиіс:

қайрау станогының құрылымы, пайдалану қағидалары және оны күту;

технологиялық керек-жарақты;
кесетін және өлшейтін аспап;
қайрау станогында гауһар тастың дөңгелек формаларына жартылай фабрикаттарды аршу және жетілдіру технологиясы;
кристаллография негіздері мен алмастың физикалық қасиеттері;
шығын нормасы;
желім рецептурасы, оны әзірлеу және гауһар тастың дөңгелек формасына оправаның жартылай фабрикатын желімдеу қағидалары;
жартылай фабрикаттың техникалық шарттары;
карат және талдамалық таразылардың құрылымы мен пайдалану қағидалары.

Параграф 5. Алмас аршушы, 4-разряд

411. Жұмыс сипаттамасы:

массасы 0,10, 0,50-ден 0,99 каратқа дейін өңдегеннен кейін гауһардың дөңгелек формаларына диаметрін өлшеу жерінде тегіс қырланған және елеусіз қырланған скульптуралы жартылай фабрикаттарды аршу станогында аршу және жетілдіру;
жартылай фабрикаттардың диаметрін және биіктігін тексеру.

412. Білуге тиіс:

жартылай автоматтың құрылымы, пайдалану және оны күту қағидалары;
дөңгелек формадағы гауһар тастың дөңгелек формасына аршу және жетілдіру технологиясы;
алмастың қаттылығына өңдеуде анизотропияның әсері;
бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен пайдалану қағидалары;
алмас шикізатына техникалық шарттар.

Параграф 6. Алмас аршушы, 5-разряд

413. Жұмыс сипаттамасы:

массасы өңдегеннен кейін 1,0-ден 1,49 каратқа дейін және өңдегеннен кейін 0,49 каратқа дейін гауһардың дөңгелек формаларына диаметрін өлшеу жерінде тегіс қырланған және елеусіз қырланған скульптуралы жартылай фабрикаттарды аршу станогында аршу және жетілдіру;

массасы өңдегеннен кейін 0,99 каратқа дейін фантазиялық формадағы гауһар жартылай фабрикатын қайрау станогында аршу және жетілдіру;

жартылай фабрикаттарды қырлау процесінде және барлық мөлшерін реставрациялауда гауһардың дөңгелек формасына жеткізу;

жартылай фабрикаттарды өңдеу және бекіту үшін гауһардың фантазиялық формасына механикалық немесе желім әдісімен алмас және оправкаларды іріктеу.

414. Білуге тиіс:

қайрау станоктарын және жартылай автоматтарды баптау, жартылай фабрикаларды гауһардың фантазиялық формасына аршу және жеткізу технологиясы; табиғи кемшілігі бар алмастар мен жартылай фабрикаларды өңдеу әдістері; гауһардың фантазиялық формасына өңдеу үшін жартылай фабрикаларды жапсыру қағидалары; гауһардың техникалық шарттары.

Параграф 7. Алмас аршұшы, 6-разряд

415. Жұмыс сипаттамасы:

массасы өңдегеннен кейін 1,50 каратқа дейін және өңдегеннен кейін 0,50 каратқа дейін гауһардың дөңгелек формаларына диаметрін өлшеу жерінде тегіс қырланған және елеусіз қырланған скульптуралы жартылай фабрикаларды аршу станогында аршу және жетілдіру;

массасы өңдегеннен кейін 1,0 каратқа дейін фантазиялық формадағы гауһардың жартылай фабрикаларын қайрау станогында аршу және жетілдіру;

жартылай фабрикаларды қырлау процесінде және барлық мөлшерін реставрациялауда гауһардың дөңгелек формасына жеткізу;

өңделетін жартылай фабрикаларды кристаллографиялық ерекшеліктерін ескере отырып технологиялық өтпелерді және өңдеу режимін өз бетінше нақтылау.

416. Білуге тиіс:

қайрау станоктарын және жартылай автоматтарды баптау, өңдеуде алмастың физикалық-механикалық қасиеті;

табиғи ақауы бар жартылай фабрикаларды өңдеу режимі.

Параграф 8. Алмас белгілеуші, 5-разряд

417. Жұмыс сипаттамасы:

ең көп массадағы гауһар алуға арналған барлық алмас топтағы шикізаттың 1 және 2 сапалы алмастарын бір рет аралау үшін тегістігін айқындау және шайғанда кететін және кетпейтін белгілерді жағу;

технологиялық операцияларға жіберу:

егеулеу, жару, қырлау үшін алмас кристалдарын микроскоптың алты және он есе үлкейтетін лупасы арқылы зерттеу;

карат немесе талдама таразыларында өлшей отырып алмастарды алу және тапсыру.

418. Білуге тиіс:

алмас шикізаты мен жартылай фабрикаларының техникалық шарттары;

гауһар дөңгелек формаларын белгілеу және өңдеу технологиясы;

алмастың кристаллографиялық қасиеті;

алмасты гауһар етіп қырлауда қолданылатын формалар;

бақылау-өлшеу аспаптары және карат және талдамалық таразыларды пайдалану қағидалары;

пакеттер мен құжаттаманы ресімдеу қағидалары;

арнайы бояуды қолдану және пайдалану нұсқаулықтары;

есептеу техникасы құралдарын пайдалану қағидалары.

Параграф 9. Алмас белгілеуші, 6-разряд

419. Жұмыс сипаттамасы:

ең көп массадағы гауһар алуға арналған барлық алмас топтағы шикізаттың 3, 4 және 5 сапалы алмастарын бір рет және бірнеше рет аралау үшін тегістігін айқындау және шайғанда кететін және кетпейтін белгілерді жағу;

алмас кристалдарын қайталап белгілеу;

кристалдардағы жаруға жататын ақаулықтарды анықтау, немесе ақаулықтарын бөлетін жеріне шығару;

полярлау микроскобының көмегімен ішкі кернеуліктегі кристалдарды тексеру және оларды тиісті белгілеу;

кристалдың есептеу параметрлері бойынша эталон – үлгі бойынша белгілеу.

420. Білуге тиіс:

гауһардың техникалық шарттары;

гауһардың сатылық және фантазиялық формаларын өңдеу технологиясы;

өңдеу процесінде алмас кристалдарының қаттылығына анизотропияның әсері, ақау алмастарды белгілеу әдістері;

белгілеуді есептеу әдістері.

Параграф 10. Алмас жарушы, 5-разряд

421. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі күрделіктегі кристаллографиялық формадағы салмақ топтарындағы алмастарын бірнеше рет жару және оларға технологиялық форма беру үшін кристалдардың бетіндегі өсім қабатын жару;

алмастардың ақаулығын тексеру;

бөлу бағыты мен тегістігін таңдау, кристалдарға дұрыс геометриялық форма беру мүмкіндігін анықтау, белгілеу;

кесінді оправкаларын таңдау және орнату;

белгіленген алмастарды оправкаларға бекіту;

кристалдарды жаруға ыңғайлы етіп қою;

алмаскескішпен кристалдарды қолмен бөлу;

карат немесе талдамалық таразыларда өлшей отырып алмас алу және тапсыру.

422. Білуге тиіс:

алмас шикізат және жартылай фабрикаттардың техникалық шарттары;
алмасты дөңгелек формадағы гауһарға өңдеу технологиясының негіздері, жару технологиясы;
технологиялық жарақтар мен құралдар, желімдеу және шаю құралдардың үлгілері мен қасиеті;
алмастарды оправкаларға бекіту әдістері;
шығын нормалары, карат және талдамалық таразыларды пайдалану қағидалары;
пакеттер мен құжаттаманы ресімдеу қағидалары.

Параграф 11. Алмас жарушы, 6-разряд

423. Жұмыс сипаттамасы:

кристалл қабаттарының өсуі және жарықтарын жою және кристалдарға технологиялық форма беру мақсатында түрлі күрделіктегі кристалл формадағы таразы топтарындағы алмастарды бірнеше рет жару;

алмастың ақауын тексеру және бірнеше рет жару бағытын таңдау;

дөңгелек, фантазиялық және сатылы формадағы дұрыс жартылай фабрикат алу үшін кристалдарды бөлу жазықтығын белгілеу;

лазер құрылғысында кристалдарды жарылу қатерін болдырмау;

кристалл жарықтарын анықтау.

424. Білуге тиіс:

гауһардың техникалық шарттары;

алмасты сатылық және фантазиялық формадағы гауһарға өңдеу технологиясы;

бірнеше рет жару технологиясы;

алмастың кристаллографиялық негізгі формалары мен өңдеу процесінде кристалдың қаттылығына анизотропия әсері;

лазер құрылғысы, қолдану қағидалары және бақылау-өлшеу аспаптарын, полярлау және бинокулярлы микроскопты пайдалану қағидалары.

Параграф 12. Алмас сұрыптаушы, 4-разряд

425. Жұмыс сипаттамасы:

араланған, тегістелген, жанып алынған алмас жартылай фабрикаттарын формасына, мөлшеріне және төзімділігіне қарай алдын ала сұрыптау, ақаулы жартылай фабрикаттарды анықтау;

бақылау-өлшеу аспаптары арқылы жартылай фабрикат диаметрін даналап өлшеу;

жартылай фабрикаттарды есептеу, оларды біріктіру және карат немесе талдамалық таразыда өлшеу, пакеттер мен құжаттаманы ресімдеу.

426. Білуге тиіс:

алмас шикізат және жартылай фабрикаттардың техникалық шарттары; ақау түрлері, индикатордың, штангенциркуль, лупа, карат және талдамалық таразылардың құрылымы мен пайдалану қағидалары;

жартылай фабрикаттарды алдын ала сұрыптау құжаттамаларын рәсімдеу қағидалары.

Параграф 13. Алмас сұрыптаушы, 5-разряд

427. Жұмыс сипаттамасы:

араланған, тегістелген, жанып алынған алмас жартылай фабрикаттарын технологиялық индекстері және параметрлері бойынша оларды дөңгелек, фантазиялық, сатылы қырлау формаларына өңдеудің технологиялық операцияларына жіберу мақсатында сұрыптау;

есептеу, оптикалық және бақылау-өлшеу аспаптары арқылы жартылай фабрикаттарды өңдеу параметрлерін тапсыру;

партиялық жартылай фабрикаттарды салмақтық топтарына және диаметріне қарай іріктеу.

428. Білуге тиіс:

алмас жартылай фабрикаттардың сұрыптау технологиясы мен технологиялық операцияларда өңдеу;

кристаллография негіздері мен алмастың физикалық қасиеті;

ақау түрлері, олардың алмастарды гауһарға айналдыру процестеріне әсері;

полярланған және бинокулярлы микроскоптың, есептеу техникасы мен оларды пайдалану қағидалары;

алмасты сұрыптауда қолданылатын технологиялық жарақтардың құрылымы.

Параграф 14. Алмас сұрыптаушы, 6-разряд

429. Жұмыс сипаттамасы:

қырлаудың дөңгелек, фантазиялық және сатылы формалы гауһарлы алмас шикізатын сұрыптау;

ішкі кернеуінің болуын тексеру;

кристалл параметрлерін өлшеу;

алмас формалары мен ақаулықтарын зерттеу;

пішудің оңтайлы нұсқаларын таңдау және алмасты белгілеуге жіберу;

өңдеуге жатпайтын алмасты іріктеу;

салмақтық топтары бойынша алмас партиясын іріктеу.

430. Білуге тиіс:

дөңгелек, фантазиялық және сатылы формалы гауһарлы алмасты өңдеу технологиясы мен алмас шикізатын сұрыптау технологиясы;

гауһардың геометриялық параметрлері;
алмастың түрлері және гауһар тастың сапасына оның әсері;
ақауды шығару тәсілдері;
гауһардың техникалық шарттары.

Параграф 15. Алмасты гауһар етіп қырлаушылар, 3-разряд

431. Жұмыс сипаттамасы:

қырлау станогында қолмен қырлау құрылғыларында массасы 0,05 каратқа дейін 17 және 33 қырлы дөңгелек формалы гауһарға алмас жартылай фабрикаттардың бетін немесе түбін қырлау және жылтырату;

қырлау дискісін және станокты жұмысқа дайындау;

өңделетін жартылай фабрикаттардың мөлшеріне қарай қажетті құрылғыларды, цангалар мен оправкаларды таңдау;

алты есе және он есе үлкейтетін лупа арқылы қырлау сапасын тексеру;

карат немесе талдама таразыларында өлшей отырып жартылай фабрикаттарды алу және тапсыру.

432. Білуге тиіс:

қырлау станогының құрылымы, пайдалану және күту қағидалары;

технологиялық керек-жарак, кесетін және өлшейтін аспап, 17 және 33 қырлы гауһардың дөңгелек формаларына жартылай фабрикаттарды қырлау технологиясы; шығын нормалары;

жартылай фабрикаттардың техникалық шарттары;

қырлау дискісін жұмысқа дайындау технологиясы;

карат және талдамалық таразыларды пайдалану қағидалары.

Параграф 16. Алмасты гауһар етіп қырлаушылар, 4-разряд

433. Жұмыс сипаттамасы:

қырлау станогында қолмен қырлау құрылғыларында массасы 17 және 33 қырлы дөңгелек формалы гауһар алмас жартылай фабрикаттардың бетін немесе түбін қырлау және жылтырату және гауһар тас массасы диапазонын:

0,04 каратқа дейін он жеті қырлы, 0,05 каратқа дейін отыз үш қырлы реставрациялауда қайта қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында елеусіз кемшілігі бар 1-4 қырлы алмас жартылай фабрикаттарды, дөңгелек формалы гауһардың салмақтық топтарының автоматты манипуляторында немесе робот технологиялық кешенінде жартылай фабрикаттың 8-16 қырының түбі мен бетін алдын ала қырлау;

17 және 33 қырлы дөңгелек формалы гауһар жартылай фабрикаттарды өңдеу үшін қажетті құрылғыларды, цанга және оправкаларды іріктеу.

434. Білуге тиіс:

робот технологиялық кешенінің, автоматты манипулятордың құрылымы, пайдалану және оны күту қағидалары;

технологиялық керек-жарақ, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен пайдалану қағидалары.

Параграф 17. Алмасты гауһар етіп қырлаушылар, 5-разряд

435. Жұмыс сипаттамасы:

қырлау станогында қолмен қырлау құрылғыларында массасы 57 қырлы дөңгелек формалы гауһарға алмас жартылай фабрикаттардың бетін немесе түбін қырлау және жылтырату және гауһар массасы диапазонын 0,99 каратқа дейін отыз үш қырлы реставрациялауда қайта қырлау;

қол құрылғыларында қырлау станоктарында барлық мөлшердегі сатылы формадағы гауһарға алмас жартылай фабрикаттарын толық қырлау және жылтырату және 0,99 каратқа дейін массадағы сатылы формадағы гауһарды реставрациялауда қайта қырлау;

қол құрылғыларында қырлау станоктарында барлық мөлшердегі фантазиялық формадағы гауһарға алмас жартылай фабрикаттарын толық қырлау және жылтырату және 0,99 каратқа дейін массадағы сатылы формадағы гауһар тастың реставрациялауда қайта қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында немесе робототехнологиялық кешенде елеулі кемшіліктері бар алмас жартылай фабрикаттарының ортасын, 1-4 қырын өңдегеннен кейінгі массасы 1,49 каратқа дейінгі дөңгелек формадағы гауһарға алдын ала қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында 0,49 каратқа дейін өңдегеннен кейін фантазиялық формадағы алмас жартылай фабрикаттарын алдын ала қырлау;

белдігінің биіктігіне және оның диаметріне қарай бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен цанга серіктерге қырланған алмастарды орнату;

57 қырлы дөңгелек формалы гауһарға, сатылы және фантазиялық формадағы жартылай фабрикаттар өңдеуге арналған қажетті құрылғыларды, цангалар мен оправкаларды іріктеу.

436. Білуге тиіс:

қырлау станогын, робототехнологиялық кешенін, автоматты манипуляторды баптау ;

57 қырлы дөңгелек, сатылы және фантазиялық формадағы гауһар жартылай фабрикаттарды қырлау технологиясы;

барлық формадағы қырлаудың техникалық шарттары.

Параграф 18. Алмасты гауһар етіп қырлаушылар, 6-разряд

437. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында массасы 57 қырлы дөңгелек формалы гауһарға алмас жартылай фабрикаттардың бетін немесе түбін қырлау және жылтырату және гауһар массасы диапазонын 1,0 каратқа дейін отыз үш қырлы реставрациялауда қайта қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станоктарында барлық мөлшердегі сатылы формадағы гауһарға алмас жартылай фабрикаттарын толық қырлау және жылтырату және 1,0 каратқа дейін массадағы сатылы формадағы гауһар тастың реставрациялауда қайта қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында елеусіз кемшілігі бар 1-4 қырлы алмас жартылай фабрикаттарын, дөңгелек формалы гауһар тастың салмақтық топтарының автоматты манипуляторында немесе робот технологиялық кешенінде алдын ала қырлау;

қолмен қырлау құрылғыларының қырлау станогында 0,50 каратқа дейін өңдегеннен кейін фантазиялық формадағы алмас жартылай фабрикаттарын алдын ала қырлау;

белдігінің биіктігіне және оның диаметріне қарай бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен цанга серіктерге қырланған алмастарды орнату.

438. Білуге тиіс:

қырлау станогы;

робототехнологиялық кешен;

автоматты манипуляторды, құрылымдар мен олардың құрылғыларын баптау;

жартылай фабрикаттарды өндеудің онтайлы әдістерін ескере отырып, үлкен массадағы гауһар тас жасау үшін барлық формадағы гауһарды қырлау технологиясы.

Параграф 19. Алмасты орнықтырушы, 2-разряд

439. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы желім немесе желімдейтін масса арқылы оправалар мен құрылғыларға белгіленген алмастарды орнату және жапсыру;

алмасты алу және оны карат немесе талдамалық таразыларда өлшеу;

кристалл мөлшеріне сәйкес оправаларды іріктеу;

желім массасын әзірлеу;

оправкалардағы кристалдардың ортасын дәлдеу және қиғаш кетуін болдырмау, кептіру шкафында кептіру.

440. Білуге тиіс:

желім рецептурасы, желім массасы мен оларды әзірлеу;

желімдеу және орнатуда қолданылатын жабдықтар мен жарақтар, табиғи алмасты аралау және өңдеу тегістігі;

электр қыздырғыш аспаптарды пайдалану, карат және талдамалық таразыларды пайдалану қағидалары;
алмасты желімдеу нұсқаулықтары.

Параграф 20. Гауһарды және алмасты шаюшы, 2-разряд

441. Жұмыс сипаттамасы:

гауһарды селитра салынған концентрацияланған күкірт қышқылымен фарфор ыдыста қайнатып және сұйық натрий ерітіндісімен, қолмен немесе жартылай автоматты құрылғыларда шаю, оларды дистилденген сумен шаю және кептіру;

алмасты ацетонмен немесе гидролиз спиртімен, қолмен немесе ультрадыбыс құрылғыларында шаю;

алмас жартылай фабрикаттарын техникалық бурамен жабу;

карат немесе талдамалық таразыларда өлшей отырып гауһар және алмас алу.

442. Білуге тиіс:

ерітінділерді пайдалану қағидалары және құрамы;

гауһар және алмасты қолмен және жартылай автоматтардың көмегімен шаю нұсқаулығы;

гауһар және алмасты шаю жөніндегі жабдықтар мен технологиялық жарақтарды пайдалану қағидалары;

карат және талдамалық таразыларды пайдалану қағидалары;

ерітінділер мен жұмыс жасаудың қауіпсіздік қағидалары.

Параграф 21. Гауһарды сұрыптаушы, 5-разряд

443. Жұмыс сипаттамасы:

массасы 0,04 каратқа дейінгі 17 қырлы, массасы 0,05 каратқа дейінгі 33 қырлы, массасы 0,29 каратқа дейінгі 57 қырлы дөңгелек формадағы гауһарды салмақтық топтары, ақаулықтары мен түсіне қарай сұрыптау және бағалау;

гауһардың сапалық сипаттамасын және прейскурантқа сәйкес олардың тиісті бағасын айқындау;

гауһарды карат және талдамалық таразыда өлшеу;

сұрыпталған және бағаланған гауһардың пакеттері мен құжаттамасын ресімдеу.

444. Білуге тиіс:

дөңгелек формадағы гауһардың көтерме бағасының прейскуранты мен техникалық шарттары;

гауһардың массасына, түсіне, ақауларына, формаларына қарай бағамы, кристаллография және минералогия негіздері;

алмастың физикалық, химиялық және механикалық қасиеті;

дөңгелек формадағы гауһарды бағалау технологиясы;

дөңгелек формалы гауһарды бағалауда қолданылатын технологиялық жарақтары мен аспаптары, карат және талдама таразыларының, поляризациялау және бинокулярлы микроскоптардың құрылымы мен қолдану қағидалары; алмасты гауһарға өңдеу технологиясының негіздері.

Параграф 22. Гауһарды сұрыптаушы, 6-разряд

445. Жұмыс сипаттамасы:

массасы 0,30 карат және одан жоғары 57 қырлы фантазиялық және сатылы формадағы гауһарды салмақтық топтары, ақаулықтары мен түсіне қарай сұрыптау және бағалау;

арнайы гониметриялық аспапта гауһардың геометриялық параметрлерін тексеру;

гауһардың сапалық сипаттамасын және прејскурантқа сәйкес олардың тиісті бағасын бекіту;

гауһардың ақаулықтарын жою үшін экономикалық тиімділігін айқындау;

сапалық сипаттамасын және оптикалық эффектісін есептей отырып қырлау және салмақтық тобының барлық формасындағы гауһар тастарды іріктеу.

446. Білуге тиіс:

фантазиялық және сатылы формадағы гауһардың көтерме бағасының прејскуранты мен техникалық шарттары;

ақау түрлері мен оларды жою тәсілдері;

геометриялық параметрлері мен олардың оптикалық қасиетіне әсері;

экспортқа жіберілетін гауһарға қойылатын талаптар;

қырлаудың фантазиялық және сатылық формаларын бағалаудың технологиясы;

фантазиялық және сатылық формадағы гауһарды бағалауда қолданылатын технологиялық жарақтар мен аспаптар.

6-тарау. Металдан көркемөнер бұйымдарын өндіру жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Көркемдеп құю формалаушысы, 2-разряд

447. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым күрделіктегі суреті бар көркемөнер бұйымдары құймаларының опоктарында, қабырғасының бетінде бірден үшке дейінгі өзекшесі бар көркемөнер бұйымдары бөлшектерін модельдер мен үлгілер бойынша қолмен формалау;

қарапайым формаларды құрастыру;

формаларға металл құюға қатысу.

448. Білуге тиіс:

қарапайым күрделіктегі суреті бар көркемөнер бұйымдарын қолмен формалау жолдары;

қоректендіргіштерді орнату орнын айқындау және ұсақ ақаулықтарды жою тәртібі;
көтергіш механизмдерін басқару қағидалары;

формалауда қолданылатын аспаптар мен құрылғылардың қызметі және қолдану шарттары;

формалар мен өзекшелерді кептіру сапасын айқындау тәсілдері, модельдерді сақтау қағидалары;

қарапайым формаларды құрастыру технологиясы.

449. Жұмыс үлгілері:

1) ойыншықтар;

2) көркемдік маскалары;

3) плакеткалар – формалау.

Параграф 2. Көркемдеп құю формалаушысы, 3-разряд

450. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі суреті бар көркемөнер бұйымдары құймаларының опоктарында , қабырғасының бетінде бірден үшке дейінгі өзекшесі бар көркемөнер бұйымдары бөлшектерін модельдер мен үлгілер бойынша қолмен формалау;

өзекшелер мен тоңазытқыш орната отырып орташа күрделіктегі формаларды құрастыру;

пневматикалық, механикалық немесе электр магнитпен істейтін діріл станогын қолдана отырып блоктар мен жинақтарға жинақталған тұратын скульптуралардың балқытылатын модельдерінің формаларын жасау;

отқа төзімді құрамды әзірлеу, оларды тұратын скульптуралардың модельдік блоктарына жағу.

451. Білуге тиіс:

орташа күрделіктегі суреті бар көркемөнер бұйымдарын қолмен формалау жолдары ;

балқытылатын модельдерге жағылатын түрлі отқа төзімді құрамдардың формаларын жасауда қолданылатын формалық қоспалар мен өзге де материалдардың құрамы мен қасиеті;

формаларға құйылатын металдың қасиеті мен температурасы, формаларды толтыру тығыздығы, олардың газ өткізгіштігі, тұратын скульптураны әзірлеуде формалау құрамын тығыздау тәсілдері;

түрлі вибрациялық станоктардың құрылымы мен қолдану принципі, формалар мен өзекшелерді кептіру режимі мен кептіру деңгейі, даяр формаларға қойылатын талаптар;

шектеулер туралы жалпы мәліметтер, бақылау-өлшеу аспаптарының және құрылғылардың құрылымы мен қолдану тәсілдері;

орташа күрделіктегі формаларды құрастыру технологиясы.

452. Жұмыс үлгілері:

- 1) көркем барельефтер, торлар;
- 2) бір немесе екі жақты суреті бар пластинка тәрізді ұсақ зергерлік бұйымдары;
- 3) түрлі көркемдік қаламдар – формалау.

Параграф 3. Көркемдеп құю формалаушысы, 4-разряд

453. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі суреті бар көркемөнер бұйымдары құймаларының опоктарында модельдер мен үлгілер бойынша қолмен формалау;

жекелеген блоктармен құйылатын немесе тұтас каркаспен жасалынатын аксессуарлардың гипстік модельдері бойынша бөлшектерді бөлшектеп формалау;

қысыммен және эмальдаудың көп жанжақты өңделетін бөлшектерді формалау;

арнайы бекітпелі өзекшелердің қиылатын күрделі формаларын құрастыру;

формалауға қажетті жарақтарды дайындау;

балауыз модельдерді блоктар мен жинақтарға монтаждау;

металл модельдер мен үлгілер бойынша сығым формалардың резина дайындамаларын вулкандалған сығымдағышта формалау;

беті шығыңқы көлемді модельдердің 4-бөлігіне дейін резина сығымдағыш формасын кесу.

454. Білуге тиіс:

күрделі суреті бар көркемөнер бұйымдарын қолмен формалау жолдары;

күрделі формаларды құрастыру технологиясы;

қажет материалдардың, модельдік қоспаның физикалық қасиеттері мен оларды құю сапасына әсері;

формаларға құйылатын металдың құю және механикалық қасиеттері;

құйғыштарды орнататын жерлер;

формалау жерінде кептіру және күйдіру пештерінде формаларды кептіру процестері мен режимдері;

құймаларға қойылатын талаптар;

құйма құрылымына формадағы металдың суу жылдамдығының әсері;

модельдік керек жарақтарға қойылатын талаптар;

резинаны кесу тәсілдері, сығым формаға қалау тәсілдері;

сығым формаларында кесуді бақылау;

жабдықтарды пайдалану әдістері;

сығымдау режимдері, кесетін өлшеу аспабын пайдалану жолдары.

455. Жұмыс үлгілері:

- 1) филигрань элементтері бар брошьтар;
- 2) скульптуралардың құрастырмалы бөлшектері;
- 3) көлемді суреті бар сақиналар;
- 4) кулондар, жүзіктер;
- 5) түрлі сырғалар мен алқалар;
- 6) барельефті және табиғи оюлы білезіктің құрама бөліктері – формалау.

Параграф 4. Көркемдеп құю формалаушысы, 5-разряд

456. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі суреті бар көркемөнер бұйымдары құймаларының опоктарында модельдер мен үлгілер бойынша қолмен формалау;

ерекше күрделі формаларды құрастыру;

металл құйылатын формаларды дайындау;

модель-эталон, шаблон, сызба және үлгі бойынша жоғары дәлдіктегі көп және жұқа қабатты құймалардың бетінің формаларын жасау;

беті шығыңқы, түрлі қалыңдықтағы, ширатпалы филиграньды элементтермен модельге арналған формалардан балауыз модельдерді алуды жеңілдететін көлемді модельдердің 4 бөлігіне дейін резина сығымдағыш формасын кесу.

457. Білуге тиіс:

ерекше күрделі суреті бар көркемөнер бұйымдарын қолмен формалау жолдары;

ерекше күрделі формаларды құрастыру технологиясы;

құю жүйесін есептеу;

ерекше күрделі құймаларды өңдеу және құрастыруға қойылатын талаптар;

формалар мен өзекшелердің ылғалдығын айқындау аспаптары;

түрлі үлгідегі формалау машиналардың құрылымы.

458. Жұмыс үлгілері:

1) ажурлы білезіктер;

2) барельефті және табиғи оюлы білезіктер;

3) филиграньды брошьтар мен сақиналар;

4) статуялар мен бюстілер;

5) ғимараттар мен құрылыстардың оюлы және ажурлы саңылауы бар әшекейлері – формалау.

Параграф 5. Көркемдеп құю формалаушысы, 6-разряд

459. Жұмыс сипаттамасы:

бірегей және көрмелік көркемөнер шығармалары құймаларында модельдер мен үлгілер бойынша қолмен формалау;

күрделі композициялық құрылымдағы көп фигуралы композициялардың және тәжірибелік және экспериментальды құймалардың формаларын жасау;

бірегей көп фигуралы композициялардың гипс модельдерінің жекелеген блоктарын белгілеу;

балауыз бұйымдардың блоктарын жасау, жекелеген балауыз блоктарды монтаждау.

460. Білуге тиіс:

бірегей және көрмелік көркемөнер шығармаларды қолмен формалау тәсілдері;

тәжірибелік және экспериментальды құймалардың модельдері, үлгілері және скелеттері бойынша форма жасау тәсілдері;

адам және жануардың пластикалық анатомиясы негіздері.

461. Жұмыс үлгілері:

1) саяси портреттік скульптуралар;

2) жануарлардың скульптураларын – формалау.

Параграф 6. Металдан жасалған бұйымдарды желімдеуші, 2-разряд

462. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым және орташа күрделіктегі конфигурациялы металл бөлшектерді желімдеу;

желімдеу процесінде барлық қосымша және дайындық жұмыстарын жүзеге асыру;

желім нұсқаулығы бойынша талап етілетін сапаны жасау.

463. Білуге тиіс:

қарапайым және орташа күрделіктегі конфигурациядағы металмен және өзге де материалдармен: әйнек, пластмасса, керамикамен желімдеудің технологиялық процесі;

желім маркалары, олардың құрамы мен әзірлеу тәсілдері;

желім қоспаларының физикалық-механикалық қасиеті.

464. Жұмыс үлгілері:

1) төс белгілері;

2) плакеткалар – желімдеу.

Параграф 7. Металдан жасалған бұйымдарды желімдеуші, 3-разряд

465. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі конфигурациялы металл бөлшектерді желімдеу;

рецептураға сәйкес күрделі желім құрамын әзірлеу;

желім жағудан алдын талап етілген температураға дейін бөлшектер мен тораптарды қыздыру.

466. Білуге тиіс:

күрделі конфигурациядағы бөлшектермен металды желімдеудің технологиялық процесі;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың, арнайы құрылғылар мен бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы;

қолдану принципі мен пайдалану қағидалары;

желімдегеннен кейін бұйымдарды тапсырудың техникалық шарттары.

467. Жұмыс үлгілері:

кубоктар, жүлделер – желімдеу.

Параграф 8. Металл декоративтік көркем суретшісі, 2-разряд

468. Жұмыс сипаттамасы:

лак және бояуды пайдаланып даяр алюминий және қола ұнтақ үлгілері бойынша металл табақ жиектері мен балалар бұйымдарына қарапайым оюлармен көркемдеп сурет салу.

469. Білуге тиіс:

табақ жиектеріне қарапайым ою салу техникасы;

сурет салынатын бұйымдарды дайындау қағидалары;

қолданылатын бояу, лак және оларды еріткіштердің қасиеті мен сапасы;

лак және бояумен ою салуға арналған қылқаламдардың нөмірлері мен сапасы.

Параграф 9. Металл декоративтік көркем суретшісі, 3-разряд

470. Жұмыс сипаттамасы:

орташа күрделіктегі оюлармен металл табақ жиектеріне көркемдеп сурет салу;

лакқа жайма алтын жағу.

471. Білуге тиіс:

табақ жиектеріне бояумен, қоламен, алюминиймен орташа күрделіктегі ою салу техникасы;

суреттің құрылымы;

сұйық алтынмен жұмыс істеу техникасы;

табақтарды жасаудың техникалық шарттары.

Параграф 10. Металл декоративтік көркем суретшісі, 4-разряд

472. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі оюлармен металл табақ жиектеріне көркемдеп сурет салу;

анағұрлым жоғары білікті металға декоративтік сурет салтын суретшінің басшылығымен тығыз және лессирленген сурет техникасында жеке қиялы бойынша қарапайым және орташа күрделіктегі түсті-оюлы композициялармен лакталған табақтарға сурет салу;

дала және бақша гүлдерін:

кызғалдақ, түймедақ, ботакөз гүлдерін формалары бойынша гүлдестеге жинақтау және оларды табақтың формасы және фонына сәйкестендіріп ритм және гүліне қарай ұйымдастыру.

473. Білуге тиіс:

табақ жиектеріне қарапайым және орташа күрделіктегі түсті-оюлы композициялармен күрделі ою жиектеріне сурет салу техникасы;

түсті-оюлы композицияларды құрудың негізгі принциптері;

екі қабатты майлы сурет техникасы;

сурет салғаннан кейін табақтарды кептіру режимі, жайма алтыны мен өзге де материалдардың қасиеті;

бұйымды ыстықтай кептіргенде суреттің түсінің өзгеру сипаты.

Параграф 11. Металл декоративтік көркем суретшісі, 5-разряд

474. Жұмыс сипаттамасы:

жеке қиялы бойынша қарапайым және орташа күрделіктегі, күрделі түсті-оюлы композициялармен лакталған табақтарға сурет салу;

көркем сурет салудың нұсқалары;

төмендеу білікті суретшінің жұмысын басқару.

475. Білуге тиіс:

күрделі түсті-оюлы композициялармен табақтарға сурет салу техникасы; табақтарды безендірудің түрлі декоративтік жолдары.

Параграф 12. Металл декоративтік көркем суретшісі, 6-разряд

476. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше күрделі металл табақтарға және ірі бірегей бұйымдарға жоғары көркемдік және техникалық орындауды талап ететін ширма, үстелдің тақталарына сурет салу.

477. Білуге тиіс:

жост өнерінің стильдік ерекшеліктері;

түс тану негіздері;

тығыз және лессирленген сурет техникасында түс фондарын құрастыру, металл потальды пайдаланылатын түрлі-түсті фондар, перламутрмен инкрустациялау және сурет салу, пульверизатор арқылы фонды жағу тәсілдері.

478. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

Параграф 13. Табақ лактаушы, 4-разряд

479. Жұмыс сипаттамасы:

металдан жасалған табақтар мен өзге де көркемөнер бұйымдарының бетін арасында ұстап және кептіре отырып мөлдір, жылтыр пленка пайда болғанға дейін бірнеше рет ашық түсті лак жағу;

құрамалы декоративтік фондарға тиісінше көркемдеп сурет салу;

қабат және металл төсем жағу;

фонға бөлу және жазу үшін бұйымдардың бетін дайындау, түс гаммасын сақтай отырып бояуды бекіту.

480. Білуге тиіс:

табақтарды және өзге де металл көркемөнер бұйымдарды лактау жолдары;

бояғыштар мен лактардың қасиеті, оларды белгілі байланыстыру кезінде құру;

лак пленканы кептіру режимі мен төзімділігі;

түстің пайда болу қағидалары;

колер жасау;

имитациялау қабатын пайдаланып табиғи жыныстарға фондарды бөлу;

капал лагын қайнату және оны жұмысқа дайындау;

арнайы лактар мен қылқаламдарды таңдау.

Параграф 14. Табақ тегістеуші, 3-разряд

481. Жұмыс сипаттамасы:

металдан жасалған металл табақтар мен өзге де көркемөнер бұйымдарының лакталған бетін пемзамен және қатты матамен қолмен тегістеу;

сурет салатын қарапайым және орташа күрделіктегі металдан жасалған көркемөнер бұйымдарын және табақтарды шаю, кептіру, ысқылау және дайындау, сондай-ақ көркемдеп безендірілген бетін лактау.

482. Білуге тиіс:

лакталған бетті пемзамен және қатты матамен тегістеу техникасы мен жолдары, тегістегеннен кейін бұйымдардың бетіне қойылатын талаптар;

тегістеу түріне қарай тегістелетін материалдарды таңдау, материалдардың қасиеті мен сапасы.

Параграф 15. Табақ тегістеуші, 4-разряд

483. Жұмыс сипаттамасы:

металдан жасалған металл табақтар мен өзге де көркемөнер бұйымдарының лакталған бетін абразивтік паста және ұнтақтарды пайдаланып қолмен тегістеу;

декоративтік жоғары сапалы қабат және сурет салу үшін табақтардың және өзге де күрделі формадағы металдан жасалған көркемөнер бұйымдарының бетін дайындау.

484. Білуге тиіс:

абразивтік паста және ұнтақтармен тегістеу техникасы мен жолдары;

тегістеу және декоративтік қабат қасиеттері;
абразивтік материалдар мен құрылғыларды іріктеу қағидалары;
жоғары сапалы қабаттың бетін дайындау қағидалары;
табақтарға сурет салу технологиялық процесі.

7-тарау. Миниатюралы кескінделген папье-машеден жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Ағаш пен папье-машеден бұйым құрастырушы, 2-разряд

485. Жұмыс сипаттамасы:

дайын бөлшектерден жасалған қарапайым және күрделігі орташа тораптар мен бұйымдарды эскиздер мен сызбалар бойынша қолмен немесе станокта құрастыру;
қызмет көрсетілетін жабдықтардың мақсаты мен жұмыс қағидаты.

486. Білуге тиіс:

бөлшектер мен жылжымалы тораптарды слесарлық құрастыру тәсілдері;
ағаш пен папье-машеден жасалған қарапайым және күрделігі орташа тораптар мен бұйымдарды ұсталық өндеудің технологиялық жүйелілігі;
құралдар мен құрылғылар.

487. Жұмыс үлгілері:

құрастыру:

- 1) богородский ойыншықтары;
- 2) қобдишалар.

Параграф 2. Ағаш пен папье-машеден бұйым құрастырушы, 3-разряд

488. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі тораптар мен бұйымдарды эскиздер мен сызбалар бойынша қолмен және станокта құрастыру;
металл шарнирлерді қолмен жасау және оларды бұйымдарға қосу;
жабдықтың құрылысы және жұмысын реттеу тәсілдері.

489. Білуге тиіс:

папье-маше мен ағаштан жасалған күрделі тораптар мен бұйымдарды құрастыру тәсілдері;
шарнир жасау және оларды бұйымдарға қосу кезінде слесарлық өндеу тәсілдері;
жабдықты реттеу тәсілдері.

490. Жұмыс үлгілері:

құрастыру:

- 1) таяқшалар, диірмен;

2) опа сауыты.

Параграф 3. Ағаш пен папье-машеден бұйым құрастырушы, 4-разряд

491. Жұмыс сипаттамасы:

папье-маше мен ағаштан жасалған аса күрделі жоғары көркем және бірегей бұйымдарды эскиздер мен сызбалар бойынша қолмен және станокта құрастыру;
аса күрделі бұйымдарды эскиздер мен сызбалар бойынша жасау;
қолданылатын жабдықты баптау.

492. Білуге тиіс:

папье-маше мен ағаштан жасалған аса күрделі бұйымдарды құрастыру және өңдеу тәсілдері;

қолданылатын жабдықты баптау қағидалары.

493. Жұмыс үлгілері:

құрастыру:

1) қобди;

2) жиһаз;

3) нан салғыш.

Параграф 4. Картон ораушы, 3-разряд

494. Жұмыс сипаттамасы:

картоннан пішілген қарапайым және орташа күрделіктегі дайындамаларды шаблон бойынша орау;

берілген мөлшер бойынша дайындамаға картонды қолмен пішу;

дайындамаларды іріктеу және сапасын бақылау;

жапсырылған катушкалар мен пластиналарды сығымдау және оларды кептіру;

электр қыздырғышты бұлауларда папье-маше дайындамаларына зығыр майын сіңдіру;

кептіру камерасына папье-маше дайындамаларын салу;

кептіру және сығымдау процесінде бөлшектер мен дайындамалардың температуралық режимдерін реттеу, ұстау.

495. Білуге тиіс:

дайындамаларды шаблон бойынша орау жолдары;

қолданылатын жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципі;

кептіру камераларына бөлшектерді, жартылай фабрикаттар мен дайындамаларды оңтайлы салу жолдары;

кептірудің температуралық режимі;

пластиналар мен катушкаларға зығыр майын сіңдіру қағидалары;

майды қыздыру температурасы;

сіндіру дайындығын айқындау тәсілдері.

496. Жұмыс үлгілері:

қобдишалар, панно бөлшектері – картон орау.

Параграф 5. Картон ораушы, 4-разряд

497. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі пішілген дайындамаларды шаблон бойынша орау;

жаймаларды пластиналарға қалау;

өз бетінше белгілей отырып картон кесетін машиналарда және станоктарда картонды пішу;

кептіру камераларына папье-маше дайындамалары мен бөлшектерін салу;

станоктарды баптау.

498. Білуге тиіс:

бұрышты және екі жақты сығымдағыштарда жапсырылған дайындамаларды сығымдау жолдары;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмыс қағидалары мен баптау қағидалары.

499. Жұмыс үлгілері:

ларец, опа салғыш бөлшектері – картон орау.

Параграф 6. Миниатюралық кескіндеме суретшісі, 3-разряд

500. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған лак бұйымдарды көп қабатты майлы миниатюралық кескіндемені және темперлік бояулы кескіндемені пайдалана отырып, қарапайым сюжеттермен үлгілер мен эскиздер бойынша жапырақ алтыны мен ондағы жазуды немесе алтынмен өрнектеп орындалуын пайдалана отырып көркем ресімдеу ("тесіп өтетін" кескіндеме).

501. Білуге тиіс:

темперлік немесе майлы бояумен корпусстық және көркем миниатюралы кескіндеме жасау техникасы;

қолданылатын бояудың қасиеттері мен сапасы, бұйымдарды кескіндеме үшін дайындау тәсілдері;

сылау, суретті ауыстыру;

қажетті консистенциялы әртүрлі бояуды жасау.

502. Жұмыс үлгілері:

әшекейлеу:

1) кітап жазбалары;

2) пейзаж, силуэттық бейнелер.

Параграф 7. Миниатюралық кескіндеме суретшісі, 4-разряд

503. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған лак бұйымдарды көп қабатты майлы миниатюралық кескіндемені және темперлік бояулы кескіндемені пайдалана отырып, күрделігі орташа сюжеттермен үлгілер мен эскиздер бойынша және берілген үлгілер бойынша әшекейлеудің дәстүрлі декоративтік тәсілдерін пайдалана отырып көркем ресімдеу.

504. Білуге тиіс:

күрделігі орташа сюжетті лак бұйымдарына жазу тәсілдері;
декоративті кескіндеме негіздері және сурет композициясы;
лақтың пигменттердің түсіне тигізетін әсері;
бұйымдарды кескіндеме жасау үшін дайындау тәсілдері.

505. Жұмыс үлгілері:

әшекейлеу:

- 1) бірнеше фигураның пейзаж бен жан-жануарлар бейнесімен біріккен композициясы;
- 2) "Аленушка" қобдишалары;
- 3) "Жалын-құс" қобдишалары.

Параграф 8. Миниатюралық кескіндеме суретшісі, 5-разряд

506. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған лак бұйымдарды көп қабатты майлы миниатюралық кескіндеме техникасын және темперлік бояулы кескіндемені пайдалана отырып, күрделі сюжетті лак бұйымдарды көркем ресімдеу;

суреттің көлемін жартылай дайын өнімнің көлеміне байланысты өлшеу;
жана үлгілерді құрамдас композициялар бойынша жасау.

507. Білуге тиіс:

күрделі сюжетті лак бұйымдарға көркем жазу тәсілдері;
металл төсемелерді, ұнтақтар мен перламутрды пайдалану техникасы;
бұйымдарды ресімдеудің барлық декоративті тәсілдерін орындау техникасы;
сурет көлемін жартылай дайын өнімнің көлеміне қатысты өлшеу тәсілдері.

508. Жұмыс үлгілерін әшекейлеу:

- 1) бірнеше сахналы оюлы және көп фигуралы композициялары;
- 2) "Мергендер аялдайтын орында" қобдишалары;
- 3) "Горбунок - ат" қобдишалары.

Параграф 9. Миниатюралық кескіндеме суретшісі, 6-разряд

509. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған лак бұйымдарды көп қабатты майлы миниатюралық кескіндеме техникасын және темперлік бояулы кесіндемені пайдалана отырып, аса күрделі сюжетті лак бұйымдарды өз композициясы бойынша көркем ресімдеу;

аса күрделі көп фигуралы композицияларды, миниатюралық портреттерді, пейзажды, натюрморттарды үлгі деректері бойынша да, өзінің суреттері мен эскиздері бойынша да салу;

жаңа әмбебап және көрме үлгілерін жасау.

510. Білуге тиіс:

аса күрделі тақырыптық және көп фигуралы композициялардың құрылу заңдары;

лак кәсіпшілігінің әрқайсысына тән миниатюралық бұйымдарды декоративті ресімдеу тәсілдері және бұйымдарды жасаудың техникалық шарттары.

511. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

512. Жұмыс үлгілері:

әшекейлеу:

1) "Қызыл алаңдағы салют" қобдиы;

2) "Салтан патша туралы ертегі" миниатюрасы.

Параграф 10. Миниатюралық кескіндеме суретшісі, 7-разряд

513. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған лак бұйымдарды өз композициясы бойынша халықтың миниатюралық кескіндеме дәстүрінде майлы және темперлік бояулы көп қабатты техниканы пайдалана отырып, аса күрделі сюжетті лак бұйымдарды көркем ресімдеу;

қара лак реңінде реалистік мәнерде, сәдеп бойынша немесе фольга жапырақтарымен жалтыратып, ашық бояулармен орындарлған шеберлік, палехский мен федоскин миниатюрасы;

күрделі фольклорлық, тарихи әрі әдеби сюжеттерді, портреттерді, пейзажды, натюрморттарды, оюларды өзінің суреттері мен эскиздері бойынша да салу;

жаңа әмбебап және көрме үлгілерін, авторлық бұйымдар мен эксклюзивті коллекциялар жасау.

514. Білуге тиіс:

күрделі тақырыптық және көп фигуралы композициялардың құрылу заңдары;

шеберлік, палехский мен федоскин көркем суреті дәстүрінде миниатюралық бұйымдарды декоративті ресімдеу тәсілдері;

бұйымдарды жасаудың техникалық шарттары.

515. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

Параграф 11. Папье-машені аралаушы, 2-разряд

516. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған қарапайым формалы бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді қолмен және станокта аралау;

орауыштар мен дайындамаларды белгіленген өлшемі бойынша циркулярлық арада аралау;

жиектерін тегістеу станогында тазалау, құралдарды қайрау.

517. Білуге тиіс:

қарапайым формалы бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді қолмен және станокта аралау тәсілдері;

қолданылатын құралды қайрау қағидалары;

қызмет көрсетілетін жабдықтың мақсаты мен жұмыс қағидаты.

518. Жұмыс үлгілері:

1) қобдишаның, панноның бөлшектері – аралау және тазалау;

2) оралған орауыштар – аралау.

Параграф 12. Папье-машені аралаушы, 3-разряд

519. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған күрделігі орташа бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді қолмен және станокта аралау;

бұйым корпустарының жиектерін қажетті өлшемге дейін сызбалар бойынша зімпара шеңбермен тазалау;

қолданылатын жабдықтың жұмысын реттеу.

520. Білуге тиіс:

күрделігі орташа бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді аралау тәсілдері;

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылысы мен реттеу қағидалары;

папье-машеден жасалған бұйымдарды өңдеудің технологиялық жүйелілігі.

521. Жұмыс үлгілері:

1) құнды заттарды сақтауға арналған қорапшалар – аралау;

2) қақпақтар – ішкі және сыртқы бетін тазалау;

3) қобдишалар – ішкі және сыртқы бетін тазалау.

Параграф 13. Папье-машені аралаушы 4-разряд

522. Жұмыс сипаттамасы:

папье-машеден жасалған күрделі бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді қолмен және станокта аралау;

қолданылатын жабдықты баптау.

523. Білуге тиіс:

күрделі бөлшектер мен жартылай дайын өнімдерді аралау тәсілдері;

қолданылатын жабдықтардың кинематикалық схемасы мен баптау қағидалары;

жартылай дайын өнімдердің техникалық шарттары.

524. Жұмыс үлгілері:

аралау:

- 1) құрамды бұйымдар.
- 2) миниатюралар.
- 3) жарты бөшекелер.

8-тарау. Мүсіндеу өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Зеңдеуші, 1-разряд

525. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары зеңдеушінің басшылығымен бұйымдарды зеңдеу және өң беру алдында дайындық жұмыстарын орындау:

металдан жасалған мүсіннің бетін жуу, кептіру, қышқыл қоспасымен және сілті ерітіндісімен жуу, гипстен немесе мастикадан жасалған бұйымдарды сылау;

әр түрлі химиялық ерітінділер мен өң беру қоспаларын дайындау үшін материалдарды ұнтақтау, себу және араластыру.

526. Білуге тиіс:

ерітінділер мен өң беру қоспаларының құрамына кіретін бастапқы материалдардың мақсаты, қышқылдар мен сілтілерді пайдалану қағидалары.

Параграф 2. Зеңдеуші, 2-разряд

527. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдарды зеңдеу және өң беру алдында дайындық жұмыстарын орындау: металдан жасалған мүсіннің бетін жуу, кептіру, қышқыл қоспасымен және сілті ерітіндісімен жуу, гипстен немесе мастикадан жасалған бұйымдарды сылау жұмыстарын орындау;

біліктілігі анағұрлым жоғары зеңдеушінің басшылығымен белгіленген рецептілер бойынша өңдеу қоспаларын, сылау құрамын дайындау;

гипстен, мастикадан, бетоннан жасалған мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін бір түске бояу және қола жалату.

528. Білуге тиіс:

бұйымның зеңделетін және өң берілетін бетін өңдеу, майсыздандыру, тазалау және сылау процессінің технологиясы;

қышқыл, ерітінді, бояулардың қасиеттер.

Параграф 3. Зеңдеуші, 3-разряд

529. Жұмыс сипаттамасы:

металл, гипс, мастика, бетоннан жасалған күрделі емес мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін химиялық ерітінділермен немесе өңдеу қоспаларымен қола, күміс, шойын, піл сүйегі және тағы өзге ұқсата отырып зеңдеу және өңдеу;

біліктілігі анағұрлым жоғары зеңдеушінің басшылығымен белгіленген рецептілер бойынша қышқыл, ерітінділер, сілтілер қоспасын дайындау.

530. Білуге тиіс:

күрделі емес мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін зеңдеу және өңдеу тәсілдері;

жекелеген бояулардың химиялық құрамдары мен жарыққа төзімділігі.

Параграф 4. Зеңдеуші, 4-разряд

531. Жұмыс сипаттамасы:

металл, гипс, мастика, бетоннан жасалған күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін химиялық ерітінділермен немесе өңдеу қоспаларымен үлгілер бойынша зеңдеу және өңдеу;

металдан жасалған бұйымдарды тоттанудан сақтау үшін қорғаныш пленка жасау үшін лакпен немесе скипидарда балауыз ерітіндісімен қаптау.

532. Білуге тиіс:

күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін зеңдеу және өңдеу тәсілдері;

зеңдеу ерітіндісі мен өң беру қоспаларының химиялық қасиеттері;

қорғаныш пленкасын жану тәсілдері;

бояу бүріккіштің құрылысы мен оны пайдалану қағидалары;

қатты әсер ететін агрессивті химиялық ерітінділермен қауіпсіз жұмыс қағидалары.

Параграф 5. Зеңдеуші, 5-разряд

533. Жұмыс сипаттамасы:

металл, гипс, мастика, бетоннан жасалған аса күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін химиялық ерітінділермен немесе өңдеу қоспаларымен зеңдеу және өңдеу; жарық теңктерінің бетіне өң беруді айқындау;

металдан жасалған бұйымдарды тоттанудан сақтау үшін қорғаныш пленкамен:

лакпен немесе скипидарда балауыз ерітіндісімен қаптау;

белгіленген рецептура бойынша зеңдеу және өңдеуге арналған өңдеу қоспаларын, сылақ құрамын, қышқыл, ерітінділер, сілтілер қоспасын дайындау;

біліктілігі анағұрлым төмен зеңдеушінің жұмысын басқару.

534. Білуге тиіс:

аса күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін зеңдеу және өңдеу тәсілдері;

бояу, химикаттар мен лактардың сорттары;

зеңдеу және өңдеуге арналған химиялық ерітінділер мен қоспаларды дайындау тәсілдері;

көп реңкті бояуға арналған бояуларды жасау технологиясы;

өң беру құрамдарын бекіту, жарық реңктерін айқындау тәсілдері.

Параграф 6. Зеңдеуші, 6-разряд

535. Жұмыс сипаттамасы:

металл, тас, қыш, ағаш, ескі қола, күміске ұқсатып әр түрлі материалдардан жасалған бірегей көрмелік мүсін туындыларын зеңдеу және өңдеу;

біліктілігі анағұрлым жоғары зеңдеушінің басшылығымен белгіленген рецептілер бойынша қышқыл, ерітінділер, сілтілер қоспасын дайындау;

белгіленген рецептура бойынша өңдеу қоспаларын, сылақ құрамын, химиялық ерітінділер мен өң беру қоспаларын жасау;

әр түрлі материалдардан жасалған мүсін туындыларын түс гаммасын таңдай отырып, зеңдеу және өңдеу үлгілерін жасау.

536. Білуге тиіс:

бірегей көрмелік мүсін туындыларын зеңдеу және өңдеу тәсілдері;

зеңдеу және өңдеу технологиясы;

туындының зеңдеу және өңдеу бетін бұзылудан сақтайтын лактарды, бекіткіштерді қолдану технологиясы;

химикаттардың мақсаты мен олардың түсті металдарға тигізетін әсері;

зеңдеу және өңдеуге арналған ерітінділер мен құрамның рецептурасын түс гаммасын таңдай отырып, жасау технологиясы.

Параграф 7. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 1-разряд

537. Жұмыс сипаттамасы:

мүсін соғу алдында дайындық жұмыстарын жүргізу;

гипсті, цемент пен құмды елеу;

мәрмәр ұнтағын жуу;

мүсін жасайтын саз балшықты, күрделі емес бетон қоспасын дайындау;

жаңыршақ пен кендір жіп дайындау;

желім кесу;

май мен желімді белгіленген рецептура бойынша қайнату;

мүсін соғу бұйымдарын орнату үшін сылақтың бетін керту;

жұмыс аймағы шегінде материалдарды, қалыптарды, гипс пен бетон бұйымдарды жылжыту.

538. Білуге тиіс:

мүсін өндірісінде қолданылатын материалдар және оларды пайдалану қағидалары;

ерітінді мен қоспаларды дайындау тәртібі;
май мен желімді қайнату қағидалары.

Параграф 8. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 2-разряд

539. Жұмыс сипаттамасы:

мүсін туындысының аксессуарлары мен сәулет бөлшектерін гипстен құю және бетон қоспаны кесек түрінде толтыру, біліктілігі анағұрлым жоғары құюшының басшылығымен қалыпты маймен және лакпен қаптау;

пластмассадан жасалған күрделі емес мүсіншелерді желім қалыпта құю;

күрделі бетон қоспасын, гипс және пластмасса ерітінділерін белгіленген рецептура бойынша дайындау;

біліктілігі анағұрлым жоғары құюшының басшылығымен күрделі емес сәулет бөлшектерін орнына орнату.

540. Білуге тиіс:

қоспа ерітінділерін дайындау технологиясы;

құю үшін қалып дайындау қағидалары;

құралдарды пайдалану қағидалары.

Параграф 9. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 3-разряд

541. Жұмыс сипаттамасы:

кесек, желім және формопласт қалыпта гипстен құю, күрделі емес мүсін туындыларының кесек қалыптарына және сәулет бөлшектеріне бетон қоспаны толтыру;

қалыпты кесек және желім түрінде майлау және лактау;

папье-маше мен мастикадан күрделі емес сәулет бөлшектерін кептіруден кейін тазалай отырып жасау;

пластмассадан жасалған күрделі мүсіншелерді желім, формопласт және металл қалыпта құю;

біліктілігі анағұрлым жоғары құюшының басшылығымен күрделі емес мүсін бөлшектерін орнына орнату.

542. Білуге тиіс:

күрделі емес мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін құю және толтыру тәсілдері;

гипс және пластмасса ерітінділерін, бетон қоспалар мен папье-машені мөлшерлеу, майлар мен лактарды пайдалану тәсілдері;

гипс, бетон, мастика, папье-машеден жасалған мүсін туындыларын өңдеу технологиясы.

Параграф 10. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 4-разряд

543. Жұмыс сипаттамасы:

кесек, желім және формопласт қалыпта гипстен құю, кесек формалы бетон қоспасын толтыру, монтаждау, фактура жағу, күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін бетон мен гипспен тегістеу;

папье-маше мен мастикадан күрделі сәулет бөлшектерін тазалап және өңдей отырып құю;

пластмассадан балауыз құю тәсілімен күрделі мүсіншелерді құю;

күрделі емес және күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін орнына орнату.

544. Білуге тиіс:

күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін құю және толтыру тәсілдері;

кесек, желім және формопласт қалыпты дайындау технологиясы;

табиғи тас түріндегі қаттама бетон қоспасының рецептурасы, бұйымдарды арматуралау тәсілдері және негізгі каркастарды орналастыру қағидалары;

белгіленген рецептура бойынша пластикалық май дайындау тәсілдері.

Параграф 11. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 5-разряд

545. Жұмыс сипаттамасы:

кесек, желім және формопласт қалыпта гипстен құю, кесек қалыпта бетон қоспасын толтыру, аса күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін монтаждау, өңдеу және тиісті орнына орнату;

папье-маше мен мастикадан аса күрделі мүсін және сәулет бөлшектерін кесек, желім және құрамдас қалыптарда жасау, оларды өңдеу және қисық бетке орналастыру;

пластмассадан кесек гипс және металл қалыпта балқыма балауыз құю немесе тұтас илеу тәсілімен күрделі мүсіншелерді құю.

546. Білуге тиіс:

аса күрделі мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін құю және толтыру тәсілдері;

гипс пен пластмассадан құю, әр түрлі қалыпта бетон қоспаны толтыру технологиясы;

фактураны өңдеу тәсілдері;

құралдарды толтыру және қайрау қағидалары;

мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін орнату қағидалары;

пластмасса компоненттерін мөлшерлеу және оларды пайдалану қағидалары;

пластмассадан жасалған бұйымдарды өңдеу тәсілдері.

Параграф 12. Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы, 6-разряд

547. Жұмыс сипаттамасы:

монумент жасау өндірісінде тұтастай оның тұрған жерінде, тұғырында құрамында әр түрлі компоненттері мен бояулары бар күрделі бетон қоспасын кесек немесе құрамдас қалыпта толтыру;

күрделі каркастың біркелкі орналасуы;

қалыптың бетон қоспамен толтырылуына қарай оның белгі кесектерін орнату және бекіту;

динамикалық шешімді монументтің барлық бөлшектеріне қоспа толтыру;

қалыптың толтырылуына қарай бетон қоспасы илемін монолиттік біріктіру;

жұмыстарды орындау барысында құрылысты жалпы бекіту;

сәулет құрылыстарында аса күрделі монументалдық туындыны орнату;

біліктілігі анағұрлым төмен соғушылардың жұмысына басшылық жасау.

548. Білуге тиіс:

күрделі бетон қоспадан әр түрлі қалыпта монументалдық құрылысты оның тұрған орнында, тұғырында соғу технологиясы;

бояу қосылған, реңкі бойынша біртекті, илемдерінің санына байланыссыз күрделі бетон қоспаны, қалыпқа бетон қоспа толтыру тәртібі;

каркасты бекіту және орналастыру тәртібі;

негізгі арматураны тоттан сақтау тәсілдері;

каркасты конструкторлық сызбалар бойынша құру тәртібі.

Параграф 13. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 1-разряд

549. Жұмыс сипаттамасы:

тесу алдында дайындық жұмыстарын орындау;

қаңылтыр мысты күйдіруге арналған көрікті жағу;

мүсін туындысының бөлшектеріндегі дәнекерлеу жіктерін қолмен тазалау.

550. Білуге тиіс:

дәнекерлеу жігін өңдеу қағидалары және қол құралдарын пайдалану, қауіпсіздік техникасының қағидалары.

Параграф 14. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 2-разряд

551. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары нақыштаушының басшылығымен жазылған қаңылтыр мыстан күрделі емес мүсін туындыларын ойып жасау;

гипс қалыптарды баббит құюға және қаңылтыр металдан жасалған бұйымдарды шайыр құюға дайындау;

дәнекерлеу жіктерін механикалық құралмен тазалау;

қатты үлгідегі мүсін туындысының бөлшектерін үстелге одан қаңылтыр металдан бұйым ойып жасау үшін орнату;

мүсін бөлшектерін жасау процессінде қаңылтыр мысты көрікте күйдіру.

552. Білуге тиіс:

механикалық құралдар мен жабдықтарды пайдалану қағидалары;
қаңылтыр мысты күйдіру технологиясы, баббит пен шайырды балқыту.

Параграф 15. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 3-разряд

553. Жұмыс сипаттамасы:

жазылған қаңылтыр мыстан күрделі емес мүсін туындыларын ойып жасау;
фактураны белгіленген үлгі бойынша жағу;

мүсін туындыларының күрделі емес бөлшектерін белгілеу, қағаздан шаблон жасау және біліктілігі анағұрлым жоғары нақыштаушының басшылығымен олар бойынша қаңылтыр металл пішу;

ойылған бөлшектерді кесу және дәнекерлеуге дайындау;

дайын өлшемдер бойынша каркас бөлшектерін дайындау;

күрделі емес мүсін туындыларын құрастыру және біліктілігі анағұрлым жоғары нақыштаушының басшылығымен каркаста монтаждау.

554. Білуге тиіс:

мүсін туындыларын күрделі емес бөлшектерін ою тәсілдері;

қаңылтыр металды созу және орнату тәсілдері;

фактура жағу тәсілдері.

Параграф 16. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 4-разряд

555. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі емес мүсін туындыларын, сәулет бөлшектерін, кез келген қаріпті әріп белгілерін шаблон бойынша піше отырып, қатты үлгі бойынша толық қысып, қаңылтыр металды орнатып және соза отырып, қаңылтыр металдан ою және нақыштау;

дәнекерлеу жіктерін дәнекерлеуден және нақыштағаннан кейін бөлшектерді түзету;

күрделі емес мүсін туындыларын құрастыру, каркаста монтаждау және авторлық үлгіге сәйкес келгенге дейін пысықтау;

күрделі емес негізгі каркасты сортты болаттан жасау.

556. Білуге тиіс:

күрделі емес мүсін туындыларын ою тәсілдері;

бөлшектерге баббит немесе шайыр құю технологиясы;

дәнекер мен флюс пайдалана отырып, металл дәнекерлеу тәсілдері.

Параграф 17. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 5-разряд

557. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі мүсін туындыларын, сәулет бөлшектерін қаңылтыр металдан ойып жасау және нақыштау;

мүсін туындыларын белгілеу, қағаздан шаблон жасау және олар бойынша қаңылтыр металл пішу;

жекелеген блоктармен монтаждау және күрделі мүсін туындыларын каркаста құрастыру;

мүсін қабығының күрделі каркасын және негізгі каркасты жасау;

күрделі мүсін туындыларын автордың басшылығымен авторлық үлгіге сәйкес жалпы нақыштау;

біліктілігі анағұрлым төмен нақыштаушылардың жұмысына басшылық жасау.

558. Білуге тиіс:

күрделі мүсін туындыларын ою тәсілдері;

бөлшектерді дәнекерлеуге ұқсатып монтаждау технологиясы;

ою кезінде қолданылатын жабдықтар мен құрылғылар, адам мен жануарлардың дене пропорциясы мен бітімін құрастыру қағидалары;

мүсіндегі жарық көлеңкесінің мәні және фактуралау әдісі арқылы оны анықтау әдістері;

негізгі күрделі каркастың және мүсін қабаты каркасының құрылу тәртібі.

Параграф 18. Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы, 6-разряд

559. Жұмыс сипаттамасы:

аса күрделі мүсін туындыларын, сәулет бөлшектерін қаңылтыр металдан ойып жасау, жекелеген блоктармен монтаждау және нақыштау;

күрделі мүсін туындыларын автордың басшылығымен авторлық үлгіге сәйкес жалпы нақыштау;

аса күрделі мүсін туындыларын сорттық болаттан жасалған негізгі каркасты жұмыс сызбалары бойынша белгілеу және құрылымы;

мүсін туындыларын, сәулет бөлшектерін орнына орнату;

орнатқаннан кейін дайын құраммен өңдеу.

560. Білуге тиіс:

аса күрделі мүсін туындыларын ою тәсілдері;

пластикалық мүсін қалыптарын қаңылтыр металға көшіру тәсілдері;

сәулет өрнегінің құрылу қағидалары;

жарық көлеңкесінің формаға тигізетін әсері және рельефтің тереңдігін фактуралық өңдеу арқылы беру тәсілдері;

металды газбен электрлік дәнекерлеу арқылы технологиясы;

қаңылтыр металдан жасалған бұйымдарға өңдеу құрамын пайдалану қағидалары.

Параграф 19. Мүсін өндірісіндегі модельші 2-разряд

561. Жұмыс сипаттамасы:

модель жасау және мүсін туындыларын ұлғайтумен байланысты дайындық жұмыстарын орындау;

мүсін саз-балшығын, пластилин, гипс ерітіндісін, металл және ағаш арматураны, кендір жіпті, майды дайындау.

562. Білуге тиіс:

гипс модельдерін жасау және мүсін туындыларын үлкейту кезінде қолданылатын негізгі материалдардың қасиеттері мен мақсаты.

Параграф 20. Мүсін өндірісіндегі модельші, 3-разряд

563. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары модельшінің басшылығымен гипстен табиғи көлемде күрделі емес сәулеттік соғу моделін жасау;

гипс моделін монтаждау және тазалау;

өлшеу пунктирлік рамаларын орнатуға қатысу;

көлемін үлкейту кезінде мүсінді күту.

564. Білуге тиіс:

гипстен сәулеттік соғу моделін жасау, күрделі емес шаблондарды жасау тәсілдері;

гипс модельдерін жасау кезінде қолданылатын негізгі материалдардың қасиеті мен мақсаты.

Параграф 21. Мүсін өндірісіндегі модельші, 4-разряд

565. Жұмыс сипаттамасы:

гипстен табиғи көлемде күрделі емес сәулеттік соғу моделін жасау;

күрделі емес шаблондарды ағаштан, қаңылтырдан жасу және гипстен күрделі емес бұйымдар мен бөлшектерді созып шығару:

жинақтауыш, тұтқа, құмыра, балясина, розетка;

гипстен күрделі емес тегіс өрнек пен әріп кесіп жасау;

күрделі емес мүсін туындысының гипс моделіне пунктирлік нүкте белгілеу;

пунктирленген каркасты жасай отырып және глина төсей отырып күрделі емес сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып үлкейту.

566. Білуге тиіс:

күрделі емес сәулеттік соғу моделін жасау тәсілдері;

жұмыс үлгісіне пунктирлік нүкте белгілеу қағидалары;

пунктирленген каркас пен жұмыс глинасын күрделі емес сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып құру тәсілдері;

күрделі емес шаблон жасау тәсілдері және олардан гипс модельдерді созу.

Параграф 22. Мүсін өндірісіндегі модельші, 5-разряд

567. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар мен шаблондардан сәулет шешімінің күрделі модельдерін жасау: ескерткіштер, мүсін элементтері жоқ, мәтін жазылған мемориалдық тақта модельдері;

күрделі шаблондарды ағаштан, қаңылтырдан жасу және гипстен күрделі сәулет бейіндері мен белгіленген өлшемді бөлшектерді созып шығару, кейіннен қатты материалға, яғни гипске, бетонға, металдың отыруын ескере отырып металға ауыстыру үшін суреттер мен шаблондар бойынша саз-балшық пен ермексаздан күрделі көлемді сәулет бөлшектерінің модельдерін соғу, пунктирлік нүктелерді күрделі мүсін туындысының жұмыс гипс моделіне салу;

пунктирленген каркасты жасай отырып және глина төсей отырып күрделі емес сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып үлкейту;

сәулет соқпасының күрделі емес және күрделі модельдері мен эталондарын қалпына келтіру.

568. Білуге тиіс:

сәулет соқпасының күрделі модельдерін жасау тәсілдері;

сәулет бөлшектеріндегі, өрнектердегі суреттің құрылымының қағидалары;

өрнектегі тегістік пен рельефтің арақатынасы, пунктирленген каркас пен жұмыс глинасын күрделі сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып құру тәсілдері;

күрделі емес шаблон жасау тәсілдері және олардан гипс модельдерді созу.

Параграф 23. Мүсін өндірісіндегі модельші, 6-разряд

569. Жұмыс сипаттамасы:

сызбалар мен шаблондар бойынша сәулет шешімінің аса күрделі модельдерін, мәтін жазылған мемориалдық тақта үлгілерін жасау;

аса күрделі шаблондарды ағаштан, қаңылтырдан жасу және гипстен күрделі сәулет бейіндері мен белгіленген өлшемді бөлшектерді созып шығару;

кейіннен қатты материалға, яғни гипске, бетонға, металдың отыруын ескере отырып металға ауыстыру үшін суреттер мен шаблондар бойынша саз-балшық пен ермексаздан аса күрделі сәулет бөлшектерінің модельдерін соғу;

өзек пен құймаларды жасау;

сәулет бөлшектері мен өрнектерді ғимараттар мен құрылыстарға орнату және бекіту ;

пунктирлік нүктелерді аса күрделі мүсін туындысының жұмыс гипс моделіне салу;

пунктирленген каркасты жасай отырып және глина төсей отырып аса күрделі сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып үлкейту;

қалпына келтіру жұмыстары кезінде сәулет соқпасының аса күрделі модельдері мен бөлшектерін қалпына келтіру;

біліктілігі анағұрлым төмен модельшілердің жұмысына басшылық жасау.

570. Білуге тиіс:

сәулет соқпасының аса күрделі модельдерін жасау тәсілдері;

сәулет бөлшектеріндегі, өрнектердегі суреттің құрылымының қағидалары;

сәулеттік-соғу өндірісінің процесі;

сәулет бөлшектері мен өрнектерді орнату және бекіту жұмыстарын орындау қағидалары;

аса күрделі мүсін туындысын жасау тәсілдері;

аса күрделі шаблон жасау тәсілдері және олардан гипс модельдерді созу;

пунктирленген каркас пен жұмыс глинасын күрделі емес сәулет туындысын түпкілікті соқпай тұрып құру тәсілдері.

Параграф 24. Мүсін өнеріндегі қалыптаушы, 2-разряд

571. Жұмыс сипаттамасы:

қалыптау алдында дайындық жұмыстарын орындау;

гипс ерітіндісін дайындау, желім мен формопластты кесу және қайнату;

негізгі емес бөліктерінің бастапқы қалыптарын уату;

қалыптау алдында қалыптарды лакпен және үлгілердің эталонын қаптау.

572. Білуге тиіс:

гипс ерітінділердің мақсатына қарай оларды дайындау тәсілдері;

желім мен майды қайнату тәсілдері;

модельдер мен қалыптарға лак жағу қағидалары.

Параграф 25. Мүсін өнеріндегі қалыптаушы, 3-разряд

573. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары қалыптаушының басшылығымен күрделі емес мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектері модельдерінің гипс эталондарынан таза кесек, желім және фторопласт қалыптарды алу;

кесек, желім және фторопласт қалыптарға ұқсатып қаптама жасау;

қалыптарды арматуралау;

жіктерді алу және құйма бұйымдарды тазалау.

574. Білуге тиіс:

таза кесек, желім және фторопласт қалыптардың құрылысы, қалыптарды арматуралау тәсілдері;

қаптама жасау және оларға гипс, желім мен формопластты бекіту қағидалары;

қаптамадағы арматураның мақсаты және оны пайдалану тәсілдері.

Параграф 26. Мүсін өнеріндегі қалыптаушы, 4-разряд

575. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі емес мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектері үлгілерінің гипс эталондарынан, эскиздері мен үлгілерінен таза кесек, желім және фторопласт қалыптарды алу және гипс және бетон қалыпта құю;

саз-балшықтан немесе ермексаздан жасалған күрделі емес мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерінен бастапқы қалыптарды алу гипстен авторлық түпнұсқа қалыптарға құю;

қалыптарды уату.

576. Білуге тиіс:

күрделі емес мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерін қалыптау тәсілдері;

салынатын кесектерді белгілеу қағидалары;

құймаларды арматуралау:

дәнекерлеу мен суық тартуға ұқсатып, болттар мен штифтілерде құймаларды бекіту үшін кесектерді қалыптау;

мүсіннің жалпы мөлшеріне сәйкес құрылымдық және декоративтік кесектерге арналған шарнирлердің көлемі;

қалыптау кезінде қолданылатын материалдар мен олардың қасиеттері мен мақсаты.

Параграф 27. Мүсін өнеріндегі қалыптаушы, 5-разряд

577. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектері үлгілерінің гипс эталондарынан, эскиздері мен модельдерінен таза кесек, желім және фторопласт қалыптарды алу және гипс және бетон, қыш қалыпта құю;

саз-балшықтан немесе ермексаздан жасалған күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерінен бастапқы қалыптарды алу гипстен авторлық түпнұсқа қалыптарға құю;

күрделі емес және күрделі саз-балшық модельдерді белгілеу;

құю үшін металл кесектерді шарнирлей отырып, күрделі мүсін туындыларын бастапқы және таза (кесек) қалыптау;

каркасын құрастыра отырып күрделі емес және күрделі үлгілерді бөлшектеу және құрастыру;

үлгінің бұзылған бөлшектерін қалпына келтіру;

біліктілігі анағұрлым төмен қалыптаушының жұмысына басшылық жасау.

578. Білуге тиіс:

жекелеген бөлшектерін ажыратып және ажыратпай күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерін қалыптау тәсілдері;

шарнирлер мен "құлыптарды" жасау тәсілдері;
гипс, бетон қоспалары, мастика, қыш, фарфор, фаянс, металл және тағы өзге мүсін туындыларын жасау технологиясы;

гипс үлгілері қабырғасының шекті қалыңдығы, қорамжәшікте қалыптау үшін және металда құю үшін өндірістік мүмкіндіктерде жол берілетін үлгі кесектерінің көлемі.

Параграф 28. Мүсін өнеріндегі қалыптаушы, 6-разряд

579. Жұмыс сипаттамасы:

аса күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектері модельдерінің, эскиздерінің гипс эталондарынан таза (кесек), желім және фторопласт қалыптарды алу және әр түрлі материал күйінде модельдердің қалыптарына құю;

саз-балшықтан немесе ермексаздан жасалған аса күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерінен бастапқы қалыптарды алу гипстен авторлық түпнұсқа қалыптарға құю;

саз-балшықтан жасалған аса күрделі модельдерді белгілеу және кесу;

металл немесе бетон күйінде құю үшін кесектерді шарнирлей отырып, күрделі мүсін туындыларын бастапқы және таза (кесек) қалыптау;

мүсін туындысының аса күрделі модельдерін бөлшектеу және құрастыру.

580. Білуге тиіс:

аса күрделі мүсін туындылар мен сәулет соғу бөлшектерін қалыптау тәсілдері;
қалыптау жұмыстарын өндіру технологиясы;

тастан, фарфордан және ағаштан жасалған күрделігі жоғары қалыптарды құю үшін қалыптан алу тәртібі.

9-тарау. Сүйек пен мүйізден жасалатын көркем бұйымдар жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Мүйіз бен сүйектен ою оюшы, 2-разряд

581. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен қарапайым көркем бұйымдарды үлгілер бойынша, әр түрлі құрылғыларды пайдалана отырып қолмен көркем ою;

қарапайым көркем бұйымдардың дайындамаларын көркем оюды орындау үшін дайындау.

582. Білуге тиіс:

мүйіз бен сүйектен қарапайым көркем бұйымдарды қолмен және арнайы құрылғыларды пайдалана отырып ою тәсілдері;

дайын бұйымдар мен қолданылатын шикізатқа қойылатын техникалық талаптар.

583. Жұмыс үлгілері:

көркем ою:

- 1) түйме;
- 2) тегіс түйреуіштер.

Параграф 2. Мүйіз бен сүйектен ою оюшы, 3-разряд

584. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен күрделігі орташа жаппай өндірістегі көркем бұйымдарды үлгілер бойынша, әртүрлі құрылғылар мен жабдықтарды, сыдыру шеңберлерін, зімпараны, бұрғылау құрылғыларын, бормашиналарды пайдалана отырып қолмен көркем ою;

ормашинаны баптау.

585. Білуге тиіс:

құралдар мен жабдықтарды баптау және күту қағидалары;

мүйіз бен сүйектен күрделігі орташа бұйымдарды ою тәсілдері мен техникасы.

586. Жұмыс үлгілері:

көркем ою:

- 1) сәнді түйреуіш;
- 2) шаш түйреуіші;
- 3) кулон;
- 4) ілмектер.

Параграф 3. Мүйіз бен сүйектен ою оюшы, 4-разряд

587. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен күрделі бұйымдарды үлгілер мен эскиздер бойынша оюдың әр түрлі техникасымен көркем ою (геометриялық белгілермен аралап ою, бедерлі ою): қолмен және арнайы құрылғыларды пайдалана отырып;

бұйымдарды жекелеген бөлшектерден құрастыру.

588. Білуге тиіс:

мүйіз бен сүйектен оюдың әр түрлі техникасы;

қолданылатын арнайы құралдың;

жабдықтардың құрылысы және оларды күту;

дайын өнімдер мен қолданылатын шикізатқа қойылатын техникалық талаптар.

589. Жұмыс үлгілері:

көркем ою:

- 1) жапсырмалар;
- 2) белгілер;
- 3) ине сауыттар;

4) мүсін.

Параграф 4. Мүйіз бен сүйектен ою оюшы, 5-разряд

590. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен формасы жағынан аса күрделі бұйымдарды, көлемді мүсіндерді және сюжетті композицияларды оюдың бедерлі және рельефті техникасымен, орындалу қиындығы әртүрлі үлгілер мен эскиздер бойынша қолмен әр түрлі құрылғыларды пайдалана отырып көркем ою.

591. Білуге тиіс:

формасы жағынан аса күрделі мүйіз бен сүйектен көркем ою тәсілдері;

мүйіз бен сүйекті ою үшін дайындау және өңдеу тәсілдері, құралды орнату және қайрау қағидалары;

мүйіз бен сүйектің қасиеттері мен сапасы.

592. Жұмыс үлгілері:

көркем ою:

1) пышақ;

2) опа сауыты;

3) қобдишалар.

Параграф 5. Мүйіз бен сүйектен ою оюшы, 6-разряд

593. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен бедерлі, тегіс рельефті және көлемді ойылған көркемділігі жоғары, көрмелік және бірегей бұйымдарды және көп фигуралы бұйымдарды (мүсіндерді) әртүрлі техникада, техникалық тұрғыдан жоғары орындалған үлгілер мен эскиздер, өз композициясы бойынша көркем ою;

жаңа бұйымдарды өз композициясы бойынша орындау;

бұйымдарды монтаждау, құрастыру, бөлшектерді бекіту, бөлшектер мен тораптарды желімдеу;

материалдың негізіндегі көркемдік құндылығы мен декоративтік сапасын сақтай отырып ою.

594. Білуге тиіс:

мүйіз бен сүйектен бедерлі, тегіс рельефті және көлемді көркем ою және көп фактуралы бұйымдарды арнайы құрылғыларды пайдалана отырып ою тәсілдері;

мүйіз бен сүйектен оюдың дәстүрлі тәсілдері.

595. Жұмыс үлгілері:

көркем ою:

"Жолаушы туралы хабар", "Шынашақтай ер", "Көреген Олег", "Шалқан" типті мүсіндер.

Параграф 6. Мүйіз бен сүйекті аралаушы, 3-разряд

596. Жұмыс сипаттамасы:

сүйек пен мүйізден жасалған қарапайым және күрделігі орташа бұйымдарға арналған жиектер мен сақиналарды белгіленген өлшем бойынша циркульдік арада аралау;

мүйіз пластиналарды ашу және қажетті өлшемді плашкаларға аралау;

ыдыстарға салу;

циркульдік араны сынау;

тістерді қайрау, араны мүйіз бен сүйекті тиісті аралауға орнату;

жабдықты баптау.

597. Білуге тиіс:

циркульдік араның құрылысы мен пайдалану қағидалары;

тістерді ажырату және қайрау қағидалары;

мүйіз бен сүйектің сорттары мен сапасы, мүйіз бен сүйекті тиімді аралау тәсілдері;

бұйымдардың әртүрлі түрлеріне арналған мүйіз бен сүйектің құрылысы мен мақсаты.

598. Жұмыс үлгілері:

1) мүйіз бен сүйектен жасалған кулон – аралау;

2) тарақ пен шаш түйреуіштер жасайтын мүйіз бен сүйектің пластиналары – аралау.

Параграф 7. Мүйіз бен сүйекті аралаушы, 4-разряд

599. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен жасалған күрделі бірегей көркем бұйымдардың дайындамаларын белгіленген сызбалар мен өлшемдер бойынша аң-құстардың, адамның дене тұрқының анатомиялық құрылысы мен пропорциясына сәйкес циркульдік арамен және қолмен аралау;

мүйізді тиісті реңк пен декоративтік сапасы бойынша таңдау;

шикізатты тиімді пайдалану және дайындамалардың ажырауының алдын алу;

дайындамаларды өлшемі мен мақсаты бойынша орналастыру.

600. Білуге тиіс:

әр түрлі көркем бұйымдарды жасауға арналған мүйіз бен сүйектің құрылысы мен айырықша белгілері;

жан-жануарлар мен құстардың пропорциясы мен анатомиялық құрылысы.

601. Жұмыс үлгілері:

аралау:

1) көркем бұйымдарды инкрустациялауға, фигуралық мүсін мен композицияларға арналған мүйіз бен сүйектен жасалған дайындамалар;

2) алқа, сақина, білезіктерге арналған мүйіз бен сүйектен жасалған фигуралық пластиналар.

Параграф 8. Мүйіз бен сүйекті сұрыптаушы, 3-разряд

602. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйекті сапасы мен мақсаты бойынша сұрыптау;

мүйіз бен сүйекті техникалық талаптарға сәйкес өңдеу үшін дайындау;

мүйізді маңдайдан және өзектен нығыздауға салып немесе циркулярлық арамен ажырату;

сүйекті майсыздандыру және ағарту.

603. Білуге тиіс:

мүйіз бен сүйекті қабылдау мен сұрыптауға қойылатын техникалық талаптар;

мүйіз бен сүйектің техникалық талаптары;

сапасы мен қасиеттері;

қызмет көрсетілетін жабдық пен құралдың құрылысы;

жұмыс қағидаты мен пайдалану қағидалары;

сүйекті майсыздандыру және ағарту, сондай-ақ сүйекті бастапқы өңдеу технологиялық процесі;

мүйіз бен сүйектің ақаулықтары, оларды түзету әдістері.

Параграф 9. Мүйіз жоңқасын ұнтақтаушы, 2-разряд

604. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз жоңқасын ұнтақтау;

салынатын мүйіз жоңқаның сапасын тексеру;

мүйіз жоңқасын дайындау, өлшеу, мөлшерлеу және диірменге салу;

ұнтақтау процессін бақылау;

қызмет көрсетілетін жабдықты баптау.

605. Білуге тиіс:

әртүрлі бұйымдарға арналған мүйіз жоңқаны ұнтақтау қағидалары мен дәрежесі;

қолданылатын жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары туралы негізгі мәліметтер, жабдыққа тегістеп салу қағидалары;

мүйіздің техникалық шарттары, мүйізді, мүйіз жоңқа мен ұнтақты сақтау қағидалары.

Параграф 10. Мүйіз пластиналарын түзетуші, 3-разряд

606. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз пластиналарын көрікте, пеште немесе арнайы құрылғыларда қыздыру-булау;

мүйіз пластиналарын нығыздауға толық түзетілгенге дейін түзету;
аспаптардың көмегімен қыздыру температурасын айқындау;
көріктің, пештің және арнайы құрылғылар мен нығыздаудың жұмысын реттеу;
қыздыру температурасы мен нығыздаудың күшін технологиялық процеске сәйкес сақтау.

607. Білуге тиіс:

мүйізді жуудың технологиялық процесі;
қолданылатын жабдықтың құрылысы, жұмыс қағидаты мен пайдалану қағидалары;
мүйіздің техникалық шарттары, қасиеттері мен сапасы;

қыздырудың белгіленген режимін сақтамаған жағдайда туындайтын мүйіз пластиналардың ақаулықтары, олардың алдын алу және жою тәсілдері, қолданылатын жанармайдың қасиеттері.

Параграф 11. Мүйіз ұнтағынан жасалған бұйымдарды нығыздаушы, 3-разряд

608. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз ұнтағынан жасалған әртүрлі бұйымдарды нығыздау;
нығыздауыш-қалыпқа себу, қалыпты нығыздауға қою;
қызмет көрсетілетін жабдықтарды баптау және ретке келтіру;

жасалатын бөлшектерді үлгілер, шаблондар немесе өлшеу құралдары бойынша тексеру;

бақылау-өлшеу және реттеу аспаптарының көрсеткіштерін бақылау.

609. Білуге тиіс:

мүйіз ұнтақтан жасалған бұйымдарды нығыздаудың технологиялық процесі;

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылысы, жұмыс қағидаты мен пайдалану қағидалары;

нығыздауыш-қалыптың құрылысы, дайындау қағидалары мен орнату тәсілдері;

мүйіз ұнтаққа және жасалатын бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар;

бақылау-өлшеу және кесу аспаптарының мақсаты мен қолданылу шарттары.

Параграф 12. Сүйек пен мүйізден бұйым кесуші, 2-разряд

610. Жұмыс сипаттамасы:

тарақтың тістерін арнайы станокта біркелкі және дәлме-дәл қайрау;

құрал мен станокты жұмысқа дайындау. пластинаны трафарет бойынша белгілеу.

611. Білуге тиіс:

тарақтың тістерін қайраудың технологиялық процесі мен тәсілдері;

тістерін қайрауға арналған станоктардың құрылысы, жұмыс қағидаты мен пайдалану қағидалары;

құралды орнату, салыстыру және қайрау қағидалары;

сүйек пен мүйіздің техникалық шарттары, қасиеттері мен сапасы.

Параграф 13. Сүйек пен мүйізден бұйым кесуші, 3-разряд

612. Жұмыс сипаттамасы:

тарақтың және арасы жиі өзге де заттардың тістерін дискілі арамен кесу;

дискілік араларды баптау, ретке келтіру және қайрау;

ара мен құрылғыларды орнату, салыстыру;

негізгі формадан және өлшемнен ауытқу болған кезде одан әрі өңдеу үшін пластиналардың, плашкалардың жарамдылық дәрежесін айқындау.

613. Білуге тиіс:

тарақтың тағы өзге бұйымдардың тістерін кесудің технологиялық процессі мен тәсілдері;

дискілік араның құрылысы;

жұмыс қағидаты және пайдалану қағидалары;

араны тістің жиілігі мен кесілу тереңдігіне байланысты реттеу қағидалары.

Параграф 14. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші, 2-разряд

614. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен жасалған жартылай дайын өнімдер мен карапайым конфигурациялы көркем бұйымдарды фрезерлік қайрау станоктарында және аршу шеңберлерінде өңдеу;

бұрғылау станоктарында түймеден тесік (көз) бұрғылау.

615. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың мақсаты мен жұмыс қағидаты;

қолданылатын кесу құралы, оны толтыру және қайрау қағидалары;

мүйіз бен сүйектің қасиеттері.

616. Жұмыс үлгілері:

тіс щеткасының корпусы мен кесіктері – фрезерлеу.

Параграф 15. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші, 3-разряд

617. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен жасалған жартылай дайын өнімдер мен күрделігі орташа конфигурациялы көркем бұйымдарды токарлық, фрезерлік және бұрғылау станоктарында үлгілер мен эскиздер бойынша өңдеу;

мүйіз плашкадан жасалған түймелерді белгілеу және кесу;

бұйымдардан саңылауларды көлденең бұрғылау;

станоктардың жұмысын реттеу.

618. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылысы, пайдалану және реттеу қағидалары; фрезаны, құрылғы мен бұрғыны қайрау және түзету қағидалары; өңделетін бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар.

619. Жұмыс үлгілері:

- 1) моншак, дойбы тасы– токарлық өңдеу;
- 2) тоқу ілмегі – фрезерлеу;
- 3) түйреуіш, запонкалар, ине сауыттар – фрезерлеу және бұрғылау.

Параграф 16. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші, 4-разряд

620. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен жасалған жартылай дайын өнімдер мен күрделі конфигурациялы көркем бұйымдарды токарлық, фрезерлік және бұрғылау станоктарында үлгілер мен эскиздер бойынша өңдеу;

көлемді көркем бұйымдарды сыдыру, бұйымдардың ауқымын техникалық талаптарға сәйкес сақтау;

операциялардың технологиялық жүйелілігін белгілеу;

металл шеңберлерді қыздыру және силикат желімнің көмегімен оларға зімпара қағазды жапсыру;

бұрғылаудың тереңдігіне шектеу белгілеу;

станоктарды ретке келтіру.

621. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылысы, пайдалану және реттеу қағидалары, мүйіз бен сүйектен жасалған бұйымдарды өңдеудің технологиялық процесі;

көркем бұйымдарды жасауға арналған мүйіз бен сүйектің әр түрлі түрлерінің мақсаты;

металл шеңберлерді қыздыру және оларға зімпара қағазды жапсыру қағидалары;

құстар мен жануарлар фигурасының анатомиялық құрылысы;

бақылау-өлшеу құралдары мен бекіту құрылғыларының қолданылу қағидалары.

622. Жұмыс үлгілері:

- 1) білезіктер, мүсін – фрезерлеу және бұрғылау;
- 2) қақпақтар, жапырақшалар – станокта сыдыру;
- 3) плашкалар – сыдыру және жиектеу;
- 4) аң-құстардың дене тұрқы – сыдыру;
- 5) мундштук, опа сауыты, бұранда тілінген түтік – токарлық өңдеу.

Параграф 17. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші, 5-разряд

623. Жұмыс сипаттамасы:

мүйіз бен сүйектен жасалған жартылай дайын өнімдер мен аса күрделі конфигурациялы көркем бұйымдарды станоктарда үлгілер мен эскиздер бойынша өңдеу;

іші бос, аса дәлдікті және мұқият өңдеуді талап ететін көркем бұйымдарды жасау.

624. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін станоктардың кинематикалық схемасы;

сызбаларды оқу, квалитеттер (дәлдік сыныптары) және сәйкессіздік өлшемдері (өңдеу тазалығы сыныптары).

625. Жұмыс үлгілері:

кубоктар, құмыралар, туалет заттары – өңдеу.

10-тарау. Тастан көркемөнер бұйымдарын өндіру жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Тас кесуші, 2-разряд

626. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті тас кесушінің басшылығымен қолмен жұмсақ жынысты тастан жасалған көркемөнер бұйымдарын кесу;

бұрышты тегістеу, дайындау.

627. Білуге тиіс:

тас кесудің қарапайым жолдары;

тас жыныстары мен олардың қасиеті;

аспаптарды қолдану қағидалары.

Параграф 2. Тас кесуші, 3-разряд

628. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі құрылғыларды пайдалана отырып жұмсақ жынысты тастан қарапайым формадағы көркемөнер бұйымдарын кесу;

түсі және суретіне қарай тасты таңдау;

фигуралар мен бюсті блоктарын қолмен бұрғылау және жару;

анағұрлым жоғары білікті кесушінің басшылығымен тұғырларға фигураларды, бюстілер мен барельефтерді орнату;

қызмет көрсетілетін станоктарды баптау.

629. Білуге тиіс:

қарапайым формадағы тасты көркемдеп кесу жолдары;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың, құрылғылар мен аспаптардың құрылымы мен баптау қағидалары;

кесетін аспапты қайрау қағидалары;

декоративтік тастардың техникалық шарттары мен қасиеті;
тегіс және тік бұрышты блоктарды бұрғылау қағидалары;
түрлі абразивтік аспаптардың байлауына қарай қасиеті.

630. Жұмыс үлгілері:

- 1) күл салғыштар;
- 2) жазба аспаптары;
- 3) "Түлкі мен бүркіт" үлгісіндегі үстелге қоятын скульптура – көркемдеп кесу.

Параграф 3. Тас кесуші, 4-разряд

631. Жұмыс сипаттамасы:

"Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша 7 бірлікке дейінгі қаттылықтағы тастан жасалған орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын қолмен кесу;

блоктарды пневмоаспаппен белгілеу және бұрғылау;
горельефтер мен барельефтерді даяр белгілер бойынша оспицовкалау;
тастың бетін фактуралық өңдеу;
келтек ағаш және академиялық шрифтiлердiң көлденең бетiнде әрiп белгiлерiн кесу;
анағұрлым жоғары бiлiктi кесушiнiң басшылығымен құмыраларды кесу;
күрделi емес оюлы барельефтердiң, киiм фактуралары, фигуралары мен бюстiлердiң шар тәрiздi беттерiн, шығыңқы оюын тегiстеу және жылтырату;
жарылған және шығыңқы жерлерiн тегiстеу, оларды жылтырату;
бөлшектердi ыстықтай және суықтай балауыздау.

632. Бiлуге тиiс:

орташа күрделiктегi тастан көркемдеп кесу жолдары, қызмет көрсетiлетiн жабдықтарды пайдалану қағидалары;

барлық түрдегi мастика және шпаклевкалардың қасиетi мен әзiрлеу қағидалары;

аспапты қайрау және термоөңдеу бұрышы, түрлi тастардың қасиетi және оларды өңдеу ерекшелiктерi;

тастан жасалған көркемөнер бұйымдарына қойылатын техникалық талаптар.

633. Жұмыс үлгілері:

- 1) туалет құмыралары;
- 2) жарық беретін сувенирлер;
- 3) құс және жануарлардың фигуралары – көркемдеп кесу.

Параграф 4. Тас кесуші, 5-разряд

634. Жұмыс сипаттамасы:

"Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша қаттылығы 7 бірлікке дейінгі тастан жасалған күрделі формадағы көркемөнер бұйымдарын қолмен кесу;

түрлі тас жыныстарын күрделі емес инкрустациялау;

бөлшектердің қарапайым мозаикалы фрагменттері немесе бөлшектерін жасау;

құмыралардың сәулет бөлшектерін, сондай-ақ түрлі жазықтықтағы кез келген шрифтінің әріп белгілерін кесу;

сәулет өнері туындыларын, сондай-ақ әріп белгілерін жону, тегістеу, жылтырату;

ғимараттар мен тұғырларға биіктігі 2 метрге дейінгі фигураларды, құмыраларды, барельефтерді, мемориалды тақталар мен сәулет өнері мүсіндерін орнату.

635. Білуге тиіс:

күрделі формадағы, күрделі емес инкрустацияланған бұйымдарды, мозаиканы көркемдеп кесу жолдары;

тастың физикалық-механикалық қасиеті және оларды өңдеу ерекшеліктері;

жазықтықтарды тексеру тәсілдері және оларды бұрыштық, рейка және қапсырма бойынша орналастыру, абразивтік материалдарды, мастикаларды, желімдердің қасиеті және пайдалану қағидалары;

адам мен жануарлардың пластикалық анатомиясы туралы негізгі түсініктер.

636. Жұмыс үлгілері:

1) биіктігі 1 метрге дейінгі оюлы құмыралар – көркемдеп кесу;

2) виньеткалар, веноктар, мемориалды тақталар, капительдер; картуштар, эмблемалар – көркемдеп кесу;

3) мозаикалы панно – жасау;

4) нығыздауыш бюварлар – инкрустациялау.

Параграф 5. Тас кесуші, 6-разряд

637. Жұмыс сипаттамасы:

"Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша қаттылығы 7 бірліктен жоғары тастан жасалған күрделі формадағы көркемөнер бұйымдарын қолмен кесу;

күрделі инкрустациялау және мозаика;

тік бұрышты, шығыңқы, иілген және шар тәріздес беті бар күрделі көлемді көркемөнер бұйымдарды кесу;

ерекше күрделі сәулет өнері туындыларын, сондай-ақ әріп белгілерін жону, тегістеу, жылтырату;

ғимараттар мен тұғырларға биіктігі 2 метрден асатын фигураларды, құмыраларды, барельефтерді, мемориалды тақталар мен сәулет өнері мүсіндерін орнату;

бюстілердегі, ескерткіштердегі, тұғырлардағы "шуба" фактурасын жасау;

төмендеу білікті кесушінің жұмысын басқару.

638. Білуге тиіс:

ерекше күрделі формадағы, күрделі инкрустацияланған бұйымдарды, мозаиканы көркемдеп кесу жолдары;

кристалл түзіліміне байланысты тасты өңдеу ерекшеліктері;

бірнеше блоктан тұратын бұйымдарды жасау үшін тасты таңдау қағидалары;

түпнұсқаларды көшірмелеу қағидалары мен жолдары;

бөлшектер мен тораптарды форма бойынша ауыл салмақты және күрделі орнату тәсілдері;

шикізат, материалдардың сапасына қойылатын техникалық талаптар.

639. Жұмыс үлгілері:

1) мозаикалы портреттер – жасау;

2) биіктігі 1 м-ден асатын мозаикалы құмыралар – көркемдеп кесу;

3) мозаикалы портреттер – жасау;

4) малахиттен жасалған сервиздер – жасау.

Параграф 6. Тас токары, 2-разряд

640. Жұмыс сипаттамасы:

үлгілер, сызбалар, эскиздер бойынша түрлі жынысты тастан жасалған қарапайым формадағы бөлшектерді токарлық өңдеу;

аспапты қайрау және түзету.

641. Білуге тиіс:

тастан жасалған қарапайым формадағы бөлшектерді өңдеу жолдары;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың қызметі мен жұмыс принципі;

аспапты қолдану, орнату, қайрау және түзету қағидалары;

кедір-бұдырлықтың шектері, қалыптар мен параметрлері туралы негізгі мәліметтер.

642. Жұмыс үлгілері:

1) қораптар;

2) қақпақтар;

3) лотоктар;

4) күл салғыштар – токарлық өңдеу.

Параграф 7. Тас токары, 3-разряд

643. Жұмыс сипаттамасы:

үлгілер, сызбалар, эскиздер бойынша түрлі жынысты тастан жасалған орташа күрделіктегі және күрделі формадағы бөлшектерді токарлық өңдеу;

қызмет көрсетілетін жабдықты баптау;

құрылғылардағы бөлшектерді орнату және бекіту.

644. Білуге тиіс:

тастан жасалған күрделі формадағы және орташа күрделіктегі бөлшектерді өңдеу жолдары;

қолданылатын жабдықтардың, әмбебап және арнайы құрылғылардың құрылысы, баптау қағидалары;

өңделетін материалдардың негізгі қасиеттері;

кесетін аспаптың геометриясы мен жасау тәсілдері.

645. Жұмыс үлгілері:

1) құмыралар;

2) стопкалар;

3) ұстағыштар мен фигуралы қолсаптар – токарлық өңдеу.

Параграф 8. Тас токары, 4-разряд

646. Жұмыс сипаттамасы:

үлгілер, сызбалар, эскиздер бойынша түрлі жынысты тастан жасалған ерекше күрделі формадағы бөлшектерді токарлық өңдеу;

кесу операциялары мен режимдерінің технологиялық кезектілігін орнату.

647. Білуге тиіс:

тастан жасалған ерекше күрделі формадағы бөлшектерді өңдеу жолдары;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың кинематикалық схемалары мен дәлдігін тексеру қағидалары;

ерекше күрделі бөлшектерді орнату, бекіту және тексеру тәсілдері мен өңдеудің технологиялық кезектілігін айқындау қағидалары;

өңделетін материалдың техникалық шарттары.

648. Жұмыс үлгілері:

1) кубиктер;

2) шамдар – токарлық өңдеу.

Параграф 9. Тастан жасалған бұйымдарды монтаждаушы, 2-разряд

649. Жұмыс сипаттамалары:

бөлшектерді бекіте отырып тастың түрлі жыныстарынан қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын монтаждау және жинақтау;

саңылау бұрғылау;

желімді рецепт бойынша әзірлеу;

шканти әзірлеу, бөлшектерді шкантике отырғызу және желімдеу;

бөлшектерді тазалау және шаю;

бұйымдарды монтаждау және жинақтауда дайындық жұмыстарын орындау.

650. Білуге тиіс:

құрылымы мен түсіне қарай бөлшектерді іріктей отырып тастан жасалған қарапайым және орташа күрделіктегі көркемөнер бұйымдарын монтаждау жолдары;
тас жыныстары мен оның қасиеті, қызмет көрсетілетін жабдықтардың қызметі және жұмыс принципі;

бұйымдарды монтаждау және желімдеуде қолданылатын желім және мастикалардың қасиеті мен сапасы, монтаждалатын бұйымдардың техникалық шарттары.

651. Жұмыс үлгілері:

- 1) металл бөлшектер – тастан жасалған сувенирлерге жапсыру;
- 2) литотекалар – негізін желімдеу;
- 3) туалет жинақтары – бөлшектерді түсіне және құрылымына қарай іріктеу, оларды монтаждау;
- 4) декоративтік шамдар – жарықтандыру арматурасын монтаждау.

Параграф 10. Тастан жасалған бұйымдарды монтаждаушы, 3-разряд

652. Жұмыс сипаттамалары:

тастан жасалған күрделі және ерекше күрделі бұйымдарды монтаждау;
күрделі бөлшектерді белгілеу және қиыстыру;
бұйымдарды монтаждауда табылған ақаулықтарды жою;
қызмет көрсетілетін жабдықтарды баптау.

653. Білуге тиіс:

тастың түрлі жыныстан жасалған күрделі және ерекше күрделі көркемөнер бұйымдарды монтаждау жолдары;
қызмет көрсететін жабдықтардың құрылымы мен баптау қағидалары;
монтаждалатын бұйымдардың техникалық шарттары;
желім және мастика әзірлеу тәсілі.

654. Жұмыс үлгілері:

- 1) декоративтік құмыралар – монтаждау;
- 2) кәмпит салғыш, кубоктар, қобдишалар – монтаждау;
- 3) панно, плакеткалар – суретін таңдау, негізге желімдеу.

Параграф 11. Тасты аралап кесуші 2-разряд

655. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген мөлшердегі дайындамалардың түрлі үлгілері бойынша жұмсақ жынысты тасты аралап кесу;

тастың декоративтік ерекшеліктерін ескере отырып шаблондар мен сызбалар бойынша тегіс дайындамаларды арамен қиялай кесу;

түсті әйнекті пластиналарға және дайындамаларды алмас аспапты пайдалана отырып аралап кесу.

656. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың қызметі мен жұмыс принципі және пайдалану қағидалары;

аспапты қолдану қағидалары;

жұмсақ жынысты түрлі түсті және тасты кесу және арамен кесу режимдері, тастың қасиеті мен жыныстары.

Параграф 12. Тасты аралап кесуші, 3-разряд

657. Жұмыс сипаттамасы:

тастың декоративтік ерекшеліктерін ескере отырып белгіленген мөлшердегі түрлі үлгідегі дайындамалардағы "Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша 7 бірлікке дейін қатты жынысты тасты аралап кесу;

шаблондар мен сызбалар бойынша скульптуралардың дайындамаларын арамен кесу ;

станоктарды баптау.

658. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен баптау қағидалары;

скульптураға арналған блоктарды, плиталарға қатты жынысты тастарды кесудің технологиялық процесі;

тас жыныстары, олардың қаттылығы, түрлі тас жыныстарын арамен кесуде қолданылатын аспапты орнату және қайрау қағидалары;

майлау-салқындату сұйықтықтарының қасиеті мен пайдалану қағидалары.

Параграф 13. Тасты аралап кесуші, 4-разряд

659. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген формадағы және мөлшердегі алмастан өзге, дайындамалардың түрлі үлгілеріне "Моос" шкаласы (қаттылықтың минералогиялық шкаласы) бойынша 7 бірліктен асатын қатты жынысты тасты аралап кесу;

тасты барынша аз шығын және қалдықсыз кесу.

660. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен кинематикалық схемалары;

аспапты орнату, бекіту, тегістеу және реттеу қағидалары;

аспаптың жарамсыздану деңгейін айқындау қағидалары;

тасты барынша аз қалдық және шығынсын кесу қағидалары.

Параграф 14. Тасты егеулеуші, 2-разряд

661. Жұмыс сипаттамасы:

белгі немесе шаблон бойынша станокта және қолмен тік бұрышты конфигурациялы тастан жасалған бөлшекті арамен кесу және тазарту;
аспапты ауыстыру. бұйымдарды сұрыптау және оларды кесуге дайындау.

662. Білуге тиіс:

арамен кесу және тазалау қағидалары мен жолдары;
қызмет көрсетілетін жабдықтың қызметі мен қолдану принципі;
аспаптарды қолдану қағидалары;
тастан жасалған бөлшектердің техникалық шарттары.

Параграф 15. Тасты егеулеуші, 3-разряд

663. Жұмыс сипаттамасы:

шаблон және бұрыштық бойынша қисық сызықты конфигурациялы тастан жасалған бөлшекті арамен кесу және тазарту;
паздарды, ұяшықтар мен ішкі жолақтарды таңдау;
станоктарды баптау және майлау.

664. Білуге тиіс:

қолданылатын жабдықтардың құрылымы мен баптау және техникалық қызмет көрсету қағидалары;
аспаптарды қайрау тәсілдері;
тас жыныстары.

11-тарау. Тері және былғарыдан көркем бұйымдар жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Былғары бөлшектерді тегістеуші, 3-разряд

665. Жұмыс сипаттамасы:

қатты былғарыдан жасалған былғары бөлшектердің өн бойын және жиектерін пышақтың көмегімен қолмен немесе арнайы машинамен стандарттар мен техникалық шарттарда көзделген нормативтерге сәйкес қажетті қалыңдыққа дейін тегістеу;
жабдықтың жұмысын реттеу.

666. Білуге тиіс:

қатты былғарыдан жасалған бөлшектерді тегістеу тәсілдері;
олар жасалған материалдардың қасиеттері;
былғарының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары;
жабдықты реттеу қағидалары.

Параграф 2. Былғары бөлшектерді тегістеуші, 4-разряд

667. Жұмыс сипаттамасы:

жұмсақ былғарыдан жасалған былғары бөлшектердің өн бойын және жиектерін пышақтың көмегімен қолмен немесе арнайы машинамен стандарттар мен техникалық шарттарда көзделген нормативтерге сәйкес қажетті қалыңдыққа дейін тегістеу;
жабдықты реттеу.

668. Білуге тиіс:

жұмсақ былғарыдан жасалған бөлшектерді тегістеу тәсілдері;
пышақ пен машинаны пайдалану қағидалары;
жабдықты реттеу қағидалары.

Параграф 3. Былғары мен үлбірге кестеші, 4-разряд

669. Жұмыс сипаттамасы:

үлбір мен былғарыға қарапайым және күрделігі орташа суреттерді қылмен, бисермен көркемдеп тігу, бұйымдарды тігу мен өңдеудің ұлттық техникасымен орындалған фактуралық тігіспен, үлбір, былғары, күдері, спилктен жасалған аппликациямен өңдеу;

қарапайым және күрделігі орташа ою-өрнек мотивтерін үлбір мозайкасы техникасымен орындау;

жүнді қию;

шелді өсімдік бояулармен бояу.

670. Білуге тиіс:

үлбір мен былғарыға қылмен, бисермен кестелеу технологиясы;

аппликациямен өңдеу тәсілдері;

қарапайым және күрделігі орташа үлбір мозайкаларды орындау тәсілдері;

үлбірді кесу техникасы;

шелді бояу технологиясы;

пайдаланылатын бояу, қолданылатын жабдықтың құрылысы мен жұмыс қағидаты.

671. Жұмыс үлгілері:

көркемдеп кесте тігу:

1) үлбірден жасалған түйреуіш;

2) былғары мен үлбірден жасалған әйкел.

Параграф 4. Былғары мен үлбірге кестеші, 5-разряд

672. Жұмыс сипаттамасы:

үлбір мен былғарыға күрделі суреттерді қылмен, бисермен көркемдеп тігу, бұйымдарды тігу мен өңдеудің ұлттық техникасымен орындалған күрделі фактуралық тігіспен, үлбір, былғары, күдері, спилктен жасалған аппликациямен өңдеу;

күрделі ою-өрнек мотивтерін үлбір мозайка техникасымен орындау;

бұйымдарды қосарлама өріммен өру;

бұйымдарды ылғалдау және декоративтік тігіспен тігу.

673. Білуге тиіс:

үлбір мен былғарыдан күрделі өрнектерді кестелеу технологиясы;

ұлттық үлбір өрнектері мен аппликацияларының түрлері мен оларды орындау тәртібі;

дәстүрлі ұлттық тігістердің түрлері мен оларды орындау техникасы;

күрделі үлбір мозайканы орындау тәсілдері.

674. Жұмыс үлгілері:

1) кілем – үлбір мозайка;

2) сөмке – көркемдеп кесте тігу.

Параграф 5. Былғары мен үлбірге кестеші, 6-разряд

675. Жұмыс сипаттамасы:

үлбір мен былғарыға аса күрделі суреттерді қылмен, бисермен көркемдеп тігу, бұйымдарды тігу мен өңдеудің ұлттық техникасымен орындалған күрделі фактуралық тігіспен, үлбір, былғары, күдері, спилктен жасалған аппликациямен өңдеу;

бірегей және көрмелік үлбір бұйымдарды орындау;

аса күрделі мозаикалық ою-өрнекті таңдау және жасау;

үлбірден жасалған бұйымның бөлшектерін техникалық талаптар мен үлбірді пайдалану белгіленген нормаларға сәйкес шаблон бойынша пішу;

пішілген бұйымдардың сапасын тексеру, ақаулықтарды жою;

бұйымды ылғалдау, тері илеу тігісімен тігу, бөлшектерді желімнің көмегімен біріктіру, кептіру.

676. Білуге тиіс:

үлбір мен былғарыдан ұлттық бұйымдарды тігудің технологиялық кезектілігі;

бұғы мен жылқы камуска, дайын бұйымдардың сапасына қойылатын техникалық талаптар;

үлбір мен қосымша материалды жұмсау және пайдалану нормасы, кептіру режимі.

677. Жұмыс үлгілері:

1) ұлттық киім – пішу, тігу, көркем кестелеу және мозаика;

2) кебіс – пішу, тігу, көркем кестелеу және мозаика.

Параграф 6. Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы, 2-разряд

678. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары құрастырушының басшылығымен былғары мен үлбірден жасалған көркем бұйымдарды қолмен құрастыру;

қолмен немесе матрицалардың көмегімен бұйымның жиектерінде саңылау жасау;

былғарыдан жасалған бұйымдардың жиектерін қарапайым қол өріммен өру.

679. Білуге тиіс:

салынатын саңылаулардың орналасуы мен формасы, олардың арасындағы қашықтық;

өру тәсілдері, өруде қолданылатын материалдар.

Параграф 7. Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы, 3-разряд

680. Жұмыс сипаттамасы:

былғары мен үлбірден жасалған қарапайым көркем бұйымдарды қолмен құрастыру;

әр түрлі бұйымдардың жиектерін күрделі қосарлы өріммен өру;

машинада қарапайым көркем бұйымдарды тігу;

машинаның жұмысын реттеу.

681. Білуге тиіс:

былғары мен үлбірден жасалған қарапайым бұйымдарды құрастыру тәсілдері;

тігілетін бұйымдардың түрлері мен үлгілері;

тігін машиналарының жұмыс принципі және реттеу қағидалары.

682. Жұмыс үлгілері:

1) қолғап – құрастыру;

2) портмоне, әмиян – өру, құрастыру.

Параграф 8. Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы, 4-разряд

683. Жұмыс сипаттамасы:

былғары мен үлбірден жасалған күрделігі орташа көркем бұйымдарды қолмен құрастыру;

көркем бұйымдарға декоративтік өрім жасауды орындау;

күрделігі орташа көркем бұйымдарды машинада тігу.

684. Білуге тиіс:

былғары мен үлбірден жасалған күрделігі орташа бұйымдарды құрастыру тәсілдері;

материалдардың құрылысы, тігін машиналарының құрылысы.

685. Жұмыс үлгілері:

құрастыру және өру:

1) кітапшалар;

2) кітаптардың тысы;

3) портфель;

4) әйелдердің сөмкесі.

Параграф 9. Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы, 5-разряд

686. Жұмыс сипаттамасы:

былғары мен үлбірден жасалған күрделі көркем бұйымдарды эскиздер мен реңктер бойынша жекелеген бөлшектерін өңдей және қиыстыра отырып қолмен құрастыру;
күрделі көркем бұйымдарды машинамен тігу;
көркем мұқаба жасау;
машинаны баптау.

687. Білуге тиіс:

былғары мен үлбірден жасалған күрделі көркем бұйымдарды құрастыру тәсілдері;
түптеу жұмыстарының технологиясы;
түптеу материалдарын жазу әдістері.

688. Жұмыс үлгілері:

- 1) кәдесыйлық, мерейтойлық, факсимильді және қағаз альбомдар – құрастыру;
- 2) унттың – үстіңгі бөлігін тігу.

Параграф 10. Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы, 6-разряд

689. Жұмыс сипаттамасы:

былғары мен үлбірден жасалған аса күрделі көркем бұйымдарды қолмен құрастыру;
көркем бұйымдар өндірісі үшін эскиздер бойынша және эскиздерсіз құрылымдық үлгілерді жасау;
шаблон жасау және былғары мен үлбірді арнайы тапсырыс бойынша пішу;
аса күрделі көркем түптеу жұмыстарын орындау;
біліктілігі анағұрлым төмен құрастырушылардың жұмысына басшылық жасау.

690. Білуге тиіс:

былғары мен үлбірден жасалған аса күрделі көркем бұйымдарды құрастыру тәсілдері;

құрастыру және түптеу жұмыстары кезінде қолданылатын жабдықтардың барлық түрлерінің кинематикалық схемасы;

әмбебап және арнайы құрылғылардың құрылысы мен мақсаты.

691. Жұмыс үлгілері:

- 1) үстел үстіне қоятын шылым сауыттар – құрастыру;
- 2) фотосуреттерге арналған қобдишалар – құрастыру.

Параграф 11. Былғары мен үлбірді пішүші, 2-разряд

692. Жұмыс сипаттамасы:

былғарыны, жасанды былғарыны, қағазды, тоқыма мен өзге де материалдарды қарапайым бұйымдар жасау үшін таза және тік кесуді және ауқымы мен контуры бойынша бөлшектердің үлгілер мен эскиздерге сәйкес келуін қамтамасыз ете отырып пішу.

693. Білуге тиіс:

қарапайым бұйымдарды тиімді пішу қағидалары;

пішілетін материалдардың қасиеттері;

шаблондардың тиімді орналасуының әдістері;

материалдарды пайдалану нормасы және қалдықтар нормасы.

694. Жұмыс үлгілері:

пішу:

1) кітапшалар, орауыштар;

2) белдіктер;

3) тараққа арналған сауыт.

Параграф 12. Былғары мен үлбірді пішуші, 3-разряд

695. Жұмыс сипаттамасы:

былғарыны, жасанды былғарыны, қағазды, тоқыма мен өзге де материалдарды күрделігі орташа бұйымдар жасау үшін пішу;

жасанды былғары мен тоқыма материалдарын төсеме бөлшектерін жасау үшін пішу ;

үлбірді ылғалдау, теріні рамаға біркелкі керу, шаблондар мен лекалоны дайындалған материалдарға жазу;

жабдықты реттеу және пішу пышақтарын қайрау.

696. Білуге тиіс:

материалдарды күрделігі орташа материалдарға пішу тәсілдері;

пішілетін материалдар пен пішу бөлшектерінің мемлекеттік стандарты мен техникалық шарттары;

жабдықты реттеу және пішу пышақтарын қайрау тәсілдері.

697. Жұмыс үлгілері:

пішу:

1) әмиян;

2) портмоне, құжаттарға арналған қаптама;

3) шылым сауыты.

Параграф 13. Былғары мен үлбірді пішуші 4-разряд

698. Жұмыс сипаттамасы:

былғарыны, жасанды былғарыны, қағазды, тоқыма мен өзге де материалдарды күрделі бұйымдар жасау үшін пішу.

699. Білуге тиіс:

материалдарды күрделі бұйымдарға пішудің тиімді тәсілдері;
жасалатын бұйымдардың мемлекеттік стандарты мен техникалық шарттары;
бұйымның көрсетілген түрі кешеніндегі пішім бөлшектерінің саны.

700. Жұмыс үлгілері:

пішу:

- 1) үстелге қойылатын блокноттар;
- 2) портфельдер;
- 3) тегіс және көлемді кәдесыйлар;
- 4) сөмкелер.

Параграф 14. Былғары мен үлбірді пішуші, 5-разряд

701. Жұмыс сипаттамасы:

былғарыны, жасанды былғарыны, қағазды, тоқыма мен өзге де материалдарды аса күрделі бұйымдар жасау үшін пішу;

былғары мен үлбірден бірегей және көрмелік бұйымдарды пішу;

702. Білуге тиіс:

материалдарды аса күрделі бұйымдарға пішудің тиімді тәсілдері;
жасалатын бұйымдардың мемлекеттік стандарты мен техникалық шарттары.

703. Жұмыс үлгілері:

пішу:

- 1) альбомдар;
- 2) ұлттық киімдегі қуыршақтар;
- 3) құрамдалған қораптар;
- 4) ұлттық аяқ киім;
- 5) құрмет грамоталарына, құжаттарға арналған папкалар.

Параграф 15. Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы, 2-разряд

704. Жұмыс сипаттамасы:

көркем бұйымдарға арналған хромдалған былғарыға салынатын қарапайым суреттердің клишесін қолмен немесе механикалық нығыздаумен өрнек салу.

705. Білуге тиіс:

қарапайым суреттерге өрнек салу тәсілдері;
былғарының негізгі қасиеттері;
қол нығыздаушының құрылысы мен басқару қағидалары.

Параграф 16. Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы, 3-разряд

706. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым геометриялық ою-өрнектер мен бедерлерді хромдалған былғарыға фонына нитро және май бояумен және жиектеріне темперлік бояумен сурет салу;

көркем бұйымдарға арналған хромдалған былғарыға салынатын күрделігі орташа суреттердің клишесін қолмен немесе механикалық нығыздаумен өрнек салу;

суретшінің суретін калькаға ауыстыру;

былғарыдан қарапайым ою-өрнектерді қолмен, құралдармен және құрылғылармен ою: сүйектермен, қашаумен, шеңбермен, сотанмен және қарапайым контурлық желілер мен белгіленген сурет бойынша айшықтар салу.

707. Білуге тиіс:

қарапайым ою-өрнектер мен айшықтарды салу және күрделігі орташа суреттерді өрнектеу тәсілдері;

бояулардың қасиеттері және олардың былғарымен өзара әрекеттесуі;

нығыздауды қыздыру температурасы;

оюды былғарыға тіліп салуға арналған құралды пайдалану қағидалары;

бояуды былғарыға жағу тәсілдері;

кисттің нөмірі және олардың қолданылуы;

қосалқы материалдарды пайдалану қағидалары.

Параграф 17. Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы, 4-разряд

708. Жұмыс сипаттамасы:

күрделігі орташа геометриялық ою-өрнектер мен бедерлерді хромдалған былғарыға нитроанилин және фотобояумен сурет салу;

өсімдікпен иленген былғарыны оған қолмен, щеткамен, қылқаламмен желімді сіңдіре отырып фондау;

көркем бұйымдарға арналған хромдалған былғарыға салынатын күрделігі суреттердің клишесін қолмен немесе механикалық нығыздаумен өрнек салу;

былғарыға суретшінің эскизі бойынша сурет салу;

өсімдік иленген былғарыға өрнектің контурлық-күрделі сызықтарын салу;

былғарыны арнайы құралмен тілу арқылы оған күрделігі орташа оюларды қолмен көркем өрнектеу;

тілу сызығын қажетті тереңдікке қол жеткізгенше өңдеу;

қарапайым шрифттерді өрнектеу;

техникалық сызбаларды суретшілердің эскиздері бойынша жасау;

суреттерді былғарыдан жасалған бұйымдарға көшіру;

былғарыға лак жағу.

709. Білуге тиіс:

күрделігі орташа ою-өрнектер мен айшықтарды салу және күрделі суреттерді өрнектеу тәсілдері;

шағын бұйымдарға тік және көлбеу сызықтарды қолмен тілу әдіс-тәсілдері;

өрнектерді салуға арналған колерді таңдау қағидалары;

суретті былғарыдан жасалған бұйымға көшіру тәсілдері;

лак жағу әдістері;

құралды термоөңдеу және қайрау қағидалары.

Параграф 18. Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы, 5-разряд

710. Жұмыс сипаттамасы:

колерді, өсімдік, таңбалық және фигуралық композицияларды таңдай отырып, күрделі өрнектерді салу және фольгамен және қоламен қаптау;

күрделі өрнекті, өсімдік, таңбалық композицияларды көркем ою және аса күрделі тегіс өрнекті, өсімдік, таңбалық композицияларды арнайы құралдарды пайдалана отырып қолмен өрнектеу;

суретшінің суреттері бойынша күрделі емес сызықтары мен айшықтары бар шығыңқы рельефке арналған картон кесу;

арнайы массаны дайындау, оны картонға немесе папкаға жағу, былғарымен қаптау және рельефтік айшықтау;

академиялық шрифтін өрнектеу.

711. Білуге тиіс:

күрделі ою-өрнектер мен айшықтарды салу және аса күрделі суреттерді өрнектеу және ою тәсілдері;

рельефті өрнектеуге арналған арнайы массаны дайындау технологиясы;

тіліктері бойынша түс контурын орындау кезінде былғарыға бояу, фольга және қола жағу тәсілдері;

матрицаны өрнектеуге дайындау қағидалары;

тиісті колерлердің түсін дайындау қағидалары.

Параграф 19. Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы, 6-разряд

712. Жұмыс сипаттамасы:

аса күрделі өрнектерді темперлік және акварель бояумен салу;

аса күрделі өрнекті, өсімдік, таңбалық бедерлерді суретшінің суреттері бойынша рельефті қолмен өрнектеу;

өрнектеудің барлық түрлерін қабат алтынмен жалату;

суретшінің суреттері бойынша күрделі сызықтары мен айшықтары бар шығыңқы рельефке арналған картон кесу;

бірегей және көрмелік бұйымдарды орындау.

713. Білуге тиіс:

аса күрделі өрнектерді салу тәсілдері;
сызықты перспектива, пластикалық анатомия;
кескіндеме, гүл өсіру негіздері;
сызбаларды оқу қағидалары.

12-тарау. Халықтық қолөнер кәсіпшілігі бұйымдарын жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Ағаштан көркем бұйымдарды жасаушы, 3-разряд

714. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан қарапайым көркем бұйымдарды жеке композициясы бойынша жасау;
материалдарды таңдау және дайындау, материалдың ылғалдығы мен ақаулығын анықтау;

сүргілеу, аралау, қобдишаның, қораптың бұрыштары мен бүйір қабырғаларын қиыстырып келтіру;

бөлшектерді құрастыру, фанерлеу және айналдыра жапсыру;

бұйымдарға декоративтік элементтерді пайдалану;

қарапайым бұйымдарды токарлық станокта өңдеу;

бұйымдарды тегістеу және жылтырату;

қарапайым суретті контурлық ою, фонын өңдей отырып терең сызылмаған сызықты салу;

қарапайым геометриялық өрнектерді күрделі элементтерді қоспай ою.

715. Білуге тиіс:

токарлық станоктың құрылысы мен жұмыс қағидаттары, баптау, реттеу қағидалары және оны күту;

ағашты ою және ұсталық өңдеуге арналған құралдар;

құралдарды қайрау және түзету қағидалары;

сызу негіздері;

ағаш жыныстары мен ақаулықтары;

желім мен лактың қасиеттері;

контурлық ою тәсілдері;

тегістеу, жылтырату және лактау техникасы фанерлеу тәсілдері, кәсіпшіліктің жергілікті көркем дәстүрлері.

Параграф 2. Ағаштан көркем бұйымдарды жасаушы, 4-разряд

716. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан күрделігі орташа көркем бұйымдарды жеке композициясы бойынша жасау;
бөлшектерді құрастыру, "усқа", "бұрышқа" кесу және ұсталық байламмен қосу,
кейіннен кесектей, сүргілей және өңдей отырып тораптар мен бөлшектерді желімдеу;
шпунт пен төрттікті таңдау және раманы құрастыру;

фанераның екі сортынан артық пайдаланбай күрделі емес композицияларды
интарсиялау;

күрделігі орташа бұйымдарды токарлық өңдеу;

дәстүрлі халықтық бұйымдардың көшірмесін жасау;

күрделі емес суретті қырлы және ойлы-қырлы етіп ою;

күрделігі орташа бұйымдарды контурлық ою;

қарапайым геометриялық өрнектерді күрделі элементтерді қоса отырып ою;

қарапайым суреттерді жазық рельефті ою;

құралдарды жасау және қайрау.

717. Білуге тиіс:

ағаштың негізгі физикалық-механикалық қасиеттері;

ою, интарсия кезінде қолданылатын құралдарды пайдалану техникасы мен мақсаты;

декоративтік элементтерді орналастыру қағидалары;

үш қырлы, ойлы-қырлы, геометриялық контурлы және жазық рельефті ою тәсілдері;

әр түрлі өрнектердің құрылыс қағидалары;

суретті ойып салу және орналастыру қағидалары.

Параграф 3. Ағаштан көркем бұйымдарды жасаушы, 5-разряд

718. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан күрделі пішінді көркем бұйымдарды жеке композициясы бойынша жасау;

ағашты текстурасы бойынша таңдау, ағаш суретін пайдалану;

бояулардың және қосымша материалдардың көмегімен бұйымның бетін жоғары
сапалы өңдеу;

фанераның екіден астам сортын пайдалана отырып, күрделі композицияны
интарсиялау;

күрделі пішінді бұйымдар мен олардың бөлшектерін токарлық өңдеу;

бұйымдарды қалпына келтіру;

бұйымдарды ансамбльдерге түсі, пропорциясы, өрнектері мен ағашының
текстурасы бойынша жинақтау;

күрделі суреттерді қырлы ою;

фоны доғалданған және іріктелген рельефтегі суретін толық сала отырып жазық
рельефті ою;

қарапайым және күрделігі орташа суреттерді айшықты ою;

бейнелеу элементтері мен күрделі композициялық шешімдерді енгізе отырып, геометриялық өрнектерді ою;

элементтерін өрнектей отырып нысандық ою.

719. Білуге тиіс:

ағашты кесу теориясының негіздері;

ағаштың металмен, сүйекпен, перламутрмен, янтарьмен және өзге де материалдармен ағаш текстурасын пайдалана отырып бірігуі;

декоративтік элементтердің есептік арақатынасы;

сурет салу негіздері;

ағаштан бұйымдар жасаудағы ұлттық дәстүрлері.

Параграф 4. Ағаштан көркем бұйымдарды жасаушы, 6-разряд

720. Жұмыс сипаттамасы:

ағаштан аса күрделі көркем бұйымдарды жеке композициясы бойынша жасау;

әр түрлі бояулардың көмегімен бұйымның бетін жоғары сапалы өңдеу;

тік және иілген формаларды фанерлеу;

сүргіленген шпон текстурасын пайдалану;

күрделі халықтық өрнектерді интарсиялау;

дәстүрлі ұлттық жиһаз үлгілерін жасау;

бұйымдарды ансамбльдерге, интерьерге жинақтау;

фигуралық бейіндері күрделі және қуыс бұйым формасына арналған ағаш текстурасын пайдалана отырып, бірегей токарлық бұйымдарды жасау;

фоны барельефті және қатты тереңдетілген күрделі суреттерді, жоғары көркемдік композициялық бұйымдардың күрделі өрнекті және тақырыптық композицияларын жазық рельефті және айшықты ою;

күрделі барельефті мүсін фигуралары және көп фигуралы композицияларды ою;

декоративтік панно ойып жасау;

өрнекті және тақырыптық көп фигуралық композицияларды бұйымдардың күрделі формалары бойынша ою.

721. Білуге тиіс:

сүргіленген шпон, желім фанераның, шикізат пен өзге де материалдардың сапасына қойылатын талаптар;

оюдың барлық түрлерінің тәсілдері мен әдістері;

тауарлық жұмыстардың, күрделі элементтер мен бұйымдардың композициялық шешімдері;

аса күрделі көркем бұйымдарға қойылатын техникалық және эстетикалық талаптар; халықтық өнердің дамуының негізгі бағыттары.

Параграф 5. Былғарыдан жасалған көркем бұйымдарды жасаушы, 3-разряд

722. Жұмыс сипаттамасы:

суреттері мен өрнектерін халықтық дәстүрде өрнектей отырып, былғарыдан қарапайым формалы көркем бұйымдарды жасау;

былғарыны таңдау және жазу, қалыңдығы бойынша тегістеу;

суреттер мен оюларды бояу;

бұйымдарды қарапайым және құрамдалған өріммен өру.

723. Білуге тиіс:

былғарының стандарттары, көркемдік және техникалық қасиеттері;

қолданылатын материалдардың қасиеттері;

бояулардың былғарымен әрекетесі, былғарының ұсақ ақаулықтарын жою, оюды құру қағидалары;

бірнеше түстің негізгі үйлесімділігі, өрнек салудың техникасы мен тәсілдері;

құралдарды пайдалану тәсілдері;

былғарыдан бұйым жасаудағы халықтық дәстүрлер.

Параграф 6. Былғарыдан жасалған көркем бұйымдарды жасаушы, 4-разряд

724. Жұмыс сипаттамасы:

суреттері мен өрнектерін халықтық дәстүрде өрнектей отырып, былғарыдан күрделігі орташа формалы көркем бұйымдарды жасау;

былғарыдан қолмен күрделігі орташа көркем ою;

колер таңдай отырып, өрнекті бояу;

бұйымдарды күрделі өріммен өру.

725. Білуге тиіс:

көркем бұйымның оюлары мен формаларының арақатынасы мен сәйкестігі;

өрнекті бояуға арналған колерді таңдау қағидалары;

қолданылатын құралдарды термоөңдеу және қайрау қағидалары.

Параграф 7. Былғарыдан жасалған көркем бұйымдарды жасаушы, 5-разряд

726. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі ою-өрнек композициясын жеке эскизі бойынша өрнектей отырып, былғарыдан күрделі формалы көркем бұйымдарды жасау;

шығыңқы рельефке арналған күрделі емес айшықтарды картоннан қию;

масса дайындау, оны картонға жағу, былғарымен қаптап жабыстыру;

қолмен тегістеп өрнектеу немесе былғарыдан күрделі композицияларды ою, колер таңдай отырып оларды бояу;

түптеуіштерді жасау.

727. Білуге тиіс:

рельефті өрнектеуге арналған арнайы массаны дайындау қағидалары;
былғарының табиғи айқындылығын анықтау тәсілдері;
түптеу жасаудың технологиялық процесі.

Параграф 8. Былғарыдан жасалған көркем бұйымдарды жасаушы, 6-разряд

728. Жұмыс сипаттамасы:

былғарыдан аса күрделі, бірегей тегіс өрнектелген немесе аса күрделі композициялары ойылған көркем бұйымдарды жасау;

күрделі айшықтардың шығыңқы рельефіне арналған картонды кесу;

өрнектеудің барлық түрлерін табақты алтынмен аптау;

күрделі композицияларды рельефтік өрнектеу;

бірнеше заттан жинақталған жиынтықты жасау;

аса күрделі өрімді өру.

729. Білуге тиіс:

өрнектеу және алтындау кезінде қолданылатын материалдардың қасиеттері;

ансамбльдегі формалар мен әртүрлі заттарды әшекейлеуші бұйымдардың өзара сәйкестігі;

халықтық өнерді дамытудың негізгі бағыттары.

Параграф 9. Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы, 2-разряд

730. Жұмыс сипаттамасы:

зығыр талшығын бастапқы өңдеу, жіп қып орау, мата төсемдерін жұмысқа дайындау;

үлгіге сәйкес бұйымдар жасау үшін жекелеген жіптерді, өзге де материалдарды дайындау.

731. Білуге тиіс:

шикізат пен қолданылатын материалдардың қасиеті;

оларды өңдеу және сақтау амалдары.

Параграф 10. Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

732. Жұмыс сипаттамасы:

үлгілер бойынша күрделі емес декоративтік тігістермен өңделетін зығырлы жіптерден, талшықтардан, төсемдерден жасалған гүлдер, салпыншақтар, құрсаулар, салфеткалар, әшекейлер және өзге де көркем бұйымдар жасау;

"макраме" үлгіде, кішкене талшықпен бастырмалар өру.

733. Білуге тиіс:

материалдарды, зығырды, кішкене талшықтарды өңдеудің негізгі тәсілдері;
қарапайым бұйымдарды жасаған кезде технологиялық операциялардың жүйелілігі;
білдіртпей біріктіру амалдары;
қолданылатын құралдармен жұмыс істеу қағидалары.

Параграф 11. Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

734. Жұмыс сипаттамасы:

көркем бұйымдардың үлгілері зығыр жіптерден, зығыр төсемнен немесе зығыр талшықтардан қуыршақтар мен аңдардың мүсінді формаларын, шағын панно, үстелге қоятын декоративтік композицияларды және өзге де күрделендірілген конструктивтік формаларды жасау.

735. Білуге тиіс:

өрудің әр түрлі тәсілдері;

білдіртпей біріктіру амалдары;

декоративтік тігістерді, мережкаларды орындау тәсілдері;

күрделі емес көлемді мүсінді формаларды жасау кезінде операциялардың жүйелілігі

;

қолданылатын құралдармен жұмыс істеу қағидалары.

Параграф 12. Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

736. Жұмыс сипаттамасы:

авторлық нұсқада орындау құқығы бар көркем бұйымдардың үлгілері бойынша ұлттық киімдегі қуыршақтарды, декоративтік панно, декоративтік алқаларды және өзге де мүсінді формаларды жасау.

737. Білуге тиіс:

өрудің, біріктірудің әр түрлі тәсілдері;

өңдеудің декоративтік тәсілдері – тігістер, кестелер, мережкалар;

кішкене талшықпен, декор ретінде қолданылатын өзге де материалдармен жұмыс істеу амалдары;

қолданылатын құралдармен, жабдықтармен жұмыс істеу қағидалары.

Параграф 13. Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы, 6-разряд

738. Жұмыс сипаттамасы:

өзінің технологиялық шешімі бойынша жоғары көркемдік техникада орындаумен авторлық туындыларды, көрмелік, бірегей көлемді мүсінді пластика үлгілерін, декоративтік панно, өзге де күрделі бұйымдарды жасау.

739. Білуге тиіс:

ұлттық костюмнің негізгі композициялары, өңдеу элементтері;
әртүрлі біріктірілген бөлшектерді жасау жүйелілігі, зығыр жіптерінен, кішкене талшықтардан өрудің көп түрлі амалдары;
қолданылатын құралдармен, жабдықтармен жұмыс істеу қағидалары;
халық көркем қолөнерін дамытудағы негізгі бағыттар.

Параграф 14. Көркем әшекейленген матадан бұйымдар жасаушы, 3-разряд

740. Жұмыс сипаттамасы:

матадан байлау батигі техникасымен екі, үш түсті орамал, шарф, майлық және өзге де ұсақ көркем бұйымдарды жасау;
бұйымдарды булау процесін жүргізу;
дайын бұйымдарды үтіктеу;
бояу ерітіндісін дайындау.

741. Білуге тиіс:

байлау батигі техникасымен матаға сурет салу тәсілдері;
матаны өңдеу түрлері;
қолданылатын бояулардың қасиеттері;
бояу кезіндегі матаның кінәраттары, пайда болу себептері мен олардың алдын алу тәсілдері;
мата мен бояулардың түрлері бойынша булау режимі;
кәсіпшіліктің көркем дәстүрлері.

Параграф 15. Көркем әшекейленген матадан бұйымдар жасаушы, 4-разряд

742. Жұмыс сипаттамасы:

матадан байлау батигі техникасымен төрт, бес түсті орамал, шарф, майлық, перде, төсек жапқыш және өзге де ұсақ көркем-декоративтік бұйымдарды жасау және төрт және одан да көп түсті бұйымдарды суреттерді манерамен ойып салу техникасымен жасау;

шектеулі түс гаммасында (төрт түске дейін) ұлттық бас орамалдарды, сондай-ақ интерьерге арналған көлемі үлкен бұйымдарды жасау;

бұйымдарды ыстық немесе салқын батик және еркін әшекейлеу (екі-үш бояумен) жасау;

ағаш манераларды (матрицаларды) жасау.

743. Білуге тиіс:

матаға суреттерді манерамен ойып салу техникасымен салу тәсілдері;
манераларды (матрицаларды) жасаудың әдіс-тәсілдері;
матаға ыстық балауыз жағу тәсілдері;
матаны әшекейлеудегі ұлттық дәстүр.

Параграф 16. Көркем әшекейленген матадан бұйымдар жасаушы, 5-разряд

744. Жұмыс сипаттамасы:

бес түстен астам көркем-декоративтік бұйымдарды байлау батигі техникасымен жасау;

шектеулі түс гаммасында (төрт және одан көп түсті) ұлттық бас орамалдарды, сондай-ақ интерьерге арналған көлемі үлкен бұйымдарды жасау;

көп түсті өрнекті және тематикалық (төрт және одан көп түс) композицияларды ыстық немесе салқын батик және еркін әшекейлеу (екі-үш бояумен) жасау.

745. Білуге тиіс:

композициядағы суреттің бояулары мен сурет формасының сәйкестігі;

халықтық өнердің дамуының негізгі бағыттары.

Параграф 17. Көркем әшекейленген матадан бұйымдар жасаушы, 6-разряд

746. Жұмыс сипаттамасы:

эксперименталдық көркем панноны, декоративтік және театрлық пердені, интерьерге арналған арнайы тапсырыстарды өрнекті және тақырыптық композицияларды пайдалана отырып матаны әшекейлеу техникасының әр түрлі түрлерімен жасау.

747. Білуге тиіс:

матаны әшекейлеу техникасының әртүрлі түрлері;

кескіндемес мен сурет композициясының негіздері.

Параграф 18. Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы, 2-разряд

748. Жұмыс сипаттамасы:

кішкене сабан талының сабағын бастапқы өңдеу, жапырақтардың түйіндерін (майысқандарын) алып тастау;

кішкене сабан талының сабақтарын ұзындығы мен қалыңдығы бойынша сұрыптау, оларды сақтауға ыңғайлы етіп, кішкене буда ғып байлау;

кішкене сабан талын булау, ағарту және бояу.

749. Білуге тиіс:

кішкене сабан талының сабақтарын бастапқы өңдеу;

кішкене сабан талды өңдеу амалдары және оны сақтау тәсілдері.

Параграф 19. Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

750. Жұмыс сипаттамасы:

көркем бұйымдардың үлгілері бойынша қолмен өру тәсілі арқылы кішкене сабан талынан немесе сабан өрмеден кішкене пішіндер, құрсаулар, гүлдер, себеттер, кәмпит салғыштар және өзге де күрделі емес декоративтік мақсаттағы конструктивтік формалар жасау.

751. Білуге тиіс:

- 1) шикізаттың қасиеті;
- 2) өрудің негізгі амалдары.

Параграф 20. Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

752. Жұмыс сипаттамасы:

бөлшектерді білдіртпей біріктіріп өрудің көп түрлі тәсілімен қолмен декоративтік мақсаттағы күрделендірілген конструктивтік формаларды кішкене сабан талынан, сабақтарынан жасау.

753. Білуге тиіс:

көркемдік бұйымдарды жасаудың әртүрлі технологиялық амалдары;
кішкене сабан талдардың бөлшектерін бір-бірімен білдіртпей біріктірудің амалдары

;

материалдарды технологиялық өңдеу және жұмысқа дайындау (ағарту, бояу, сақтау, кішкене сабан талдарын ажырату, тегістеу);

қолданылатын құралдар мен жабдықтарды пайдалану қағидалары.

Параграф 21. Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

754. Жұмыс сипаттамасы:

шығармашылық түрлендіру құқығымен көркем бұйымдар үлгілері бойынша кішкене сабан талдардан қуыршақтар, құстар, аңдар, қобдишалар, нан салғыштар, кепкен нан салғыштар, вазалар және өзге де күрделі конструктивтік формалар жасау.

755. Білуге тиіс:

өрудің түрлі тәсілдері;

қуыршақтар, құстар, аңдар мен өзге де көлемді мүсінді формалар жасаған кездегі операциялардың жүйелілігі;

қолданылатын құралдар мен жабдықтарды пайдалану қағидалары.

Параграф 22. Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы, 6-разряд

756. Жұмыс сипаттамасы:

кішкене сабан талынан аса күрделі, бірегей көркем бұйымдар жасау;

кейінен шығармашылық түрлендіру мүмкіндігін ескере отырып, авторлық туындылар (қуыршақтар, құстар, аңдар, тақырыптық композициялар, декоративтік

панно, нан салғыштар, тасығыштар, кепкен нан салғыштар, қобдишалар, қалпақтар) жасау.

757. Білуге тиіс:

көлемді мүсінді формаларды өрудің және жасаудың түрлі тәсілдері;
кішкене сабан талдарды өңдеу және бояу тәсілдері;
халық көркем қолөнерін дамытудағы негізгі бағыттар.

Параграф 23. Қабықтан көркем бұйымдарды жасаушы, 3-разряд

758. Жұмыс сипаттамасы:

қабықтан жасалған қарапайым және күрделігі орташа тік бұрышты формалы, қарапайым және күрделігі орташа геометриялық немесе өзге де өрнекті, қабығының реңкі әр түрлі, сондай-ақ картон, фанера, ағаш, сабан және өзге де қосымша материалдарды пайдалан отырып көркем бұйымдарды қолмен;

қабықты таңдау және алу, тоздан, мүктен, шордан тазарту, түзету және кептіру;

қабықты қаттау және сақтау;

қабықты жазу;

қабықтан қарапайым және күрделігі орташа сюжетті-өрнекті суреттерді қашау және жергілікті дәстүр мен кәсіпшілікке тән өрнекті композицияны жасау.

759. Білуге тиіс:

қабықты алу және тазарту мерзімі мен қағидалары;

қабықтың сапасы жағынан жарамдылығы және оны сақтау қағидалары;

қабықты қолмен қашау тәсілдері;

кәсіпшіліктің жергілікті көркемдік дәстүрлері;

сурет композициясының негіздері және өрнекті композициялардың құрылу заңдары

;

колданыстағы құралдардың мақсаты;

оны қайрау және түзету тәсілдері.

Параграф 24. Қабықтан көркем бұйымдарды жасаушы, 4-разряд

760. Жұмыс сипаттамасы:

қабықтан доғал, цилиндр көркем бұйымдарды, күрделі сюжетті-өрнекті суреттерді дәстүрлі халықтық өрнек элементтерін енгізе отырып жасау;

қабықтан өру;

қабықта күрделі сюжетті-өрнекті композицияларды қарапайым сурет элементтерін енгізе отырып ою және өрнектеу.

761. Білуге тиіс:

қабықтан жасалған бұйымдарды өру және декорациялау тәсілдері;

күрделі сюжетті-өрнекті композициялардың құрылу заңдары;

қабықтан бұйым жасаудағы халықтық дәстүрлер.

Параграф 25. Қабықтан көркем бұйымдарды жасаушы, 5-разряд

762. Жұмыс сипаттамасы:

қабықтан аса күрделі және бірегей көркем бұйымдарды қолмен жасау;

қабықтан аса күрделі сюжеттік-өрнекті композицияларды адамның, аң-құстың бейнесін және әр түрлі сәулет мотивтерін енгізе отырып ою және өрнектеу; күрделі өрімдерді пайдалану.

763. Білуге тиіс:

қабықты ою тәсілдері;

қолданылатын материалдардың қасиеттері;

аса күрделі сюжеттік-өрнекті композициялардың құрылу заңдары;

халықтық өнердің дамытудың негізгі бағыттары.

Параграф 26. Қыштан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

764. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым формалы, бойына қарапайым өңделген халықтық көркемдік дәстүрлер мен заманауи талаптарды жинақтаған көркем қыш бұйымдарды жасау; бұйымдарды жасау.

765. Білуге тиіс:

соғу тәсілдері;

қолданылатын материалдардың қасиеттері;

кұралдар мен құрылғылардың мақсаты;

саз-балшықты термоөңдеу режимі;

кәсіпшіліктің жергілікті көркем дәстүрлері.

Параграф 27. Қыштан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

766. Жұмыс сипаттамасы:

күрделігі орташа көркем қыш бұйымдарды жасау, бұйымдарды көп тонды глазурьмен өңдеу;

қарапайым және күрделігі орташа мүсін бұйымдарын соғу.

767. Білуге тиіс:

бұйымдарды бояу қағидалары және форманың суретпен сәйкестігі;

көркем әшекейлеу тәсілдері;

қыш бояудың қасиеттері;

күйдіру процессінде глазурь түсінің өзгеруі;

мүсін бұйымдарының құрылу негіздері.

Параграф 28. Қыштан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

768. Жұмыс сипаттамасы:

формасы мен өңделуі күрделі, ерекше, жеке және халықтық дәстүр негізінде орындалған көркем қыш бұйымдарды жасау;

күрделі мүсін бұйымдарын соғу;

бұйымдарды "латгаль қышы" технологиясы бойынша жасау;

глазурьдің үстінен және астынан әшекейлеу.

769. Білуге тиіс:

"латгаль" қыш технологиясы;

глазурьді жағу тәсілдері және рецептурасы, әр түрлі реңктер алу тәсілдері;

декор түрлері;

саз-балшықтың минерологиялық құрамына байланысты бұйымдарды термоөңдеу режимі;

қыштан жасалған бұйымдарды жасаудағы халықтық дәстүрлер.

Параграф 29. Қыштан көркем бұйымдар жасаушы, 6-разряд

770. Жұмыс сипаттамасы:

көркемдігі жоғары, аса күрделі және бірегей, минерологиялық құрамына әр түрлі саз балшықтан жасалған декоры ерекше, сондай-ақ өзге де материалдармен құрамдалған қыш бұйымдарды жасау;

аса күрделі мүсін бұйымдарын соғу.

771. Білуге тиіс:

қыш бұйымдарды жасаудың барлық тәсілдері;

глазурьдің барлық түрлері мен оларды бұйымдарға жағу тәсілдері;

халықтық өнердің дамуының негізгі бағыттары.

Параграф 30. Матаға сурет салатын суретші, 3-разряд

772. Жұмыс сипаттамасы:

орамалдардың, шарфтардың, дастарханның, майлықтың, көйлектердің матасына күрделігі орташа шығармашылық дайындамалар бойынша, салқын батика және тораптарды байлау техникасын пайдалана отырып көркемдік сурет салу;

дайын бояулардан түс ерітіндісін (2, 3 түс) жасау.

773. Білуге тиіс:

салқын батика және тораптарды байлау техникасын пайдалана отырып сурет салу тәсілдері;

бояулардың түс үйлесімділігі және оларды сурет салуда пайдалану;

матаға сурет салған кездегі ақаулықтардың пайда болу себептері олардың алдын алу және жою тәсілдері;

бояулардың әр түрі сыныптары: тік, куб тәрізді және кубозол (мақта-маталар үшін), белсенді (мақта-мата және жібек маталар үшін), қышқыл (жасанды маталар үшін).

Параграф 31. Матаға сурет салатын суретші, 4-разряд

774. Жұмыс сипаттамасы:

матаның пішіміне, палантинға, панноға композициясында көп түсті күрделі көркем суреті бар өрнекті еркін сурет салу және ыстық батика техникасын пайдалана отырып салу.

775. Білуге тиіс:

еркін сурет салу техникасында декоративтік әсер жасау әдістері;

матаға ыстық балауыз жазу тәсілдері;

матаға сурет салудың ұлттық дәстүрлері пайдаланылған эскиздердің композициялық құрылымы.

Параграф 32. Матаға сурет салатын суретші, 5-разряд

776. Жұмыс сипаттамасы:

киімді, интерьерді техниканың әр түрлі түрлерін пайдалана отырып, өзіндік шығармашылық композиция бойынша әшекейлеу үшін өте күрделі бұйымдардың матасына көркем сурет салу;

халықтық дәстүр негізінде орындалған бұйымдарға сурет салу.

777. Білуге тиіс:

көркем сурет салуда қолданылатын техниканың барлық түрлерін біріктіру тәсілдері; композицияға арналған күрделі колористік шешім жасау;

тоқыма бұйымдарды әшекейлеу саласында сән үлгісі бағытының заманауи тенденциялары.

Параграф 33. Матаға сурет салатын суретші, 6 разряд

778. Жұмыс сипаттамасы:

техниканың әр түрлі түрлерімен сынақ бұйымдарға, ширмаға, декоративтік және театр пердесіне, киім ансамбльдеріне ою-өрнек және сюжетті-тақырыптық композицияларды пайдалана отырып көркем сурет салу.

779. Білуге тиіс:

көркем сурет салу техникасының әртүрлі түрлері;

оларды біріктіру және пайдалану тәсілдері;

композиция құру үшін ою-өрнек материалын пайдаланудың қайнар көздері мен стильдік ерекшеліктері;

бояулардың сыныптамасы және сурет салу кезінде олардың матаға технологиялық сәйкестігі;

киімнің ою-өрнек пішімінің сәйкестігі.

Параграф 34. Матаға сурет салатын суретші, 7-разряд

780. Жұмыс сипаттамасы:

матаны, коллекциялық бұйымдардың (киім, орамал, интерьерге арналған бұйымдар) ансамбльдерін әшекейлеудің техникасы мен декоративтік әсерлерінің әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, өзіндік шығармашылық композициялар мен колористік дайындамалар бойынша эксклюзивті бұйымдарға көркем сурет салу.

781. Білуге тиіс:

көркем сурет салынған бұйымның заманауи ресімдеу бағыттары;

айрықша коллекцияларды құрудың принциптері;

аяқталған дизайнның тәсілдері мен әдістері.

Параграф 35. Металдан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

782. Жұмыс сипаттамасы:

кәсіпшіліктің жергілікті дәстүріне тән металдан жасалған қарапайым көркем бұйымдарды жасау;

зергерлік кішкене арамен аралау, егеумен өңдеу, қырнау, тегістеу, жылтырату;

қарапайым төмен және жоғары температуралы дәнекерлеу;

металды химиялық өңдеу (қышқылмен өңдеу) және зеңдеу;

қажетті құралдар мен құрылғыларды жасау;

бұйымдарда халықтың дәстүрлерді, ою-өрнектер мен формаларды бейнелеу;

халықтық кәсіпшілік бұйымдарының көшірмесін алу.

783. Білуге тиіс:

қолданылатын металдар мен олардың балқымасының қасиеттері мен өңдеу қағидалары;

қарапайым геометриялық формалардың арақатынасы (пропорциялары) мен есебі туралын негізгі түсініктер;

композиция негіздері;

металдан бұйым жасау кезіндегі халықтық дәстүрлер.

Параграф 36. Металдан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

784. Жұмыс сипаттамасы:

металдан жасалған күрделігі орташа көркем бұйымдарды жасау;
металды жанышқышпен, бейін-жанышқышпен өңдеу;
металды термоөңдеу;
бұйымдарды дәнекерлеу және қосып дәнекерлеу;
бедерлеу;
бұйымдарды гальваникалық қаптау;
бұйымдардың екі жағын екі түрлі түске дейін қаптау;
бұйымдарды қарапайым бекіту, штифтілеу, бұранда қоспалар тәсілімен монтаждау.
785. Білуге тиіс:
металл мен балқымаларды өңдеудің әртүрлі түрлерінің технологиясы;
дәнекер мен флюстердің рецептурасы;
заманауи көркемдік-эстетикалық талаптар.

Параграф 37. Металдан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

786. Жұмыс сипаттамасы:

металдан жасалған күрделі көркем бұйымдарды жеке композициялар бойынша жасау;

металды химиялық-термиялық өңдеу, дәнекерлеу және ұсталық жұмыстарды орындау;

қарапайым композицияларды оюлау;

терең тарту;

бұйымдарды екі түсті эмальмен қаптау;

бұйымдарды күрделі бекіту, шпон қоспалар тәсілімен монтаждау;

бұйым жасауда металл мен өзге де материалдарды біріктіру;

интерьерге арналған тапсырыстарды орындау.

787. Білуге тиіс:

құюға арналған үлгілерді жасау тәсілдері;

қолданылатын материалдардың рецептурасы, химиялық және физикалық қасиеттері

;

бұйымдарда ритм, форма, ою-өрнеу, түстің және өзге де элементтердің бірігуі.

Параграф 38. Металдан көркем бұйымдар жасаушы, 6-разряд

788. Жұмыс сипаттамасы:

түсті металдан бірегей көркем бұйымдарды өңдеудің әр түрлі тәсілдерімен жасау;

күрделі композицияларды оюлау;

әр түрлі қырлы тастарды бекіту.

789. Білуге тиіс:

түсті металды көркем өңдеудің ерекшеліктері;

тастарды қырлау түрлері мен тәсілдері;
зергерлік құралдармен жұмыс жүргізу тәсілдері;
халықтық өнерді дамытудың негізгі бағыттары.

Параграф 39. Шыбықтан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

790. Жұмыс сипаттамасы:

декоративтік және пайдалану мақсатында шыбықтан дөңгелек формалы күрделі емес құрылымды, өрімі қарапайым және күрделігі орташа көркем бұйымдарды формалар мен декоративтік элементтердің дұрыс үйлесімі мен сәйкестігін сақтай отырып жасау;

материалды дайындау, түсі, ұзындығы мен ені бойынша өңдеу және таңдау;
шыбықты ажырату және лента (тарамдар) жасау.

791. Білуге тиіс:

шикізат дайындау кезеңдері;

қабықты алу, кептіру, сұрыптау және шикізатты өзгеше өңдеу қағидалары;

өрімнің негізгі тәсілдері;

бұйымдардың қарапайым түрлері мен декоративтік элементтерді жасау тәсілдері;

бұйымдардың функционалдық және декоративтік мақсаты;

қолданылатын құралдар, құрылғылар, оларды жасаудың қағидалары мен тәсілдері;

шыбықтар мен олардан өрілген элементтердің бұйым формасымен сәйкестігі;

бекіту тәсілдері.

Параграф 40. Шыбықтан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

792. Жұмыс сипаттамасы:

өрімнің күрделі тәсілдерімен шыбықтан терең көркем бұйымдарды өру;

бұйымдарды қышпен, ағашпен және өзге де материалдармен бірлікте декоративтік элементтерден өру.

793. Білуге тиіс:

күрделі силуэтты терең бұйымдарды өру тәсілдері;

бұйымдарды өру қағидалары;

өзге материалдардан жасалған бөлшектері бар өрілген элементтерді біріктіру қағидалары, шыбықтан бұйым жасаудағы халықтық дәстүрлер.

Параграф 41. Шыбықтан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

794. Жұмыс сипаттамасы:

өрімнің аса күрделі тәсілдерін пайдалана отырып, шыбықтан терең көркем бұйымдарды өру;

жиһаз өру.

795. Білуге тиіс:

өрімнің әртүрлі түрлері, бұйым формасының айшықты өрімнің қосымшасымен арақатынасы;

композицияда ритм пайдалану;

әр түрлі материалдардың формасы, фактурасы мен үндестігі бойынша сәйкестігі.

Параграф 42. Шыбықтан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

796. Жұмыс сипаттамасы:

жаңа технологияларды пайдалана отырып, шыбықтан нысаны мен өңдеуі жағынан күрделі бұйымдарды өру;

өз дайындамалары бойынша жаңа түйіндердің түрлерін өру;

суретшінің эскиздері бойынша бірегей, көрмелік және күрделі икемді бұйымдар жасау;

өздігінен бұйымдардың жаңа түрлері мен өрудің жаңа үлгілерін, бұйымдардың әшекейлеу нұсқаларын әзірлеу.

797. Білуге тиіс:

өрімнің әр түрлі түрлері мен техникасы;

бұйымдарда ритм, әшекейлер мен түстердің бірігу принциптері;

әртүрлі материалдардың формасы, фактурасы мен үндестігі бойынша сәйкестігі;

халық қолөнерін дамытудың негізгі бағыттары;

шикізатты дайындау және жақсарту технологиясы.

Параграф 43. Янтарьдан көркем бұйымдар жасаушы, 3-разряд

798. Жұмыс сипаттамасы:

шикізат формасының оптикалық-механикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, янтарьдан жеке композиция бойынша қарапайым көркем бұйымдар жасау;

янтарьды бұрғылау және ұңғылау;

бұйымның элементтерін желімдеу;

бұйымның янтарь және металл элементтерінің тиісті пропорциясын алу үшін тиісті металды іріктеу;

бұйымның металл бөліктерін крацтеу, тегістеу, химиялық өңдеу;

бұйымның элементтерін қарапайым еркін, құрсаулы, қатты және өзге де қоспаларын құрастыру;

бұйымдарды жылтырату және лактау.

799. Білуге тиіс:

янтарьды, түсті металдар мен олардың балқымаларының негізгі түрлері мен оларды өңдеу тәсілдері;

табиғи янтарьдың қасиеттері мен сапасы;
жылтырату пасталарының рецептурасы;
қышқыл, оксид, желім және өзге де қолданылатын материалдардың қасиеттері;
көркем композиция негіздері.

Параграф 44. Янтарьдан көркем бұйымдар жасаушы, 4-разряд

800. Жұмыс сипаттамасы:

янтарьдан жеке композиция бойынша күрделігі орташа көркем бұйымдар мен халықтық дәстүрлі янтарьдан жасалған әшекей бұйымдардың көшірмелерін жасау;

янтарьға аяқталған сипат беру мақсатында оны шыңдау, аралау, тегістеу;

бұйымның металл бөлігін дәнекерлеп және өзге де әртүрлі қосылыстардың көмегімен біріктіру.

801. Білуге тиіс:

қолданылатын түсті металдар мен балқымалардың қасиеттері мен сапасы;

янтарьға құрсау жасау қағидалары;

дәнекерленген бұйымдарды дәнекерлеу және өңдеу негіздері;

құралдарды қайрау және оларды пайдалану қағидалары.

Параграф 45. Янтарьдан көркем бұйымдар жасаушы, 5-разряд

802. Жұмыс сипаттамасы:

жеке композициясы бойынша янтарьдан бөлшектері мен ішкі ойықтары бар күрделі айшықты-өрнекті көркем бұйымдарды қабықтың формасының, түсінің, мөлдірлігінің әр түрлілігін, декоративтігін ескере отырып жасау;

күрделі композициялы бұйымдарды халықтық дәстүрде жасау;

әр түрлі формалы бұйымдарға өрнектер салу және жабыстыру;

бұйымның металл бетіне жапсырма өрнекті дәнекерлеу;

айшықты-өрнекті әшекейленген янтарьдан жасалған бұйымдарды монтаждау және құрастыру.

803. Білуге тиіс:

өрнектеу жұмыстардың түрлері;

өрнектелген бұйымдарды жасау жөніндегі операциялардың тәсілдері мен кезектілігі

;

дәнекерлер мен желімнің рецептурасы;

металды кертү, ию, бұрау, дәнекерлеу және химиялық өңдеу тәсілдері;

янтарьдан бұйым жасаудағы халықтық дәстүрлер.

Параграф 46. Янтарьдан көркем бұйымдар жасаушы, 6-разряд

804. Жұмыс сипаттамасы:

аса күрделі композициялы янтарьдан бірегей көркем бұйымдарды халықтық дәстүрде және көрме үлгісінде жасау;

күрделі формалы жоғары сапалы янтарь бұйымдарды станокта және қолмен жиектеу, жылтырату және жалтырату;

бұйымның металл элементтерін керту, ию, бұрау, бедерлеу, күйю;

металл элементтерін айқын ету үшін оларды күрделі химиялық өңдеу;

бұйымдарды штифтiлеу, қысу, орау және өзге де бекіту тәсілдерін пайдалана отырып монтаждау және құрастыру.

805. Білуге тиіс:

янтарьды, түсті металдар мен балқымаларды өңдеу түрлері;

янтарь мен металды өңдеу кезіндегі операциялардың тәсілдері мен кезектілігі;

янтарьды қырлау формасы мен түрлері;

халықтық өнерді дамытудың негізгі бағыттары.

13-тарау. Янтарьдан жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

Параграф 1. Янтарь жасаушы, 2-разряд

806. Жұмыс сипаттамасы:

табиғи янтарь мен нығыздалған янтарьдың қалдықтарын металл пышақпен сыртқы бетіндегі қабық толық алынғанға дейін қолмен ысу;

янтарь кесектерінің сыртқы қабатын және янтарьді нығыздауға арналған қоспалардан қолмен аршу;

қапталған янтарь мен янтарь қалдықтарын фарфор астауда сода ерітіндісімен жуу;

янтарь мен қалдықтарын электр пештерінде кептіру;

пешті жұмысқа дайындау.

807. Білуге тиіс:

табиғи янтарьдың қасиеттері;

қолданылатын құрал;

янтарь мен қалдықтарын кептіру технологиясы;

электр пешінің құрылысы мен кептірудің температуралық режимі;

янтарьды арту және түсіру қағидалары.

Параграф 2. Янтарь жасаушы, 3-разряд

808. Жұмыс сипаттамасы:

янтарь бұйымдарын жасау үшін әр түрлі өлшемді және әр түрлі қалыпты янтарь дайындамаларын ысу;

тік бұрышты және төртбұрышты дайындамаларға арнап табиғи және нығыздалған янтарь кесектерін дискілі және таспалы арамен аралау;

дайындамаларда өтпелі және бітеу саңылалы сызбалар мен шаблондар бойынша бұрғылау.

809. Білуге тиіс:

тік бұрышты және төртбұрышты янтарь дайындамаларын ысу тәсілдері;

дискілі және таспалы араның және бұрғылау станогының құрылысы мен оларды пайдалану қағидалары;

янтарьдың сорттылығы және жартылай дайын өнімдерге қойылатын техникалық талаптары;

янтарьды тиімді пайдалану тәсілдері.

Параграф 3. Янтарь жасаушы, 4-разряд

810. Жұмыс сипаттамасы:

көркем бұйымдарды өңдеу және жасау үшін табиғи янтарьды дайындау;

янтарьды дөңгелек, конус тәрізді және өзге де күрделі формалы дайындамаларды жасау үшін циркуляр және таспалы арамен эталон үлгі бойынша, шаблондар мен сызбалар бойынша аралау;

жабдықты баптау.

811. Білуге тиіс:

янтарьды күрделі пішінді дайындамаға аралау тәсілдері;

циркуляр және таспалы араны баптау, қайрау қағидалары;

сыртқы түрі бойынша янтарьдің түсін, құрылымын, қаттылығын анықтау.

Параграф 4. Янтарьдан жасалған бұйымдарды құрастырушы, 3-разряд

812. Жұмыс сипаттамасы:

янтарьдан жасалған қарапайым және күрделігі орташа көркем бұйымдарды құрастыру;

бұйымдарды құрастыру үшін янтарь дайындамаларды көлемі мен түсі бойынша жинақтау.

813. Білуге тиіс:

бөлшектерді түсі мен көлемі бойынша іріктеу қағидалары;

түсті симметриялы кезектестіру, табиғи және нығыздалған янтарьдың қасиеттері;

бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар, қолданылатын құралдар.

814. Жұмыс үлгілері:

түйреуіш, сақина, әйкел, мүштіктер – құрастыру.

Параграф 5. Янтарьдан жасалған бұйымдарды құрастырушы, 4-разряд

815. Жұмыс сипаттамасы:

янтарьдан жасалған күрделі және өте күрделі көркем бұйымдарды құрастыру;
янтарьдан жасалған күрделі және өте күрделі көркем бұйымдарды құлпын бекіте отырып, металл бөлшектерге монтаждау саңылау бұрғылау.

816. Білуге тиіс:

бір немесе бірнеше түсті бөлшектерді таңдай отырып бұрғылау тәсілдері;
құлпын бекіту тәсілдері.

817. Жұмыс үлгілері:

білезік, алқа, әшекей – құрастыру.

Параграф 6. Янтарьдан жасалған бұйымдарды өңдеуші, 3-разряд

818. Жұмыс сипаттамасы:

янтарь қабығы қалған янтарьдан жасалған қарапайым көркем бұйымдарды станоктарда және қолмен шаблон, сызбалар, эталон үлгілер бойынша әртүрлі құрылғылар мен өлшеу құралдарын пайдалана отырып өңдеу;

станок пен құрылғыларды реттеу.

819. Білуге тиіс:

янтарьдан жасалған қарапайым көркем бұйымдарды станоктарда және қолмен өңдеудің әдістері мен тәсілдері;

қолданылатын жабдықтар мен құрылғылардың мақсаты;

қызмет ету және реттеу қағидаты;

қайрау қағидалары және оны пайдалану, өлшеу құралы.

820. Жұмыс үлгілері:

янтарьды зергерлік бұйымдарға орнату – өңдеу.

Параграф 7. Янтарьдан жасалған бұйымдарды өңдеуші, 4-разряд

821. Жұмыс сипаттамасы:

янтарь қабығы қалған янтарьдан жасалған күрделігі орташа көркем бұйымдарды станоктарда және қолмен шаблон, сызбалар, эталон үлгілер бойынша әртүрлі құрылғылар мен өлшеу құралдарын пайдалана отырып, янтарьдың формасы, мөлдірлігінің әртүрлілігі, қабығының бедері және өзге де оптикалық-физикалық қасиеттерінің әртүрлілігінің негізінде өңдеу;

станоктар мен олардың құрылғыларын ретке келтіру.

822. Білуге тиіс:

янтардан жасалған күрделігі орташа көркем бұйымдарды станоктарда және қолмен өңдеудің әдістері мен тәсілдері;

жасанды және табиғи янтардың қасиеттері мен сапасы;

янтардың оптикалық-физикалық қасиеттерінің, қолданылатын жабдықтар мен құрылғылардың құрылысы мен баптау қағидалары;

өңдеудің кез келген түріндегі янтардың беріктігі.

823. Жұмыс үлгілері:

алқа, мойынтұмар – бөлшектерді жасау және өңдеу.

Параграф 8. Янтардан жасалған бұйымдарды өңдеуші, 5-разряд

824. Жұмыс сипаттамасы:

янтардан жасалған күрделі және өте күрделі көркем бұйымдарды станоктарда және қолмен өңдеу;

янтардан күрделі көлемді және фигуралы, сондай-ақ көркемділігі жоғары, бірегей бұйымдарды дәлдігі жоғары бөлшектері мен ішкі ойықтары бар бұйымдарды жасау.

825. Білуге тиіс:

янтардан жасалған күрделі және өте күрделі көркем бұйымдарды өңдеудің әдіс-тәсілдері;

барлық түрлі және сортты янтардың ою-декоративті қасиеттері;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың кинематикалық схемасы.

826. Жұмыс үлгілері:

1) кәдесый ойыншықтар – жасау;

2) әшекей – өңдеу;

3) шахмат фигуралары – жасау.

Параграф 9. Янтарды қыздырушы, 3-разряд

827. Жұмыс сипаттамасы:

ұсақталған және ұнтақталған янтарды құндақ және электр пеште қыздыру; шикізатты пешке салу және шыныққаннан кейін оны алу.

828. Білуге тиіс:

табиғи янтардың қасиеттері мен сапасы;

шынықтырудың технологиясы мен температуралық режимі;

шынықтыру процессінде пешті майсыздандыру тәсілдері;

құндақ және электр пештерін пайдалану қағидалары.

Параграф 10. Янтарды қыздырушы, 4-разряд

829. Жұмыс сипаттамасы:

янтарьдан жасалған жартылай дайын өнімдер мен дайын өнімдерді құндақ және электр пеште шынықтыру;

шикізатты пешке салу және шыныққаннан кейін оны алу.

830. Білуге тиіс:

янтарьдан жасалған жартылай дайын өнімдер мен дайын өнімдерді шынықтырудың технологиясы мен температуралық режимі;

құндақ және электр пештерінің құрылысы.

Параграф 11. Янтарьды тегістеуші, 3-разряд

831. Жұмыс сипаттамасы:

әр түрлі формалы янтарьдан жасалған қарапайым және күрделігі орташа көркемдік және зергерлік бұйымдарды станокта және қолмен үлгілер мен сызбалар, суретшілердің эскиздері бойынша тегістеу, жылтырату, қырлау және жалтырату;

янтарьдың тілімін одан әрі қолдануға жарайтынын және ақаулық дефектін белгілеу; станокты реттеу.

832. Білуге тиіс:

янтарьды тегістеу, жылтырату, бұрғылау және жалтырату әдістері;

янтарь көркемдік бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар;

қызмет көрсетілетін станоктың, қолданылатын құралдардың әрекет ету қағидаты мен реттеу тәсілдері;

материалдар мен пасталар, әртүрлі және әр сортты янтарьдың физикалық және химиялық қасиеттері;

сызбаларды оқу.

833. Жұмыс үлгілері:

моншақ, тиектүймелер, сақиналар мен сырғалардың тастары, алқа – жылтырату, қырлау, жалтырату.

Параграф 12. Янтарьды тегістеуші, 4-разряд

834. Жұмыс сипаттамасы:

формасының, түсінің, мөлдірлігінің әртүрлілігіне және өзге де оптикалық-физикалық қасиеттеріне байланысты янтарьдан жасалған күрделі және өте күрделі көркемдік және зергерлік бұйымдарды станокта және қолмен тегістеу, жылтырату, қырлау және жалтырату;

станокты реттеу.

835. Білуге тиіс:

янтарьдың оптикалық-физикалық қасиеттері;

янтарь көркемдік бұйымдарға қойылатын техникалық талаптар;

сызбаларды оқу;

өлшеу құралдары және оларды пайдалану тәсілдері;
қызмет көрсетілетін станоктардың құрылысы мен оларды баптау қағидалары.
836. Жұмыс үлгілері:
білезіктер, алқалар, мүштіктер, әшекейлер – жылтырату, қырлау, жалтырату.

14-тарау. Мүсін туындысы мен сәулеттік соғу бөлшектері күрделілігінің сипаттамасы

837. Мүсін туындысы мен сәулеттік соғу бөлшектері күрделілігінің сипаттамасы (61-шығарылымы) БТБА-ға 1-қосымшада берілген.

15-тарау. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

838. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (61-шығарылымы) БТБА-ға 2-қосымшада көрсетілген.

Жұмыстар мен
жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай
тарифтік-біліктілік
анықтамалығына
(61-шығарылым)
1-қосымша

Мүсін туындысы мен сәулеттік соғу бөлшектері күрделілігінің сипаттамасы

Күрделілік белгілері

Мүсіндеу-техникалық жұмыстары күрделілігінің белгілері:

1) бастапқы төсемесімен саз-балшықпен үлкейту кезінде, қаңылтыр металдан ою кезінде – соғу сипаты – фактура, фигураның қалыбы, жекелеген бөлшектердің орналасуы, киімінің бүгілу тереңдігі, аксессуарлардың болуы, рельефтері - рельеф тереңдігі, суреттің айқындылығы, ішкі қабатының болуы;

2) бастапқы қалыптау кезінде – формаға қолжетімділік, бөлшектер конфигурациясы, саз-балшық пен каркасты алу мүмкіндігі;

3) таза қалыптау (кесек қалыпату) кезінде – салынатын кесектердің саны.

Жоғарыда аталған белгілердің негізінде материалда мүсін туындылары мен сәулет бөлшектерін техникалық орындау күрделілігі бойынша үш топқа бөлінеді:

күрделі емес, күрделі және өте күрделі.

I топтағы күрделілік белгілері

Күрделі емес туындыларға:

1) бет пішінің өзіне тән белгілері жоқ адамдардың портреттік, декоративтік, станоктық және монументалдық фигуралары, жалаңаш дене формалары жалпылама немесе бүкпелері жоқ киімдегі статикалық бейнелер;

2) бет пішінің өзіне тән белгілері жоқ, мұқият орындалған анатомиялық формасыз, шашы тегіс жатқызылған бюсттер;

3) рельефі аз ғана шығарылған, шағын айқындалған фигуралық және өрнекті барельеф пен горельефтер;

4) формалары жалпылама, статикалық күйдегі, фигурасының, жүнінің бөлшектері мұқият бейнеленбеген анималистикалық мүсін, қанаттары жеке-жеке көрсетілмеген құстың жалпылама фигурасы;

5) тегіс құмыралар мен жәшіктер;

6) тегіс сәулет әшекейлері, кескінделген розеткалар, өрнегі шағын айқындалған фризалар, құрғақ кептірмелер, тегіс бүршіктер, модульондар және тағы өзге жатады.

II топтағы күрделілік белгілері

Күрделі туындыларға:

1) бет пішінің өзіне тән белгілері айқын, жалаңаш немесе терең қатпарлары бар, көп шығыңқы аксессуарлары бар жеке тұрған немесе динамикалық кейіптегі топтас адамдардың портреттік, декоративтік, станоктық және монументалдық фигуралары;

2) бет пішінің өзіне тән белгілері айқын, шаш үлгісі күрделі, киімінің қатпарлары терең портреттік және декоративтік бюсттер;

3) суреті айқын бейнеленген, қатпарлары терең портреттік, фигуралық, декоративтік, өрнекті барельефтер мен горельефтер;

4) динамикалық күйдегі, фигурасының, жүнінің бөлшектері мұқият бейнеленген анималистикалық мүсін, қанаттары тарамдалған құстың фигурасы;

5) фигуралық-өрнекті құмыралар, суреті айқын бейнеленген және қатпарлары терең урнолар;

6) ою-өрнек көп салынған сәулет соқпасының, бөлшектері, фигуралар, капительдер, кронштейндер және тағы өзгелер жатады.

III топтағы күрделілік белгілері

Аса күрделі туындыларға:

1) бет пішінің өзіне тән күрделі белгілері айқын, жалаңаш немесе анатомиялық формалары мұқият бейнеленген фигура, күрделі өрнекті киімі бар жеке тұрған немесе динамикалық кейіптегі топтас адамдардың портреттік, декоративтік, станоктық және монументалдық фигуралары;

2) бет пішінің өзіне тән күрделі сипатты белгілері айқын, әжімдері бар, шаш толқындары терең, сақал-мұрты бар портреттік және декоративтік бюсттер;

3) нәзік бейнелі, ою-өрнекті, күрделі ұсақ қатпарлары бар портреттік, фигуралық, декоративтік, өрнекті (көлемді және көп фигуралы) барельефтер мен горельефтер;

4) күрделі динамикалық қалыптағы, дене мүшелері күрделі, жүні айқын бейнеленген жан-жануарлардың фигуралары;

5) қақпағы, тұтқасы мен күрделі тұғырлары бар барельефтік және горельефтік ою-өрнекпен толтырылған құмыралар мен ыдыстар;

б) сәулет туындыларының нәзік бейнелі бөлшектері жатады.

Жұмыстар мен жұмысшы
кәсіптерінің бірыңғай
тарифтік-біліктілік
анықтамалығына
(61-шығарылым)
2-қосымша

Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Р а з р я д диапазондары	Беті
Ағаштан, капо-тамырдан және қабықтан көркем бұйым жасау өндірісі			
1.	Ағаш және ағаш қабығын кесуші	2-6	82
2.	Ағаш күйдіруші	2-5	85
3.	Ағаштан және папье-машеден жасалған көркемөнер бұйымдарын өңдеуші	3-6	87
4.	Ағашқа көркем сурет салатын суретші	3-6	88
5.	Көркемөнер бұйымдарына арналған өсімдік материалдарын дайындаушы	3-4	91
6.	Ағаштан көркемөнер бұйымдарын фанерлеуші	4-5	92
7.	Ағаштан жасалған көркемөнер бұйымдарын сырлаушы	2	93
8.	Ағаш қабығынан жасалған бұйымдарды желімдеуші	2	93
9.	Ағаш қабығын пішуші	2	94
10.	Капо тамырды булаушы	4	94
11.	Хохлома суреті салынған бұйымдарды шыңдаушы	4	94
12.	Декоративтік ағаш жынысын сұрыптаушы	4	95
Зергерлік-филигран өндірісі			
13.	Білезік зергері	1-6	39
14.	Зергер	1-7	41
15.	Зергер бекітуші	1-6	50
16.	Зергер монтаждаушы	1-6	52
17.	Зергер оюшы	5-6	55
18.	Зергер филиграншы	2-6	56
19.	Зергер шынжыршы	3-6	59
20.	Зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайтушы	3-5	60
21.	Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бөлшектері мен материалдарын дайындаушы	2-4	61
22.	Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын жапсырушы	1-2	62

23.	Зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы	1-6	64
24.	Қарайтылған күміс дайындаушы	5	66
25.	Қарайтылған күмісті егеулеуші	3-5	66
26.	Модельдеуші зергер	7	50
27.	Тас іріктеуші	3-4	67
28.	Филигранды негіз жасаушы	3-4	68
29.	Эмаль бойынша көркем суретші	3-6	69
30.	Эмаль бойынша фотобаспашы	1-2	71
31.	Эмальдаушы	2-6	71
Көркем бұйымдар жасау өндірісі (жалпы кәсіптер)			
32.	Бағалы металдарды регенераторлаушы	2-3	4
33.	Дайындамалар мен көркемөнер бұйымдарын кептіруші	2-3	5
34.	Инкрустатор	3-6	6
35.	Көркем полотноның кенебі пен картонын сылаушы	1-5	8
36.	Көркемөнер бұйымдарын бақылаушы	2-5	10
37.	Көркемөнер бұйымдарын жылтыратушы	1-4	14
38.	Көркемөнер бұйымдарын құюшы	2-4	16
39.	Көркемөнер бұйымдарын лактаушы	1-4	18
40.	Көркемөнер бұйымдарын нақыштаушы	1-6	20
41.	Көркемөнер бұйымдарын өңдеуші	1-4	24
42.	Көркемөнер бұйымдарын парафиндеуші	2	26
43.	Көркемөнер бұйымдарына алтын жалатушы	2-6	27
44.	Күйдіруші	2-5	29
45.	Монета-орден өндірісінің бақылаушысы	3-5	31
46.	Пластикалық кейіпті көрсетуші	2-3	33
47.	Салттық қызмет көрсету жұмысшысы	2	34
48.	Сурет салатын көмірді күйдіруші	3	35
49.	Сылақ құрамын дайындаушы	3-4	35
50.	Трафаретші	2-3	36
51.	Тұрмыстық қызмет көрсету бюросының жұмысшысы	1	37
52.	Тығыздаушы	2-3	38
Қырлау өндірісі			
53.	Алмас аралаушы	3-5	96
54.	Алмас аршушы	3-6	97
55.	Алмас белгілеуші	5-6	100
56.	Алмас жарушы	5-6	101
57.	Алмас сұрыптаушы	4-6	102
58.	Алмасты гауһар етіп қырлаушылар	3-6	104
59.	Алмасты орнықтырушы	2	106
60.	Гауһарды және алмасты шаюшы	2	107
61.	Гауһарды сұрыптаушы	5-6	107
Металдан көркемөнер бұйымдарын өндіру			

62.	Көркемдеп күйо формалаушысы	2-6	73
63.	Металдан жасалған бұйымдарды желімдеуші	2-3	77
64.	Металл декоративтік көркем суретшісі	2-6	78
65.	Табак лактаушы	4	80
66.	Табак тегістеуші	3-4	81
Миниатюралы кескінделген папье-машеден жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі			
67.	Ағаш пен папье-машеден бұйым құрастырушы	2-4	116
68.	Картонды ораушы	3-4	118
69.	Миниатюралық кескіндеме суретшісі	3-4	119
70.	Папье-машені аралаушы	2-4	121
Мүсіндеу өндірісі			
71.	Зеңдеуші	1-6	136
72.	Мүсін өндірісіндегі мүсін соғушы	1-6	138
73.	Мүсін өндірісіндегі нақыштаушы	1-6	142
74.	Мүсін өндірісіндегі модельші	2-6	144
75.	Мүсін өнеріндегі қалыптаушы	2-6	147
Сүйек және мүйізден жасалатын көркем бұйымдар жасау өндірісі			
76.	Мүйіз бен сүйектен ою оюшы	2-6	123
77.	Мүйіз бен сүйекті аралаушы	3-4	125
78.	Мүйіз бен сүйекті сұрыптаушы	3	126
79.	Мүйіз жоңқасын ұнтақтаушы	2	127
80.	Мүйіз пластиналарын түзетуші	3	127
81.	Мүйіз ұнтағынан жасалған бұйымдарды нығыздаушы	3	128
82.	Сүйек пен мүйізден бұйым кесуші	2-3	128
83.	Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші	2-5	129
Тастан көркем бұйымдарын өндіру			
84.	Тас кесуші	2-6	109
85.	Тас токары	2-4	112
86.	Тастан жасалған бұйымдарды монтаждаушы	2-3	113
87.	Тасты аралап кесуші	2-4	114
88.	Тасты егеулеуші	2-3	116
Тері және былғарыдан көркем бұйымдар жасау өндірісі			
89.	Былғары бөлшектерді тегістеуші	3-4	152
90.	Былғары мен үлбірге кестеші	3-6	153
91.	Былғары мен үлбірден бұйымдар құрастырушы	2-6	154
92.	Былғары мен үлбірді пішуші	2-5	156
93.	Былғарыдан жасалған бұйымдарға сурет салушы	2-6	158
Халықтық қолөнер кәсіпшілігі бұйымдарын жасау өндірісі			
94.	Ағаштан көркем бұйымдарды жасаушы	3-6	161
95.	Былғарыдан жасалған көркем бұйымдарды жасаушы	3-6	164
96.	Зығыр талшығынан көркем бұйымдар жасаушы	2-6	165

97.	Көркем әшекейленген матадан бұйымдар жасаушы	3-6	167
98.	Кішкене сабан талынан көркем бұйымдар жасаушы	2-6	169
99.	Қабықтан көркем бұйымдарды жасаушы	3-5	171
100.	Қыштан көркем бұйымдар жасаушы	3-6	172
101.	Матаға сурет салатын суретші	3-7	173
102.	Металдан көркем бұйымдар жасаушы	3-6	175
103.	Шыбықтан көркем бұйымдар жасаушы	3-5	177
104.	Янтардан көркем бұйымдар жасаушы	3-6	179
Янтардан жасалған көркем бұйымдар жасау өндірісі			
105.	Янтарь жасаушы	2-4	131
106.	Янтардан жасалған бұйымдарды құрастырушы	3-4	132
107.	Янтардан жасалған бұйымдарды өңдеуші	3-5	134
108.	Янтарьды қыздырушы	3-4	134
109.	Янтарьды тегістеуші	3-4	135